

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАГАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**С.Қ. АЛТАЙБАЕВ
С.К. КҮМІСБЕКОВ**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ПО-дағы СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ
ЕТУ НЕГІЗДЕРІ**

Оку құралы

**ҚАРАГАНДЫ
2023**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ШІКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Бәрімбек Бейсенов атындағы Қараганды академиясы

С.Қ. АЛТАЙБАЕВ
С.К. КҮМІСБЕКОВ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері

Oқу құралы

Қараганды
2023

УДК 343.9 (075.8)

ББК 67.51 я73

А 46

Пікір жазғандар: Қазтұтынуодагы Қарағанды Университеті Жалпы заңдық және арнайы пәндер кафедрасының доценті, з.ғ.к.
Б. Б. Кощегулов;

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасының бастығы, PhD докторы, полиция полковнігі
T. С Салкебаев.

С.Қ. Алтайбаев, С.Қ. Күмісбеков

А46 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023. – 156 бет.

ISBN 9965-684-74-7

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері» атты құрастырылған оқу құралы ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің қылмыстық құқықтық және криминологиялық бағыттарын қарастыруға арналған. Оқу құралы теориялық сипатқа ие және ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырудың бағыты мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету аясында Қазақстан Республикасының негізгі заңдарымен курсанттарды таныстыруды сонымен қатар, біліктілік талаптарға сәйкес кәсіби қызмет ету үшін қажетті дағылар, шеберліктер және оларда білім жүйесін қалыптастыруды болжайды.

Оқу құралы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

УДК 343.9 (075.8)

ББК 67.51 я73

Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша басылды.

ISBN 9965-684-74-7

© ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023

© Алтайбаев С.Қ., Күмісбеков С.Қ., 2023

Кіріспе

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыйбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін проблемалармен сыйыспайтыны даусыз. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта күрулар сыйбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істейтін жүйесіз мүмкін емес.

Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сыват түсіретіні даусыз. Ұсынылып отырған тақырыптардың негізгі өзектілігі де осында.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудегі әлемдік тәжірибелі зерттей, талдай отырып, осы құбылысқа тән себептік-кешендік факторларды, оған қарсы қолданылатын халықаралық-құқықтық құралдарды қарастырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің даму тарихына тоқталамыз.

Оқу құралының мақсаты – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәселесіндегі халықаралық тәжірибелі саралап, айқындалап, сыйбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі заннаманың қоғамның дамуына қарай іс жүзінде жетілдіріп отыратынына көз жеткізу. Ол үшін мынадай міндеттерді қарастыру көзделеді:

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы мәселенің ғылыми-теориялық негіздерін шолу;

- сыйбайлас жемқорлықтың болмысын, түрлерін, негізгі белгілерін, ерекшеліктерін, субъектілерінен түсінік беру, сондай-ақ пайда болу себептерін тізбелеу;

- сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды себептік-кешендік факторларына қарай топтастырып, оларға сипаттама беріп, жіктеулерінен мағұлымат беру;

- әлем мемлекеттерінің сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу мәселесіндегі тәжірибесін зерделеу;

- дүниежүзілік қауымдастықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын халықаралық-құқықтық актілеріне шолу жасап, олардың әр мемлекеттің даму ерекшеліктеріне қарай қолданылуынан мәлімет беру.

7-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы

7.1 Сыбайлас жемқорлық түсінігі және оның белгілері

Сыбайлас жемқорлық (лат. *səzінен corruptio* – парага сатып алу, *corrumpere* — «куртылу») – мұлікті және мұліктік емес иғілдіктерді және кез-келген пішінде артықшылықтарды заңға қайшы алу үшін заң өкілдерімен өзінің қызметтік мәртебесін қасақана қолданумен айқындалатын саясат және мемлекеттік басқару саласында қоғамдық қауіпті құбылыс. Ұғым жинақталған және тәртіптікten қылмыстық-құқықтыққа дейін ең алуан түрлі құқық бұзушылықтарды анықтайды. **Сыбайлас жемқорлық** — орнатылған ережелерге (заңдылыққа) қайшы келетін жеке басты пайда көру максатымен лауазымдық тұлғамен өзінің билік құзіретін және оған сенілген құқықтарды қолдануды белгілейтін термин. Термин төрешілдік аппаратқа және саяси элитада қатысты жиі қолданылады. Макроэкономикалық және саяси экономикалық зерттеулерге сәйкес сыбайлас жемқорлық кез-келген түрлендірулерге қауіп төндіре алатын экономикалық өсу мен дамуға ең ірі бөгет болып табылады. Шенеунік қандай да бір шешімдерді қабылдау (немесе қабылдамау) есебінен оған тиесілі емес қорларды басқаруға мүмкіндігі бар болғандықтан мемлекеттік сыбайлас жемқорлық бар болады. Бұндай қорларға мыналар жатады: бюджеттік қаражаттар, мемлекеттік немесе жеке меншік, мемлекеттік тапсырыстар немесе женілдіктер және т.б. Бірақ шенеунікten тарату функцияларын тартып алса, онда барлық төрешілдік аппарат өзінің қызмет ету мағынасын жоғалтады. Мемлекеттік қызметкерлер сыбайлас жемқорлық субъектілер ретінде рөл атқарады, себебі оларға сараптасып жемқорлық қатынастардың пайда болуына әкелетін іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін және шешімдерді қабылдау үшін билік жүргізу өкілдіктерді иеленеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар әдетте тұрақты қылмыстық бірлестіктер қатысушыларымен жасалынады, олардың қызметтері қылмыстық бизнестен максималды табыс алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық аса жағымсыз әлеуметтік құбылыс болып табылады, ол қылмыстық әрекеттің масштабтылығы, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында

тұрақтылық және жүйелік секілді сипатты белгілерді иеленеді. Бүгін ол мемлекеттік билік жүргізу, мемлекеттік меншіктілік, бөлу каналдарына жақын болып тұрған субъектілердің корпоративті және топтық мұдделеріне негізделген.

Сыбайлас жемқорлық – бұл:

- а) мемлекеттік немесе басқа қызметтегі тұлға заңды және жеке тұлғаларға, топтарға (соның ішінде ұйымдастық қылмыстық құрамалар) лауазым беделі мен онымен байланысты мүмкіндіктерге негізделген, өзінің қызметтік уәкілдігін немесе қызметтерін заңсыз «сату» кезіндегі екі жақты мәміле, ал «сатып алушы» өзіндік мақсатында: баю, артықшылықтарды заңды рәсімдеу, заңмен қарастырылған жауапқа тартудан қашу, әлеуметтік бақылау және т.б. үшін мемлекеттік немесе басқа құрлымынды қолдану мүмкіндігін алады;
- б) қызметкерлермен пара, қосымша сыйакыны бопсалушылық;
- в) қызметкерлерге жиі қатты психологиялық ықпал етумен бірге бастамашы, белсенді парага сатып алу.

Соңғысы ұйымдастық қылмыстылық үшін тән.

Мысалы, АҚШ-та әрбір ұйымдастық қылмыстылық құрамада пара берушінің кем дегенде бір лауазымы тіркелген. Пара берушілер шенеуніктерді парага сатып алған және қорқытқан. Сонымен қатар АҚШ-тың бұрынғы президенті Р.Никсон 1969 ж. 23 сәуірде АҚШ конгресі жолдауында қылмыстық синдикат «біздің үкіметтік мекемелерді сыйбайластырады және біздің демократикалық үдерісті бұззады» деп атап айтқан. Сондай-ақ «құргақ зан» заманынан бастап, 20-30 жылдардағы белгілі гангстерлердің жеңіл қолынан Чарли Лючиано және Аль Капоне рэкетирлер, барлық қылмыстық табыстардың үштен бір бөлігі билік жүргізетін органдар мен әділеттілікті сатып алуға кету керек деген тәртіп орнатты. А.И. Долгова «Сыбайлас жемқорлықпен құресті, ұйымдастық қылмыскерлікке қарсы құреспен бірігіп жүргізу тиіс» деп айта кеткені әділ.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар алуан түрлі, қылмыстық-құқықтық, әкімшілдік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік сипатқа ие.

Әртүрлі мемлекеттердің криминалисттері осы мәселеге көз жазбай назар бөледі. Себебі, скандинавия зерттеушілері пікірі бойынша, сыбайлас жемқорлық – бұл «билик жүргізудің бұрманған түсінігі», «әртүрлі мемлекеттерде заң мазмұнына байланыссыз

ұятты әрекеттер». Алайда фин криминалистері атап өткендей, әрбір уға өзінің у қайтарғышы табылады. Мемлекеттік қызметкерлер, жаңа пішіндерге жауап ретінде осы нормаларды мүмкіндігінше либералдық түсінуге «әмір ететін» нұсқаулықтарды шығарады. Басқа сөзбен айтқанда бір билік жүргізетін құрлымдар екінші билік жүргізетін құрлымдар мүдделеріне қарсы әрекет етеді.

Осы мәселені талдай отырып, Сьюзан Роуз-Аккерман «Біріншіден мен мемлекет пен қоғам негіздерін тап сол мағынада қарастырамын, және өзіме шенеунік аппарат ортасында сыйбайлас жемқорлық үшін тұрткі қалайша пайда болады деген сұрақ қоямын. Мен сыйбайлас жемқорлық экономикалық тиімсіздікті және әділетсіздікті қалайша тудыратынын және ол материалдық ынталандыру мен сыйақының заңды сызбаларының жаман баламасы болып табылатынын көрсетемін. Реформалар пара алуға ынталарын төмендете алады және сыйбайлас жемқорлық тәртібі үшін тәуекелдерді жоғарлата алады. Реформалар мақсаты сыйбайлас жемқорлықты толығымен жою болмауы тиіс, бірақ мемлекеттік машинаның тиімділігін, адалдығын және легитимділігін масштабты жетілдіру. Сыйбайлас жемқорлықты толығымен жою мүмкін емес, бірақ оны ауыздықтауға және онымен келтірілетін зиянды азайту үшін амалдарды қолдануға болады» деп айта кетті.

Мысалы, КХР экономикалық қылмыстың төрт ең әдettі түрлерін бөліп шығаруға болады. Бұл біріншіден сыйбайлас жемқорлық танытулары (пара алу, өзінің қызметтік жағдайын қолдану жолымен мемлекеттік қаражаттарды заңсыз меншіктену) болып табылатын шаруашылық-лауазымдық қылмыстар. Бұл түрдің қылмыстары заңсыз мәмілелердің әртүрлі түрлерінен үстеме табыс алушмен де жиі сипатталады (мысалы, жылжымайтын мүлік пен жер участкілерін алғып-сатарлыққа қатысу). Екіншіден, экономикалық қылмыстар алаяқтық қиянат етушіліктің әртүрлі түрлері үшін нарықтық қызметінің айналысын жасыру және қолдануда біліне алады (жосықсыз бәсеке мен кәсіпкерліктің танытулары). Үшіншіден, бұл салық салу, кедендік ережелерді бұзу салаларындағы қылмыстар. Төртіншіден, есірткі бизнесі мен әйелдерді сексуалды пайдалану (оларды жезекшелікке тарту, притондарды ұстай) айналысушылықты құрайтын қылмыстар.

Бөлек авторлар, жалпы алғанда сыйбайлас жемқорлық – нарықтық қарым-қатынастарға өтуді жүзеге асыратын басым мемлекеттер үшін әдettі құбылыс болып табылатынын атап өтті.

Бірақ ол сөзсіз, тек қана дамып келе жатқан мемлекеттердің немесе үшінші әлем елдерінің мәселелері болып табылмайды.

Сыбайлас жемқорлық бейәлеуметтік құбылыс ретінде, әлеуметтік қарым-қатынастар субъектісінің бірі, қоғамның басқа мүшелеріне қарағанда еркіндік пен құқықты артық алған (немесе күшпен алған) мезеттен бастап пайда болды. Адамдар басқа адамдар үстінен үstemдіктің құрылымдалған және иерархиялық қатынас ретінде мемлекетті конституциялау, реттеуші-басқарушы төрешілдік аппараттың паралельді күрделенуі және ең бастысы, социумның мемлекеттік құрылымдарға деген үлкен тәуелділікке, бесінші билік ретінде ұйымдастын қылмыстың пайда болуына әкелген, мемлекеттің енүі үшін әлеуметтік кеңістіктің кеңеюі – осының бәрі сыбайлас жемқорлықты саяси-билік қарым-қатынастардың серігіне айналдырыды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік билік жүргізуін ажырамас ерекше белгісі болып санауга болады, ол оны теріс пайдаланбай өмір сүре алмайды.

Сыбайлас жемқорлық салдары инвестицияларды жасау үшін ынталандыруды төмендету жолымен экономикалық өсімді төмендетумен айқындалады (аймақтық, сонымен қатар шетел кәсіпкерлерден де); салық түсімдердің қысқаруы, мемлекеттік инфрақұрылымдың қызметтердің сапасының төмендеуі, дарынды адамдар өнімді қызмет орнына заңсыз табыс алууды іздеуге назарын аудару және мемлекеттік шығындар құрылымын бұрмалау (төменде талқыланады) жолымен экономикалық өсім қарқындылығын төмендетеді.

7.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің қүйі, деңгейі және динамикасы

Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы ежелгі кезеңнен бастау алады. Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье: «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан. Сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы құрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-дың Сегізінші Конгресінің хатшылығы

әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарың күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек). Осы құжатты талқылау нәтижесінде әлемдік қауымдастырыққа сыбайлас жемқорлықтың мынадай ерекшеліктері ұсынылды:

1. Осы ұғымның мағынасының сипатына қарай сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этикалық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдаланып, занды бұзғандығынан көрінеді.

2. Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды сыбайлас жемқорлық жолына итермелейтін субъектілердің қызмет шенберін шектеу. Бұған шенеуніктердің артықшылықтарды зансыз пайдаланғанын жатқызуға болады, осындай қызмет көрсететін субъектілердің шенберін жеке және занды тұлғалар толықтырылып отырады.

3. Өз қызмет жағдайын жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде занға қайшы сипатта пайдалану.

4. Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау;

- мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды зансыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.

1979 жылы БҰҰ-дың Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақаралық семинар (Гавана 1990 ж.) мынадай анықтаманы ұсынды: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мұддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын зансыз пайда алуға бағыттауы».

Енді бір анықтама 1999 жылғы «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» атты Еуропа Конвенциясында берілген, онда: «Сыбайлас жемқорлыққа – мемлекеттік, муниципалдық немесе өзге де қоғамдық қызметшілердің немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызметшілерінің өз мәртебесін кез келген мүлікті зансыз алуы, оны иемденуге құқықты болуы, қызметті немесе жеңілдікті пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғалардың осындай мүлікті, оны иемдену

құқығын басқа тұлғага беру, қызмет көрсету және жеңілдіктер ұсыну жатады.

Кейбір ғалымдардың пікірінше осы анықтама толық емес, себебі сыйбайлас жемқорлық құбылысы құқық ұғымының шенберінен әлдеқайда кең.

М.О. Нәүкенов: «Сыйбайлас жемқорлық» және «ұйымдастырылған қылмыс» ұғымдарын бір-бірімен байланыстыра қарауды ұсынады. Оның пікірінше, сыйбайлас жемқорлықты ұйымдастырылған қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланады, бұндай жағдайда қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанады, сондай-ақ ұйымдастырылған қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдаланады және саяси шешімдер қабылдауда ықпал жасайды.

А.С. Қалмұрзаев сыйбайлас жемқорлықты: «кез келген қызметкердің қызмет жағдайын пайдакунемдік мақсатында пайдалануы», - деп сипаттайды.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» Заңының 2-бабына сәйкес: «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыйбайлас жемқорлық деп ұғынылады».

Қазақстан Республикасының Президенті атап өткендей: «Сыйбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыйбайлас жемқорлық - (латын тілінен «corruption» - пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау деген мағынаны білдіреді) деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаган қылмысы.

Жоғарыда көлтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

- сыйбайлас жемқорлық құбылысының өзіне тән белгілері бар;
- сыйбайлас жемқорлық - бұл, ең алдымен, әлеуметтік құбылыс;
- халықаралық құжаттарда жемқорлықтың нақты анықтамасы жоқ;
- әрбір мемлекет қазіргі құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығын анықтайды;
- жемқорлық ұғымы қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың құқықтық анықтамасына негізделмеген.

Сөйтіп, айтылғандарды қорыта келе, сыйбайлас жемқорлық - бұл екі жақ арасындағы «мәміле» деп тұжырымдауға болады, оның бірі – өз лауазымдық өкілеттігін заңға қарсы пайдаланатын мемлекеттік немесе жеке қызметте жұмыс істейтін тұлға, екіншісі – мемлекеттік немесе жеке құрылымды өз басының пайдасы, яғни материалдық жағдайын көтеру, артықшылық алу, занды көзделген жауапкершілкten таю тағы үшін пайдаланатын адам. Осындай құбылыс екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1. мемлекеттік қызметшінің өзі алдына келген адамды пара, сыйакы беруге мәжбүрледі.

2. белгілі бір адам, бұл ұйымдастырылған қылмыс өкілі болуы мүмкін, мемлекеттік қызметшіге көп жағдайда психологиялық қысым көрсетіп, оны «сатып алу» мақсатында пары, сыйакы алуға итермелейді.

Сыйбайлас жемқорлықтың түрлері мен типологиясын қарастыру үшін, сыйбайлас жемқорлық субъектілерінің қызметтік бабын өз басының пайдасына пайдалануына, пары беруші мен пары алаушының мәртебесіне, пары берушінің өзіне алған пайдасына, пары берудің мақсатына, сыйбайлас жемқорлықтың таратылуы және жиілігіне қарай келесі жіктелімге назар аударалық.

Сыбайлас жемқорлық типологиясы

жемқорлық

қарым-қатынастарының

Сыбайлас жемқорлық типологиясының өлшемдері	Сыбайлас жемқорлықтың түрлері
Қызметтік бабын өз басының пайдасына пайдаланушы субъект	Мемлекеттік сыбайлас жемқорлық Коммерциялық сыбайлас жемқорлық Саяси сыбайлас жемқорлық
Сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастың бастамашысы	Мекемені басқаруши тұлға алдына келген адамды пара беруге мәжбүрледі. Көмек сұрап келген адамның өзі пара үсынады.
Пара беруші субъект	Жеке адам парасы (кез келген азамат) Кәсіпкерлік пара (нақты фирмалар) Қылмыстық пара (ұйымдастырылған қылмыс өкілдері, мысалы, есірткі таратушылар)
Параның түрі	Ақшалай пара; Қызмет көрсету
Пара берушінің пара беру мақсаты	Тездегу үшін пара беру (пара алған адам бір істі жедел орындауды тиіс) Тежеу үшін пара беру (пара алған адам бір істің орындалуын тоқтатуды тиіс, сөйтіп өз қызметтік міндеттерін бұзады) «Жылы көзбен қарau» үшін берілетін пара (пара алған адам қызмет бабында белгілі бір тұлғаның «тырнақ астынан кір іздей бермеуі тиіс»)
Сыбайлас жемқорлықтың қарым-қатынастың орталықтандырылу дәрежесі	Орталықтандырылмаған жемқорлық (пара беруші кез келген адам өз бетінше әрекет етеді). Орталықтандырылған сыбайлас жемқорлық «төменнен жоғары жаққа қарай» (төменгі сатыдағы шенеуніктер жинаған парасын өзара және жоғары тұрған басшылықпен бөліседі)

Сыбайлас жемқорлықтың қарым-қатынастың таратылу деңгейі	<p>Биліктің төменгі сатысында орын алған сыбайлас жемқорлық (биліктің төменгі және ортаңғы сатыларында)</p> <p>Биліктің жоғарғы сатысында орын алған сыбайлас жемқорлық (жоғары қызметтегі шенеуніктер және саяси қайраткерлер)</p> <p>Халықаралық сыбайлас жемқорлық (шаруашылық қарым-қатынас саласында)</p>
Сыбайлас жемқорлықтың байланыстардың жиілігі	<p>Ауық-ауық түрдегі сыбайлас жемқорлық</p> <p>Жүйелі түрдегі сыбайлас жемқорлық</p> <p>Клептоократия (биліктің ажырамас бөлігі ретіндегі сыбайлас жемқорлық)</p>

Көне заман тарихына көз жүгіртетін болсақ, алғашқы және ерте таптық қоғамдарда абыздарға, көсемдерге, әскербасыларына олардың көрсеткен көмегі, қызметі үшін толемақы беру әдеттегідей норма болып қабылданғаны мәлім. Жоғары шенде тұрған басшылар қарамағындағы төменгі шендегі қызметкерлердің белгіленген бір төлемақыға риза болғанын талап ете бастады, яғни олар белгілі бір көлемде жалақы алатын болды. Ал төменгі шендегі қызметкерлер лауазымдық міндеттерін орындау барысында көрсеткен қызметі үшін жасырын тұрде қосымша төлем талап еткен. Біздіңше осы құбылысты сыбайлас жемқорлықтың алғашқы белгілері деп қарастыруға болады.

Антика қоғамы (көне грек қала-мемлекеттер, республикалық Рим) тарихының ерте заманында кәсіби мемлекеттік шенеуніктер болмаған, сондықтан сыбайлас жемқорлық құбылысы да жоқтың қасы еді. Бұл құбылыс антика қоғамы құлдыраған дәүірде кең өріс ала бастады. Осы кездер рим құқығында «corrumpire» деген термин пайда болып, «бұлдіру», «біреуді сатып алу» деген мағынаны білдіріп, билікті асыра пайдаланушылық жағдайы болған кезде қолданылған. Мемлекет неғұрлым орталықтандырылған болса, соғұрлым азаматтардың мемлекеттік деңгейдегі істі өз бетінше шешуі шектеулі болады, осыған орай төмендегі жоғарыдағы шенеуніктер катаң қадағалаудан босағысы келген адамдардан

жасырын түрде пара алып, сөйтіп занды бұзушылыққа жол беріледі. Сыбайлас жемқорлықтың осындай «төзімді нормасы» әсіресе өндірістің азиялық тәсілінде байқалады. Сөйтіп, Артхашастранның авторы сараң шенеуніктердің мемлекеттік мұлікті талан-таражға салудың 40 тәсілін көрсеткен.

Сыбайлас жемқорлықтың жаңа қарқынмен кең өріс алуды XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басына келеді. Бір жағынан, ішшараларды мемлекеттік реттеу дәрежесі көтеріліп, осыған орай шенеуніктердің билігі қүшіне түсті. Екінші жағынан, ірі кәсіпкерлік пайда болып, олар өз мақсатына жету үшін «мемлекетті сатып алуға» кірісті. Дамыған елдерде (Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа елдерінде) саяси партиялардың маңызы өскен сайын партиялық сыбайлас жемқорлық кең етек ала бастады. XX ғасырдың екінші жартысында «үшінші әлем» елдері саяси дербес ел болып дамыған кезде, олардың мемлекеттік аппараты алғашқы кезден бастап сыбайлас жемқорлық жолына түсken еді. «Үшінші әлем» елдерінде «төменнен жоғары жаққа қарай» сыбайлас жемқорлық түрі кездеседі, бұндай жағдайда паралор басшы өз кінәсін мойындағы, қарамағындағы қызметкерлерді жазаға тартады. Сондай-ақ «жоғарыдан төменге қарай» сыбайлас жемқорлық түрі де болған, бұндай жағдайда жоғары қызметте тұрган шенеуніктер ашық түрде пара алды, алған парасымен қарамағындағы қызметкерлермен жартылай бөліскең (сыбайлас жемқорлықтың осындай жүйесі Оңтүстік Кореяда байқалады). «Үшінші әлем» елдерінде (Филиппинде, Парагвайды, Гаитиде, Африканың кейбір елдерінде) клептократиялық тәртіп орнаған, бұл елдерде сыбайлас жемқорлық барлық әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасты қамтыған және пара бермесе ешбір іс орындалмайды. 1990 жылдары сыбайлас жемқорлық мәселесі аса өзекті мәселеге айналды. Осы кезде бұрынғы социалистік елдерде сыбайлас жемқорлық аса үлкен қарқынмен дамыды.

Қорыта келе айтатынымыз, XX ғасырда сыбайлас жемқорлықтың қарым-қатынастың даму үдерісі мынадай:

- сыбайлас жемқорлықтың түрі мен формасы көбейе түсті.
- ауық-ауық түрдегі сыбайлас жемқорлық жүйелі түрдегі сыбайлас жемқорлыққа айналды.

- биліктің төменгі сатысында орын алған сыйбайлас жемқорлық биліктің жоғарғы сатысында кездесетін, одан әрі халықаралық сыйбайлас жемқорлық сипатына ие болды.

Сыйбайлас жемқорлық мәселесін зерттеген кезде мынадай сауал туындаиды: сыйбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері қандай және осы құбылыс неліктен осындай түрде жүзеге асады. Сыйбайлас жемқорлықтың пайда болу себептерін зерттеу барысында бірқатар қыындықтарға тап боламыз. Кейде бір фактіні сыйбайлас жемқорлықтың себептері ме әлде салдары ма екенін анықтау да қыындық туғызады. Сыйбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері жүйеленіп, мынадай жіктелім ұсынылады: әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырылған, құқықтық себептер, сондай-ақ мәдени-этикалық сипаттағы факторлар. Осы себептердің әрқайсысына тоқталайық.

Әлеуметтік-экономикалық себептер. Сыйбайлас жемқорлықтың кеңістік ерекшеліктерін талдау кезінде айқындалғандай, елдегі сыйбайлас жемқорлықтың өріс алу дәрежесі экономиканың даму деңгейіне тікелей байланысты. Алайда керісінше фактіні байқауға да болады. Халықаралық Валюта коры жүргізген зерттеудің нәтижесі бойынша сыйбайлас жемқорлық ел экономикасының дамуына едәүір кедергі келтіреді. Сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық елге келетін инвестициялар легін қысқартатыны, дарынды адамдарды өнімсіз жұмысқа тартатыны, бай табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға жол беретіні, сонымен қатар, сыйбайлас жемқорлық құрылымдық экономикалық өркендеуді арттыруға бағытталған реформалардың жүргізуін тәжійтіні айқындалды. Елдің табиғи ресурстармен (орман, минералдық, су ресурстары) жақсы қамтылуы да сыйбайлас жемқорлықтың дамуының бір факторы болып есептеледі. Елдегі бұндай байлыққа екі тұрғыдан қарауга болады. Бір жағынан, елде бай табиғи ресурстардың болуы ел экономикасы өркендеуінің негізі болып, сыйбайлас жемқорлықтың төмендеуіне себеп болуы керек. Екінші жағынан, табиғи байлық ел экономикасының өркендеуін емес, өзіне пайда алушы мақсат тұтқан сыйбайлас жемқорлық субъектілерін қызықтырады. Халықаралық Валюта коры жүргізген зерттеу көрсеткендей, сыйбайлас жемқорлық мемлекетке түсетең жылдық табысты төмендегеді, себебі салық төлемеудің, салық төлеуден заңсыз босатудың мүмкіндіктері пайда болады немесе салық басқармасы әлсіз жұмыс істейді. Жемқорлықтың өріс алу

себептерінің аса маңыздысы - мемлекеттік және жеке секторлар қызметкерлерінің енбекақы көлемі. Әрине, енбекақысы төмен болғандықтан, шенеуніктер қосымша табыс көздерін іздестіреді, осындай жағдайда шенеуніктер ресми қызметтік міндеттерін асыра пайдаланып, пара алады. Мемлекеттік қызметшілердің табысы үлкен көлемді болғандықтан, олар өз қызметінің қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қарамағындағы қызметкерлерінің сыйбайлас жемкорлық әрекеттерін жасамауына жағдай туғызады: қызмет бабында өз міндеттерін адал да мінсіз орындаған қызметшілерді көтермелейді, сыйакы беруге ұсынады, занды түрде лауазымын көтереді. Осындай жағдайда лауазымды тұлғалар өз құзыреті шеңберінен шықпауға, занды бұзбауға, әділ әрі адал болуға тырысады.

Білім беру жүйесі экономиканың өрістеуінің аса маңызды жетістіктерінің бірі болып саналады. Қоғамның білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым моральдық-адами және құқықтық нормалардың бұзылуы ете сирек кездеседі. Осыған орай, қоғамның білім деңгейі мен сыйбайлас жемқорлықтың даму деңгейінің арасында тиісті дәрежеде байланыс бар деген ойдамыз. Айтылғандарды қорытындылай келе, айтатынымыз:

- жағымсыз элеуметтік-экономикалық факторлар кез келген мемлекетте сыйбайлар жемқорлықтың пайда болуы, өрістейі және таратылуының себептері болып табылады.

- алайда жоғарыда көрсеткеніміздей, әлеуметтік-экономикалық факторлар белгілі бір жағдайларда сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қолданылған қуралдар болуы әбден мүмкін.

Саяси себептер. Тәжірибе көрсеткендей, сыйбайлас жемқорлық мемлекеттің экономикалық және саяси дамуына кері әсер етеді. Сыйбайлас жемқорлықтың дамуына ықпалын тигізетін саяси факторларға мемлекеттік құрылымның ерекшеліктерін жатқызуға болады. Қоғамның демократиялануына байланысты сыйбайлас жемқорлық «жаңа» салаларды игерді, бұл – саяси партияларды, электрондық лауазымдық қылмыстарды қаржыландыру, сайлауда сайлаушылар дауысының басым көпшілігін алуды қамтамасыз ету үшін саяси демеушілер жүйесін дамыту. Демократияландыру үдерісі саяси қызметті жүзеге асыру үшін орталық биліктің біршама өкілеттіктерін аймақтық және жергілікті билікке беруді көздейді, ал бүндай жағдай кейбір басшыларға жаңа конституциялық өкілеттіктерін асыра пайдалануға мүмкіндік береді. Осы пікірге

Швейцария мемлекеті дәлел бола алады, ондағы демократияның тарихи тамыры тереңде жатыр. Тарихи дерек көздер көрсеткендегі, мемлекетте басқару нысанының күрт өзгеруі де мемлекеттік құқық бұзушылықпен қатар жүреді, ал халық ондаған жылдар бойы саяси тұрақсыздықтан зардап шегеді. Мемлекетте қоғамдық-саяси бостандықтың орнығы азаматтардың өзін мемлекеттің толық құқылыш мүшесі ретінде сезінуге, билікті жүзеге асыруға, қоғамның істеріне араласуға бейімдейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құралы ретінде әлеуметтік-құқықтық бақылау Жапония мен АҚШ-та кең өріс алды.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

- бостандыққа ие азаматтық қоғам - мемлекетте жемқорлық деңгейі өте тәмен болуының кепілі.
- саяси тұрлаулылық, үкіметтің, басшылардың жиі аудисуы, сыбайлас жемқорлықтың өрістеуінің басты шарты.
- мемлекеттің жалпы саяси бағытының жиі өзгеруі елдегі әлеуметтік - экономикалық ахуалдың тұрақсыздығына әкеп соғады.

Үйимдық-институционалды себептер. Соңғы кездері жүргізілген зерттеулер көрсеткендегі, сыбайлас жемқорлық мемлекеттіліктің институционалды негіздеріне сіңіп, олардың қызметінің тиімсіздігі, дұрыс үйимдастырылмауы салдарынан, есеп беру және бақылау жүйесінде нақтылық болмағандықтан кең өріс алуда. Мемлекеттің ұлттық экономикаға араласу факторына нақтырақ тоқталайық. Экономика саласында мемлекеттің өкілеттігі кең тараған жағдайда сыбайлас жемқорлықтың дамуына алғышарттар қалыптасады, ал бұл – «мемлекет қоятын шектеулерден қашудың бірден бір тәсілі». Шектеулер негұрлым көп болса, соғұрлым сыбайлас жемқорлық өрістеп, тамыры тереңдей түседі. Осы пікірді дәлелдеу үшін АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі жасаған Инвесторларға арналған Нұсқаулықтарды талқылайық. Осы Нұсқаулықта әлемнің 40 мемлекетінде инвестиция салуға және іскерлік операциялар жүргізуге келтірілетін процессуалдық және әкімшілік кедергілер туралы баяндалады және осы кедергілерді еңсеру тәсілдері ұсынылады. Осы Нұсқаулықта көрсетілген бағдар барлық жағдайда бірдей емес: егер инвестордың жүргізетін жұмысы көп уақыт алатын, қымбат бағаланатын және күрделі болса, ол жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлыққа ұрынуы мүмкін. Мемлекетке

инвестиция тарту ісінде жоғары лауазымдағы тұлғалар елеулі рөл атқарады. Мемлекеттік қызметкө қабылдау кезінде үміткердің кәсіби біліктілігіне, мінез-кулқына, моральдық-этикалық ұстанымдарына баса назар аудару қажет. Нұсқаулықтарды талдау барысында барлық 40 Нұсқаулыққа тән заңдылық байқалды: инвесторларға келтірілетін бюрократиялық кедергілер мемлекеттің құқықтың жүйесімен тығыз байланысты. Құқықтық жүйесі жалпы құқыққа негізделген мемлекеттерде (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия) бюрократиялық кедергілер жоқтың қасы, іс жүргізуде ашықтық басым, сол себептен сыйайлас жемқорлық деңгейі төмен. Билік және сыйайлас жемқорлықты бақылау бір-бірімен тығыз байланысты еkenі баршамызға мәлім. Сыйайлас жемқорлық – биліктің қауқарсыздығының көрсеткіші. Нәкты институционалды ұйымның болмауы, қызметтің егжей - тегжейлі реттелмеуі, құқық бұзушылықтың бақыланбауы және жасалған қылмыс үшін жауапқа тартылмауы - басқару аппаратының қауқарсыздығына және сыйайлас жемқорлықтың дамуына әкеп соғады.

Құқықтық сипаттағы факторлар. Сыйайлас жемқорлық – бұл әлеуметтік жауыздық, біріншіден мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден қогам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік түрде құлатады. Мемлекеттік аппараттың тиімсіз ұйымдастырылуының салдарынан қогамда құқықтық реттеудің кемшіліктері де орын алуы ықтимал. Құқықтық реттеудің кемшіліктеріне кейбір елдердің заңнамасында сыйайлас жемқорлық сипатындағы мәмілелер жасасқан үшін қылмыстық жауапқа тарту және жазалау жүйесінің болмауы, мемлекеттік қызметті өтеу жөніндегі нәкты ережелер мен регламенттің жоқтығы жатады. Ал бұндай жағдай ұйымдастықан қылмыспен астасып жатқан кәсіпкерліктің және биліктің тығыз байланыста жұмыс істеуіне өте тиімді. Осыған орай фаворитизм, протекционизм, лоббизм өркендеуде. Сонымен қатар непотизм мен саяси демеушілік те кең тараган. Сыйайлас жемқорлық қалыпты нормага айналады. Ал бұл – құқық қорғау органдарының, көп жағдайда осы органдардың өзі де сыйайлас жемқорлыққа малынған, біріншіден, институционалды сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге күші жетпейді, екіншіден құқық қорғау органдарын сыйайлас жемқорлық субъектілері өз зандарына бағындырады. Қылмыс жасағандардың

басым көпшілігі жазаға тартылмағандықтан, қылмыстық істерін одан әрі жалғастыра береді. Көп жағдайда сот жүйесі сыйбайлас жемқорлық субъектісіне қатысты өз бетінше және тәуелсіз шешім шығара алмайды. Тәуелсіз құрылымдар енгізілген бірқатар елдер (АҚШ-та тәуелсіз прокурор, Гонгконгта, Сингапурде, Малайзияда, Тайванда тәуелсіз комиссия) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қарес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Бұндай мекемені құру кезінде билік пен мұлік, саясат пен ақша мәселесі жүйелі шешімін табуы керек.

Мәдени-этикалық сипаттагы факторлар. Сыйбайлас жемқорлыққа мәдени - этикалық факторлардың ықпал етуіне баға беру жеңіл емес, себебі бұл сала «материалды емес». Алайда қоғамның мәдениеттілігін сыйбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ретінде қарастыруымыз тиіс. Дін, мәдениеттің ажырамас бөлігі бола түрып, қоғамда сыйбайлас жемқорлықтың дамуының алғышарттары болуы мүмкін. Сондықтан қоғамда бір әрекет норма деп танылса, оны қылмыс деп жариялау қындық келтіреді. Осы жағдайға орай мынадай мысал келтірейік. Қытайда басты идеология конфуциандық болғанын білеміз, оның қағидаттары бойынша халық жоғары қызметтегі адамдарды «әкеміз» деп қарастырган. Сондықтан қабылдауға келмегеннен гөрі, қабылдауға сыйлықсыз келгені наразылық туғызған. Байқаганымыздай, бір елде кейбір құбылыс сыйбайлас жемқорлықтың деп танылса, екінші елде оны сыйайылық танутыштылық деп біледі. Мәселен, «керек» адамды мейрамханаға шақыру, «ерекше» бір көмегі үшін біреуге құнды сыйлық беру, жоғары оку орнына түсуге көмектесу тағы сол сияқты этикаға жатпайтын қылыш деп танылмайды.

Сөйтіп, сыйбайлас жемқорлық – бұл, біріншіден, мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден, мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, ушіншіден, қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік тұрғысынан құлдыратады.

Жалпы дүниежүзінде жемқорлық әлемдік масштабтарға ие болды. Сыйбайлас жемқорлық мәселесін шешууге БҰҰ, Еуропа Одағы, Еуропа Кеңесі, Америка мемлекеттерінің ұйымы, сонымен қатар, Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы қосылады. Тарихи дамудың қазіргі кезеңінде жемқорлықтың трансұлттылығы бүкіл қоғамдастық қауіпсіздігі үшін төндіретін қауіпті бейтараптандыру үшін халықаралық деңгейде жаһандық шаралар қабылдауды талап етеді. Халықаралық жемқорлыққа

қарсы мыналарға бағытталған құқықтық, саяси, ұйымдастыруыш шаралар кешені ретінде стратегия қажет:

- 1) қоғамдық жемқорлыққа қарсы қөзқарас қалыптастыру;
- 2) жемқорлықтың зияны туралы хабардарлықты көтеру;
- 3) жемқорлық құқық бұзушылықтарды сыныптаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету, заң құзыреті әділет параметрлерін унификациялау;
- 4) жемқорлық әрекеттерді айқындау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оның алдымен қаржы саласында ашықтық атмосферасын жасау.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жетуде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясат әр түрлі халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық актілеріне бағытталған. Жемқорлық мәселесіне Біріккен Ұлттар Ұйымы үлкен көніл бөледі. Әлемдік құбылыс ретінде жемқорлыққа қарсы бағытталған бірнеше декларация мен конвенциялар қабылданғанын төменде байқауға болады. 2003 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы «Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы» Конвенциясын қабылдады. Конвенцияның жағымды жақтары көп, бірақ та Конвенцияда қарастырылған сыйбайлар жемқорлықпен құресудің көптеген шараларына қарамастан, оларды орындау құқық бұзушыға деген тиісті санкциялармен қамтамасыз етілмеген. БҰҰ қарамағында құрылған ұйымдар жемқорлыққа қарсы құралдарды жасауда белсенді қызмет атқарады. Халықаралық қылмысты алдын алу орталығы, Біріккен Ұлттар Хатшылығының қылмысты алдын алу және нашақорлықты қадағалайтын басқарма аймак аралық қылмыс бойынша Біріккен Ұлттар Институтымен бірге «Жемқорлыққа қарсы әлемдік бағдарламаны» жасады.

Шетелдік мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының парапорлығымен құресу жөнінде Экономикалық Ұйымдастырылған және Даму Ұйымының 1997 жылғы 21 қарашада қабылданған және коммерциялық іс-әрекет жүргізу барысында шетелдік мемлекеттік шенеуніктерге пара беруді қылмыс деп жариялау мәселесіне арналған «Халықаралық іскери операцияларды жүргізу барысында шетелдік мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының парапорлығымен құресу жөнінде» Конвенция. Бұл конвенция коммерциялық ортада салауатты бәсекелестікті қалыптастыруда алғышарт болып есептеледі. ЭЫДҰ сипатталған құқықтық бастамасының маңыздылығы үш кезеңмен анықталады. Біріншіден,

ол Солтүстік және Оңтүстік елдерге сыйбайластық төлемдердің ағылып келуін қысқартады. Бұл тиісті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін және сауда-саттықтың әділ жағдайларын сақтау үшін қолайлы ахуал жасауға тікелей септігін тигізеді. Екіншіден, ол жаһандық масштабта басқару нормаларын дайындау үшін үлгі бола алады. Еуропа Одағы 1995 жылы «Өзінің қаржы мүддесін қоргайтын Конвенцияны» қабылдады. Осы құжатқа қосымша ретінде 1997 жылы Еуропа Одағы «Еуропа қоғамы және осы қоғамдардың мүше-мемлекеттерінің лауазымды адамдары кірген жемқорлыққа қарсы құрес туралы Конвенция» қабылдады. Еуропамен салыстырғанда 1996 жылы Америка мемлекетінің ұйымы қолемді құжатты қабылдады. Америка аралық Конвенция жемқорлыққа қарсы құресті кең түрде қолдайды. Бұл аймақтық келісім (АҚШ-ты қоса, АМУ мүшелерінің көвшілігі қол қойған) мүше мемлекеттің өз аумағында конституцияға бағындырылған жемқорлық әрекетті жоюға бағытталған шараларды қолдануды, отандастарының және резиденттерінің шет елдегі әрекеттеріне жауап беруді талап етеді. Бұл Конвенцияны Оңтүстік және Солтүстік Американың 20 мемлекеті бекітті. Осы құжат мемлекеттің ішінде жасалған қылмысқа ғана емес, трансулттық қатынастарға да таралады. Аталған құжаттардың әрқайсысына үшінші бөлімде жеке-жеке тоқталатын боламыз.

Мыңжылдықтар тоғызындағы тарихы тереңнен бастау алатын сыйбайлас жемқорлық бүтінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отырғаны мәлім. Өз кезегінде, Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құресті мемлекеттің бірінші кезектегі міндегі етіп қойып, мәселені күн тәртібіне жи шыгаратын болды. Кенестік кезеңнен кейінгі кеністіктегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құресте іс-кимыл жүйесін жасауда, заңнамалық база өзірлеуде еліміздің көшбасшылық жағдайды иеленіп отырғаны кездейсок емес. 1998 жылы Қазақстан «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» заңды бірінші болып қабылдады, онда мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық саясаттары белгіленді. Оның жүзеге асырылуына 20 жылдай уақыт өтті. Содан бері заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заман талабына сай құресудің жана жолдары қарастырылды. Алайда осы заңға дейін де ел Президенті сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құреске қатысты бірқатар нормативтік актілерге қол қойған. Сыйбайлас жемқорлыққа және

ұйымдастқан қылмысқа қарсы қареске арналған бірқатар жарлықтар бұл бағыттағы жұмыс сабактастықта, өскелен түрде жүріп жатқандығына дәлел. Сейтіп, 1992 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдастқан қылмысқа қарсы құресті қүшету жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығы қабылданып, сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдастқан қылмысқа қарсы құрестің ұйымдастыруышылық және өзге де алғышарттарын қалыптастырыды. Осындай қылмысқа ықпал ету шаралары айқындалды, оның ішінде тәртіптік, мүліктік және әкімшілік сипаттағы қылмыстың алдын алу шаралары. Жарлықта республикамызда қылмыстық кәсібиліктің нығайып, ұйымдастқан сипатқа ие болып келе жатқандығы, баяндалады. Осы Жарлықтан кейін мынадай қауулар қабылданды: 1992 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік басқару органдарындағы лауазымды тұлғалардың тәртіп, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік ахуалы үшін жауаптылығын арттыру туралы» қаулы, 1994 жылғы 11 ақпандағы «Қылмысқа қарсы құресті қүшету туралы» қаулы, сондай-ақ 1994 жылғы 9 маусымдағы «Зандалық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар туралы» қаулы және тағы басқа. Осы құжаттардың барлығында парапорлық пен сыбайлас жемқорлық қоғамның, мемлекеттің мұдделеріне қайшы келетіндігінен, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттарымен сыйыспайтындығы туралы және ерекше аталаң өтіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 қарашадағы «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдастқан қылмысқа қарсы құресті одан әрі қүшету жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығы ұлттық қауіпсіздік органдарына, дәстүрлі міндеттерін шешуімен қатар, сыбайлас жемқорлық жолына түсken жоғары қызметтегі шенеуніктерге, әскери қызметкерлерге, прокурорларға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, арнаулы қызмет пен судьяларға, сондай-ақ контрабанда және есірткі бизнесіне қарсы қареске барлық қүштерін жұмылдыруды міндетtedі. Ел басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қареске бет алысы батыл әрі дәйекті екенін атап өту қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарес мәселесіне арналған Үндеу жолдады. Елбасының осы Үндеуі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарес туралы» заң қабылданғаннан кейін

бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды және біздіңше, Үндеу аталған заңның кіріспесі ретінде қабылдануы тиіс. Аталған заңның негізіне БҰҰ және ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясының аясындағы халықаралық ұйымдар өзірелеген модельді актілер алынған. Заңның мақсаттары: Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі ережелерін жүзеге асуру; ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық мүдделерді қорғау. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және қылмысты ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және өзге де тұлғалардың, сондай-ақ оларға тенестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз ету.

7.3 Сыйбайлас жемқорлық қылмыстырымының құрылымы мен сипаты

Қазіргі кезде сыйбайлас жемқорлық мәселесін әрбір мемлекетте, түрлі халықаралық ұйымда кездестіруге болады. Бірақ ол барлық жерде бірдей бола бермейді. Тарихи дәуір және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне қарай сыйбайлас жемқорлықтың пайда болу мәселелері де әр алуан болып келеді. Кейбір шет елдердің мемлекеттік басқаруында және мемлекеттік қызметінде жемқорлықтың алдын алуға жоюға бағытталған әкімшілік қалыптың кешендері құрылған. Бірқатар мемлекеттерде шенеуніктердің ар кодексі немесе этикалық кодекстер жиынтығы болып табылатын арнайы заңдар қабылданған. Осыған орай, шетел мемлекеттеріндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу шараларына назар аударайық.

Транспаренси Интернешнлдің мәліметтерін негізге ала отырып, сыйбайлас жемқорлықтың жер жүзіне таратылу айырмашылықтарын және қазіргі әлемдегі жемқорлықтың деңгейін зерттеу мақсатында, әлем картасындағы сыйбайлас жемқорлық туралы ақпаратты бейнелеп көрсетуге тырысайық. Халықаралық тәжірибеде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрессуралы айтқанда, барлық елдерді шартты түрде төрт санатқа бөлуге болады: 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құресті табысты жүргізп отырган елдер;

- 2) сыйбайлас жемқорлық орташа деңгейдегі елдер;
- 3) сыйбайлас жемқорлықпен өте келелі мәселелері бар елдер;
- 4) сыйбайлас жемқорлық айырықша байқалатын елдер.

Әрі қарай осы жүйені негізге аламыз.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құресті табысты жүргізіп отырған елдерге Дания, Финляндия, Швеция, Жаңа Зеландия, Канада, Нидерланды, Норвегия, Швейцария, Австралия, Сингапур, Люксенбург, Ирландия, Германия, Ұлыбритания, Израиль, АҚШ, Австрия, Исландия, Жапонияны жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған елдердегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құресті ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері - осы елдердің үкіметі сыйбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп қарайды. Сондықтан сыйбайлас жемқорлық сырттан төнген және ішкі қауіп ретінде қабылданып, соған байланысты онымен құрес көлемді және кешенді сипат алады.

Мысалы, Нидерландыда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес өзіне мыналарды енгізеді:

- сыйбайлас жемқорлыққа бейім тұратын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда мониторинг жүйесін енгізу және осы жерлерде қызмет ететіндерді қатаң бақылат отыру. Сыйбайлас жемқорлықпен құрес жүргізетін тұлғаларды лауазымға тағайындау;

- сыйбайлас жемқорлық әрекеттерін жазалау жүйесі – бұл мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге қатаң тиым салуды және мемлекеттік қызмет ұсынатын барлық әлеуметтік женілдіктерінен айыруды көздейді;

- лауазымдық тұлғаның жағымды әрекетін көтермелейу жүйесі – шенеунікке өз қызметін тиімді дә адаптацияны үшін материалдық тұргысынан да, адамгершілік тұргысынан да жағдай жасау;

- арнайы полиция типіндегі сыйбайлас жемқорлықпен құрес жөніндегі мемлекеттік қауіпсіздік жүйесі;

Компаративтік талдау бойынша, әр мемлекеттің өзінің құресу жолы, әдісі, тәсілі бар. Ал басқа жағынан қарасақ, көптеген мемлекеттердің сарапшылары біркелкі ережелер нормаларын қолдану керек деп ұсыныс жасайды. Тіпті, бүкілұлттық тәртіп әдептілігін қалыптастыру қажет дейді. Осы орайда, 1995 жылы Ұлыбританияда Нолан Комиссиясы 7 қағида қабылдады:

1. Риясыздық. Лауазымды қызметкерлер қоғамдық мүддені жоғары ескере отырып, бір шешімге келеді.

2. Сатылмастық. Лауазымды қызметкерлердің өздерін басқа бір адамдарға не үйымдарға қаржылық тәуелсіздікке қоймағаны дұрыс.

3. Әділдік. Жоғары қызметке тағайындау, келісім шарт жасау, марапаттау мәселелері бойынша шешім қабылдағанда лауазымды қызметкерлер үміткердің кәсіби қабілеттерін, іскерлігін ескеруі тиіс.

4. Есептілік. Лауазымды қызметкерлер қоғамның алдында өздерінің істеген ісі, қабылдаған шешімдері бойынша есеп беріп отыруы керек.

5. Ашықтық. Лауазымды қызметкерлердің шешімдері мен істері қоғамға ашық болуы тиіс. Әр шешім дәйектеліп отыруға міндетті.

6. Арды, абыройды сактаушылық. Лауазымды қызметкерлер өздерінің мұдделері туралы ашық айтып, егер де осы мұдделері олардың істеген жұмысына қайшылық келтірсе, қоғамның пайдастына әкелетін шешімге келуге тиісті.

7. Басшылық. Лауазымды қызметкерлер осы аталған қағидаларды қолдана отырып, басшылықты орындал, өзінін дұрыс істерімен, мінез-құлқымен үлгі көрсетіп отыруға міндетті.

Жемқорлықка қарсы өзгерістерді жүргізетін басқа топ институционалдық деп аталады. Бұл топ жемқорлыққа қарсы мұлде басқа құресті көрсетеді. Олардың ойынша, жаңа әдіс, жаңа жолға бар бағдарламаны жойып тастал, нормативтік іс-әрекеттерін өзгерту керек. Институционалдық жемқорлық өзгерістерге мынадай мысал келтіруге болады: сайлау үрдісіне ашықтық, жариялыштық қамтамасыз ету; үкімет жұмысына және орындаушы басшылығына парламенттің бақылауы; сайлау үрдісінде қаржы мәселесіне бақылау жасау; мұлік мәселесін шектеу; мемлекеттік қызметкерлерінің кіріс-табысының, қаржы міндеттерін, шенеуніктердің табысының көтеруін, жылдық қаржы есебін беру, жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылдау, әкімшілік және қылмыстық жазалау тағы басқалар. Сайлаушылардың дауысын сатып алу көптеген мемлекеттерде дәстүрге айналған. Бұл әдіс АҚШ, Ұлыбританияда және басқа Еуропа мемлекеттерінде 19 ғасырда кең таралған. Қазір осындай шаралар шектелсе де, бүгінде осындай заң бұзушылық байқалады. Испания мен Италияның сайлау үрдісінде басқа шаралар қолданады. Ықпалы зор үміткерлерге саяси партиялардың көсемдері «патронаж» деген әдісті пайдаланады. Бұл әдістің маңызы мынада: сайлау кезінде көмектескен адамдарға мемлекеттік органдардан бір пайдалы

қызметтерді ұсынады. 1966 жылы Тайландта өткен сайлау сайлаушыларға сыйлықтар тарату негізінде өтті. Соңдықтан көптеген мемлекеттерде сайлауды өткізу барысында ашықтық талап етіледі. Екіншіден, сайлау компаниясын қаржыландыруды бақылауға алып, нормадан жоғары қаржыландыруға тыйым салынады.

Ботсванада сыйбайлас жемқорлықтың қарқынды өсуін тежеуге келесі шаралар көмектесті: шенеуніктердің санын қысқартып, олардың жалақысын көтерді және мемлекеттік мекемелердің құрылымын ықшамдауды, әрі сыйбайлас жемқорлықтың кез келген түріне дереу санкция салынды.

ОАР-да бүгінгі күні сыйбайлас жемқорлық деңгейі көптеген еуропа елдеріне қарағанда төмен. Олар қабылданған жаңа заңдардың көмегімен Үкіметті Парламент алдында есеп беруге міндеттеу арқылы, шенеуніктер мен депутаттарға табыстары және басқа да салық төлейтін мүліктері жөнінде декларация тапсыру және мемлекеттік жүйенің ашықтығын қамтамасыз ететін қадамдарды қабылдау жолымен қол жеткізілді.

Израиль сыйбайлас жемқорлықтан жеткілікті түрде ерікті мемлекеттердің бірі болып саналады. Ондағы жемқорлыққа қарсы құрес, Нидерланды елінде қолданылатын шараларға қоса, «мониторинг жүргізу» белгілі қайталануы» жүйесі арқылы жүргізілді. Израильде шенеуніктер үшін едәуір әлеуметтік женілдіктер қарастырылған және сыйбайлас жемқорлық анықталған жағдайда олар қатаң жазаланатындықтан, төмен деңгейлі жемқорлық жоқ дерлік. Оның себебі, бұл елдерде мемлекет көп ғасырлы құрес нәтижесінде құрылған.

Әлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы құрес қағидаларының бірі – Заң алдында барлық азаматтардың тенденсі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан Заң алдында жауапкершілікті бірдей тартады. Қытайда КХР Мемлекеттік комитеті сыйбайлас жемқорлық үшін жаза туралы Қағиданы 1952 жылы қабылдады. Осы Қағидаға сәйкес, сыйбайлас жемқорлық - барлық мемлекеттік органдар, мекемелер, оқу орындары және соларға қарайтын бөлімдердің қызметкерлерінің қоғамдық мүддені жамылып жасаған мемлекет құндылықтарына ие болу, алдау жолымен ұрлау, иемдену, басқа адамдардың құндылықтарын сұғанақтыпен алу, пара алушмен анықталады. 1997 жылы 1 қазанда КХР-ның жаңа редакциядағы

Қылмыстық Кодексі күшіне енді. 1979 жылғы Кодекс толықтырылды – 192 бап болған еді, енді 451 болды. Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік туралы нормаларды қылмыстық-құқықтық және қылмыстық істер деп жеке тарау етіп бөлу жеткілікті негізделген. Ол туралы норма жеке меншікке қарсы қылмыс жөніндегі тарауға енгізілген болатын. Жаңа тарау 394 баптан тұрады. Мысалы, пара алғаны үшін мемлекеттік ұйым айыппұлмен жазаланады, тікелей орындаушы мен үйімның басшысы жағдайдың ауырлығына байланысты – 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылады немесе тұтқындалады. Сыбайлас жемқорлық және парапорлық үшін жазалау мәселелері жеке нормамен реттелген. Егер сыбайлас жемқорлық немесе пара алу кірісінің сомасы 100 мың юаньнен ($1S=10$) асып кетсе, онда 10 жылға бас бостандығынан айырылады немесе дүние мүлкі тәркіленеді немесе онсыз өмірлік бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Валюталық қылмыстармен күрес жөнінде Қытайдың тәжірибесі көніл аудартады, соның барысында бірнеше миллиард доллардың жалған кедендей декларацияларын, жалған шетелдік лицензияларды пайдаланып, банктерден валюта алған фирмалар қатары анықталды, шетелдік келісімдер бойынша жалған аванс төлемдер фактілері және оффшорлық қаржы операциялары көлемінде көптеген заң бұзушылықтар ашылды.

Францияда лауазымдық тұлғалардың қызмет бабын теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілігін реттеу саласында 1983 жылғы 13 шілдедегі «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары және міндеттері туралы» Заңыңың және 1992 жылы қабылданып, 1994 жылы қыркүйекте күшіне енген Қылмыстық кодексінің маңызы зор. «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары және міндеттері туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік шенеунікке «өзін тек қызметке арнау» міндеті жүктелген, бұл Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің міндеттеріне ұқсас. Аталған заң мемлекеттік қызметкердің өзіндік абырай кодексі болып табылады. Францияда мемлекеттік қызметкерлерге тексеру және бақылау қол астындағы кәсіпорындардың әрекетіне араласуға тыйым салады. Кейде көрсетілген міндет мемлекеттік қызметтен кеткеннен кейін де, сол шенеуніктің артынан сақталынып қалады. Билікті жеке басы үшін пайдалану жөніндегі нормалар жүйесінде басты орынды, сөзсіз, бұқаралық лауазымдық тұлғалардың белсенді пара беру және

сылбыр пара алу парапорлығы үшін қылмыстық жауапкершілік туралы нормалары алады. Параны алғаны, ұсынғаны, парапорлық және парапорлыққа пара беру үшін бірдей жазаланады: 10 жылға түрмеге қамалады және 1 млн. франк көлемінде айыппұл төлейді. Лауазымдық тұлғаларға лауазымнан босағаннан кейін 5 жылға дейін өзінің капиталымен жұмыс істеуге, жеке кәсіпорындарға кеңес беруге тиым салады.

Францияның ерекшелігі – соттардың жасаған, Төрелік сот мүшелерінің немесе соттың, не жеке адамдардың шақырыумен келген, екі жақты келістіру үшін сотпен шақырылған сарашылардың арнаулы парапорлық құрамын бөліп көрсету. Көрсетілген әрекеттер 10 жылға түрмеге жабумен және 1 млн. франк айыппұл төлеуден айыпталады.

Байқағанымыздай, шетел мемлекеттерінде жемқорлыққа қарсы заңнама күресудің барлық құқықтық құралдарын, яғни қылмыстық-құқықтық қана емес, қолдану жағына қарай және жемқорлықтың алдын алу жағына қарай дамып жатқандығы көрініп тұр. Осы елдердегі сыйбайлас жемқорлықтың көріністеріне талдау жасау, Қазақстан үшін тиімді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы пайдалы әрі тиімді озық ұлттық стратегияны жасауға көмектеседі. Біріншіден, сыйбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған мемлекеттің жоғарғы басшысының күшті саяси жігері және соның негізінде құрылған мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы сыйбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат. Екіншіден, мемлекеттік әкімшілік жүйесінің бәріне азаматтық қоғам жағынан ұйымдастырылған әлеуметтік бақылау және құқық бұзушылардың қылмыс жөнінде іс қозғау мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Үшіншіден, билік жүргізуге ие тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің қызметінің тазалығы жөніндегі мониторингті жүзеге асыруы, тәуелсіз органдардың алдында қатаң есеп беруі.

Осы қағидаларды сактау ұлттық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мықты негізі болады деп санаймыз.

АҚШ-тың ғылымдары берген анықтама бойынша: «сыйбайлас жемқорлық – бұл саяси қайраткерлердің, мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің, жеке кәсіпкерлердің, өзге де тұлғалардың жеке басының, отбасының пайдасы үшін, әлеуметтік мәртебесін арттыру және материалдық жағдайын байыту мақсатында өздерінін ресми

міндеттемелерін және мемлекеттік қызметтерін занға қарсы пайдаланушылық».

АҚШ заңнамасында лауазымды тұлғалардың жемқорлығы ұғымы жеткілікті кең. Оған Заң жинағындағы 18 тарауының 4 бөлімінде қарастырылған құқыққа қайшы бірсыптыра әрекет кіреді:

1) Парақорлық – жария лауазымды тұлғалардың арам табыстары және өзінің қызмет бабын теріс пайдалану;

2) Лауазымды тұлғалар және жалдамалы қызметшілер;

3) Корқытып алушылық және қатерлер;

4) Сайлау және саяси іс-әрекет.

Парақорлық үшін АҚШ-та қылмысты қудалауға пара алушыларғана емес, пара берушілер де жатады. Пара беруде кез келген азамат жауапқа тартылады. АҚШ-та сыйбайлар жемқорлық мәселесімен негізінен этика жөніндегі Сенаттың арнаулы комитеті және өкілдер Палатасының лауазымдық тұлғалардың қызметтік тәртібінің стандарты жөніндегі Комитеті айналысады. Басты үйлестіруші ведомство болып Әділет министрлігі бекітілген.

Әділет министрлігінде сыйбайлар жемқорлықпен күресумен қылмысты іс басқармасы тікелей айналысады, қылмыстық заңдарды сақтауға бақылауды жүзеге асырады, ашық бизнес және кәсіби одақтарға қосымша кіріс және тиым салынған қызмет түрлерін бүркемелеу үшін ұйымдастырылған қылмыстық енуін анықтайды. Сондай-ақ күресте Тексерудің Федеральдық бюросына манызды рөл берілген. Екіншіден, прокуратура Пентагонның арнаулы бөлімдері, полиция, сот атқарады. Жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді Вашингтонның округтік федералды сотының арнайы бөлімшесі тағайындаған тәуелсіз прокурор қарастырады.

1978 жылы АҚШ конгресі «Үкіметтегі әдеп туралы» заңды қабылдады. Осы заңның дұрыс атқарылуын қадағалау үшін персоналды басқару бөлімінде «Үкіметтегі әдеп бойынша» бөлім құрылды. Бірақ осы көзделген мақсатқа жете алмады, осының нәтижесінде 1989 жылы «Әдеп туралы заңды реформалау жөнінде» заң қабылданды. Осы заң кейбір қалыпқа өзгерістер енгізді.

АҚШ-та «Лоббистік қызметті федеральдық реттеу жөнінде» 1964 жылы заң қабылданған, соған сәйкес Конгреске қысым жасайтын кез келген ұйым, өзінің лоббистерін тіркетуге және өздерінің мүддесін заң саласына хабарлаулары тиіс. Заңдар Жинағының 2 тарауында парақорлықтың әр түрлі формалары үшін қылмыстық

жауапқа тартатын «Пара беру, пара беріп сатып алу, мұдделердің қақтығысы» деген 25 бап бар.

АҚШ-тың көптеген штаттарының қылмыстық кодекстері сыйбайлас жемқорлықтың мынадай түрлерін қарастырады: мемлекеттік қызметкер қызмет бабымен байланысты жеке кәсіпорыннан қаржылай пайда табу; мемлекет қызметке біреуді тұргызуға уәде беріп, сол үшін пара алу; жеке тұлғаға немесе кәсіпорынға банктен қарыз алу, үкімет кепілдік берген депозиттерді алу үшін пара алып ұйымдастыру; Фермерлік борышты ретке келтіргені үшін сыйақы қабылдау: АҚШ құндылықтар немесе пайда табу үшін жалған құжаттарға ие болуы; пошта ведомство ісінде жалған мекен жайлар жеке пайдасы үшін пайдалану және алаяқтық жасау; радио қатынасы және теледидар хабарлары саласында қасақана теріс пайдалану.

Американың зандары мемлекеттік қызметкердің жанама жалақы табуға шектеу қояды. Жанама жалақы негізгі қызмет жалақысынан 15% аспауы тиіс. Егер мемлекеттік қызметкер қызметте болған кезде өкіметтік лауазымды адам түрінде нақты мәселелерді шешуге қатысса, ал жұмыстан кеткеннен кейін біреудің мұддесін реңди және басқа түрде болсын көздей алмайды. Бұзушылар ақша түрінде айыппұл төлейді немесе 20 жыл бас бостандығынан айрылады. АҚШ сенаторы сонымен қатар оның аппаратында жұмыс істейтін қызметкерлер жеке және занды тұлғадан сыйлықтарды алуға тиым салған. Сенатордың өз туыстарынан басқа сыйлықтардың ал бағасы 300 доллардан аспауы тиіс, ал 75 доллардан аз болса онда ол жарияланбайды. Эдеп туралы заң жеке тұлғаларға іссапар түріндегі сыйлықтарға төлетуге шектеу қойған. Осы шектеулер сенат отбасының мүшелеріне таралады. АҚШ конгресі өкілетті палатасының мүшесіне 1 адамнан 1 жыл бойы 250 доллар салмағында сыйлық алуға болады. Әрбір 3 жыл сайын осы лимит қайтадан қарастырылады. Соның ішінде лауазымды адамдардың әйелдеріне 100 доллар шамасында сыйлық жасаған кезде оны бекітуге тиіsti.

Сыйбайлас жемқорлыққа жауапкершілікті қарайтын федералды зандарды шартты түрде бірнеше категорияларға бөлуге болады:

1) бұл паралықты және осы сияқты қылмыстарды құғындауды реттеуші, реңди әрекеттер жасағаны үшін қолданылатын зандар;

2) категория мұдделердің жанжалын қарастырады. «Мұдделердің жанжалы» заңы мемлекеттік лауазымдық тұлғаларға және олардың нақты туыстарына лауазымды тұлға ықпал ете алатын, немесе өзінің қызмет бабы бойынша ақпаратқа ие болса, қаржы жағынан мұдделілікке тиым салынады;

3) категорияяға мемлекеттік мекемелерді алдау кіреді. Негізінде, алдауды мемлекеттік мекемеде жұмыс іstemейтін адамдар жасайды. Бұл қылмыс әдейі мемлекеттен материалдық немесе басқа да пайда табу мақсатымен маңызды ақпаратты жасыру немесе бұрмалау арқылы жасалады;

4) категорияяға мемлекеттік органдарға ешқандай пайданы көзdemей, жалған арыздар жазу.

Алайда, АҚШ ұлттық шекара аясында әрекет ететін жемқорлыққа қатысты ғана емес, халықаралық жемқорлыққа қатысты да заңнамалық бастамалар қабылдайды. АҚШ шетелдік шенеуніктерді параға жығуға тыйым салатын «Шетелдік жемқорлыққа қатысты тәжірибе туралы» 1977 жылы заң қабылдаған түнғыш ел болды.

1985 жылы Канадада «Әдеп ережелері» атты кодекс қабылданды. Кодекс парақорлықты – Конституцияны бұзу және мемлекетке опасыздық жасаумен теңестіреді. Параны алған адам да, оны берген адам да қылмыстық жазалауға жатады. Осы ереженің басты мақсаты - «қоғамның мемлекеттік аппаратқа және оның қызметкерлеріне деген сенімді арттыру».

Осы кодекс 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жалпы тәртіп негіздері жазылған. Мемлекеттік қызметкер осы қалыптан басқа тәртіп заңының талаптарын, өз мемлекеттің заңын және адам мен азаматтың құқық жөніндегі халықаралық-құқықтық актілерді сақтау тиіс, өздерінің қызметтік функцияларын атқарған кезде қоғамның өкілетке деген адалдығын, әділеттігін, объективтілігіне деген сенімін күшетуге және сақтауға тиіс. Кесіптік, жеке іс болмасын қоғамда оның заңдылығына деген елес күмәнін туғызуға тиіс емес. Бірақ осыған жету заңының қатал қадагалауы ғана жеткіліксіз. Мемлекеттік қызметке орналасқан кезде қызметкерлер «мұдде шиеленісі» пайда болу мүмкіндігін болдырмау үшін өздерінің жеке істерін қайта құруға тиіс. Егер ол туындаған жағдайда, оны қоғам мұддесіне қарай шешу керек. Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік меншікті басқа бір мақсаттарға пайдалануға тыйым салынған. Кодекстің екінші бөлімінде

мемлекеттік қызметкерлердің күнделікті қызметіне қатысты нақты талаптар жазылған. Мақсаты - «мұдде шиеленісін» болдырмау және мемлекеттік қызметкер қызметке тағайындалғаннан кейін 60 күннің ішінде үекілетті лауазымды адамға өз мүлкі жөнінде құпия баяндама беруі. Бұл тәртіпті қылмыстық, конституциялық және әкімшілік нормалармен реттелінеді. Кодекстің үшінші бөлімінде мемлекеттік қызметті тастағаннан кейін қызметкердің тәртібіндегі талаптар, оның мақсаты – мемлекеттік қызметте «мұдде шиеленісінің» нақты, әлеуметті мүмкіндіктерін азға жеткізу, мемлекеттік емес ұйымның атынан жұмыстан кеткеннен кейін өкілетті мекемелерге кіру мүмкіндігін, мемлекеттік қызметті тастағаннан кейін жұмыс іздеуге өзінің қызметін әділетсіз түрде пайдалану. Осы айтылған мақсаттарының бәрін мемлекеттік қызметкер мемлекеттік қызметтен тыс жұмысқа орналасуға және іздеуге құқықсыз. Кодекстің үшінші бөлімінде талаптарын орындаған мемлекеттік қызметкер тәртіптік жазага ұшырайды. Кодекстің төртінші бөлімінде жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, «мұдде шиеленісі» жөніндегі ережелерді қадағалау құқықтарын бекітеді.

АҚШ пен Канададағы мемлекеттік билік жүйесінде сыйайлас жемқорлықтың алдын алу мен жолын кесу тиімді әдістерінің бірі:

1. Өз мұддесіне қарай мемлекеттік мүлікті және ресурстарды пайдалануға шектеу қою.
2. Сыйлықтарды алуға тыйым немесе шектеу салу.
3. Үкіметті ведомство немесе министрлік алдына өтініш берген бұрынғы мемлекеттік қызметкерлердің істеріне шектеу қою.

Қорыта айтқанда, АҚШ мен Канада заң жүйелері мемлекеттік қызметте мұдде шиеленісін болдырмайтын әкімшілік кодекс және тәртіптің әдеп қалыптарын қосады, осының нәтижесінде қызметкерлер арасындағы адалдық пен кәсіптіктің ең жоғары деңгейіне жетуін талап ететін мемлекеттік ресурстарды пайдалану. Осындаид көргендей, АҚШ пен Канадаңың мемлекеттік қызмет туралы заң жүйесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің қалыптасуына пайдаланған бірқатар тәсілдер бар.

Сыйайлас жемқорлық - қоғам мен мемлекеттің қылмыстық сипат алуы сияқты қауіпті ұғым. Оның жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіптілігі – ол мемлекеттіліктің негізін құлдыратып, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді. Ол бүкіл әлемдік мәселе, соның ішінде Сингапур – Азиядағы сыйайлас жемқорлық құбылысы

мардымсыз елдердің бірі. Ол Швейцария мен Австралиядан кейінгі 3 орында деп жарияланған. Арнаулы зерттеулерге жүгінсек, ол 12 Азия мемлекеттерінің ішінде ең аз сыйбайласқан мемлекеттердің бірі болып табылады. Сыйбайлас жемқорлықпен күрес барлық елдердің заңнамаларында қарастырылған, бірақ Сингапур үкіметі сияқты жүйелі, әрі қатан заң талаптары - біраз елдердеғана бар. Сингапурдың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты өзінің жетістіктерімен таңдандырады. 1960 жылдан бастап мемлекет көшбасшылары бастаған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жан-жақты бағдарламаны жүзеге асырды.

Сыйбайлас жемқорлық әрекетке қызығу себептерінің азаюы. 1959 жылы Сингапур мемлекеті өте кедей болғандықтан қызметкерлердің жалақысын көтере алмады. Есесіне олар барлық заңдарында жемқорлықты туындататын мүмкіндіктерді жойды, әрі жемқорлық жасаған қылмыс үшін жазаны қатайта түсті. Экспремьер-министр Ли Куан Ю 1985 жылы 22 наурызда өткен парламентте жариялагандай, мемлекеттегі басшы қызметкерлер мен саяси көшбасшылардың жалақысын көтеру салдарынан – жемқорлықтың туындауына себеп болатын стимулдарды жояды. Себебі, оларға қажетті мөлшерде енбекакы төленбесе, оларды жемқорлық әрекеттер нәтижесі қызықтырып, өз арнасына тартып әкетуі мүмкін. Осылан орай, Сингапур мемлекетінің мемлекеттік қызметшілерінің жалақысы 1973, 1979, 1982, 1989 және 1994 жылдары біршама деңгейге көтерілді. Сонымен Сингапур мемлекетінің жемқорлыққа қарсы күрес 1960 жылдан бастап он нәтижесін бере бастиды:

1) жемқорлық әрекеттердің бой алуына кедергі болатын мүмкіндіктерді РОСА мен СРІВ-тің күрес тәсілдерін бірлесе қолдану арқылы қол жеткізді.

2) Саяси көшбасшылар мен басты мемлекеттік қызметшілердің жалақысын жоғарыда айтылған әрекеттерге бару мүмкіндіктерін азайту мақсатында кезең – кезеңімен көтеру арқылы он нәтижелерге қол жеткізді. Сингапурдың жемқорлыққа қарсы күрес тиімділігін айтқан кезде, белгілі бір шешімге келер алдында, екі бірдей күмәнді мәселенің басын ашып алған абзал. Біріншіден, Сингапурлық модельді басқа мемлекеттерге көшіріп, қондыра салу ақылға сыймайды, ейткені әр мемлекеттің өзіндік тарихи ерекшеліктері, географиялық, экономикалық, демографиялық және саяси ерекшеліктері бар. Екіншіден, тағы бір қателіктен сактандырмаса

болмайды, өйткені сингапурлық модель көп қаржылық шығындарды талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрек заңнамасы заң талаптарын орындаудан жалтаруга мүмкіндік бермейтіндегі өмірдің сан-алуан жағдайларын қарастыратындей жан-жақты мәселелерді қамтулары тиіс және өзекті мәселелерді қайталай қарастырып, қажетті жағдайда өзгерістер енгізуге мүмкіндік тұтызу жағдайы да қарастырылуы абзал. Мемлекеттік қызметшілер мен саяси көшбасшылар арасында жемқорлық әрекеттерге баруды азайтудың жолдары ретінде олардың жалақылары мен кейбір берілетін женілдіктерін жеке сектордың деңгейіне салыстырмалы түрде тақатса, осы бағыттағы жұмыстың қомақты жетістігі болар еді. Басқа сөзben айтсақ, саяси көшбасшы мен мемлекеттік қызметшілердің төмен жалақысы лауазымдық қызметтері мен жауапкершіліктерінің салмағына сәйкес болмағандықтан, жемқорлықтың түрлі сиқырына төтеп бере алмайды. Бірақ та, мемлекетте экономикалық деңгейдің дамуында белгілі бір алға жылжушылық пен қаржының қосымша көздері болмаса, үкімет бұл қызметшілердің жалақысын көтеруге мүмкіндігі болмайды. Яғни, мемлекеттік сектордың болашағына мемлекеттік қызметшілердің жалақысының төмендігі қолайсыз жағдай тудыруы әбден мүмкін, өйткені, дарынды мемлекеттік қызметшілер жеке кампанияларға жұмысқа кетіп қалу қаупі бой көтереді. Себебі, онда жалақы әлдеқайда жоғары, ал қабілеті төмендер орындарында қалып, мардымсыз жалақыларының өтемін жемқорлық жолмен табуға тырысады.

Жоғарыда айтқандарды қорыта келе, Сингапурдағы жемқорлық әрекеттердің азауына екі жақты саясат, яғни, жемқорлықтың туындауына мүмкіндіктің азауы және оған қызығушылық тудыратын құбылыстардың жойылуы әсер етті. Шындығында, ондай күрек жолдары он нәтижелерге қол жеткізді деуге болады. Бұған мықты саяси қаржылық керек. Егер осы айтылғандарды жүйелі түрде іс жүзінде асырмаса, мақсатқа жетуге қынданатады.

Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты идеясы мына қағидаларды басшылыққа ала отырып шешіледі:

- мемлекеттік қызметкерлердің орташа жалақысы жеке секторда табысты жұмыс істейтіндердің жалақысымен теңестірілген.

- сыбайлас жемқорлық жағдайына байланысты шенеуніктер ісіне қатаң бақылау жасау.

8-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстырының пайда болу себептері мен шарттары

8.1 Сыбайлас жемқорлық қылмыстырының себептері мен шарттары

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттеген кезде мынадай сауал туындаиды: сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері қандай және осы құбылыс неліктен осындай түрде жүзеге асады¹. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептерін зерттеу барысында бірқатар киындықтарға тап боламыз. Кейде бір фактіні сыбайлас жемқорлықтың себептері ме әлде салдары ма екенін анықтау да қыындық туғызады². Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері жүйеленіп, мынадай жіктелім ұсынылады: әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырылған, құқықтық себептер, сондай-ақ мәдени-этикалық сипаттағы факторлар. Осы себептердің әрқайсысина тоқталайық³.

Әлеуметтік-экономикалық себептер. Сыбайлас жемқорлықтың кеңістік ерекшеліктерін талдау кезінде айқындалғандай, елдегі сыбайлас жемқорлықтың өріс алу дәрежесі экономиканың даму деңгейіне тікелей байланысты. Алайда керісінше фактіні байқауға да болады. Халықаралық Валюта қоры жүргізген зерттеудің нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық ел экономикасының дамуына едәүір кедергі келтіреді. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық елге келетін инвестициялар легін қысқартатыны, дарынды адамдарды өнімсіз жұмысқа тартатыны, бай табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға жол беретіні, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құрылымдық экономикалық өркендеуді арттыруға бағытталған реформалардың жүргізуін төжектіні айқындалды. Елдің табиғи ресурстармен (орман, минералдық, су ресурстары) жақсы қамтылуы да сыбайлас жемқорлықтың дамуының бір

¹ Качановский Ю.В., Широков В.А., Плесовских Ю.Г. Антикоррупционная политика и законодательство. Хабаровск, 1999. 20-25 б.

² Турсынбаев Д. Причины и условия, порождающие коррупцию в Республике Казахстан. //Фемида. - №2. 2008. 13-15 б.

³ Амитхаба Мукерджи. Коррупция в Казахстане. //Материалы международной научно-практической конференции. Астана: Акмолинская полиграфия, 1999. 44 б.

факторы болып есептеледі. Елдегі бұндай байлыққа екі тұрғыдан қаруға болады. Бір жағынан, елде бай табиғи ресурстардың болуы ел экономикасы өркендеуінің негізі болып, сыйбайлас жемқорлықтың тәмендеуіне себеп болуы керек. Екінші жағынан, табиғи байлық ел экономикасының өркендеуін емес, өзіне пайда алушы мақсат тұтқан сыйбайлас жемқорлық субъектілерін қызықтырады⁴. Халықаралық Валюта коры жүргізген зерттеу көрсеткендегі, сыйбайлас жемқорлық мемлекетке түсетін жылдық табысты тәмендетеді, себебі салық төлемеудің, салық төлеуден заңсыз босатудың мүмкіндіктері пайда болады немесе салық басқармасы әлсіз жұмыс істейді. Жемқорлықтың өріс алу себептерінің аса маңыздысы - мемлекеттік және жеке секторлар қызметкерлерінің еңбекақы қолемі. Әрине, еңбекақысы тәмен болғандықтан, шенеуніктер қосымша табыс көздерін іздестіреді, осындай жағдайда шенеуніктер ресми қызметтік міндеттерін асыра пайдаланып, пара алады. Мемлекеттік қызметшілердің табысы үлкен қолемді болғандықтан, олар өз қызметінің қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қарамағындағы қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық әрекеттерін жасамауына жағдай туғызады: қызмет бабында өз міндеттерін адал да мінсіз орындаған қызметшілерді көтермелейді, сыйақы беруге ұсынады, заңды тұрде лауазымын көтереді. Осындай жағдайда лауазымды тұлғалар өз құзыреті шенберінен шықпауга, заңды бұзбауга, әділ әрі адал болуға тырысады.

Білім беру жүйесі экономиканың өрістеуінің аса маңызды жетістіктерінің бірі болып саналады. Қоғамның білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым моральдық-адами және құқықтық нормалардың бұзылуы өте сирек кездеседі. Осыған орай, қоғамның білім деңгейі мен сыйбайлас жемқорлықтың даму деңгейінің арасында тиісті дәрежеде байланыс бар деген ойдамыз. Айтылғандарды қорытындылай келе, айтатынымыз:

- жағымсыз элеуметтік-экономикалық факторлар кез келген мемлекетте сыйбайлас жемқорлықтың пайда болуы, өрістеуі және таратылуының себептері болып табылады.

⁴ Сулима И.И., Сулима Е.В. Природа коррупции и образование //Коррупция в органах государственной власти: природа, меры противодействия, международное сотрудничество. Н.Новгород, 2001. С. - 253-259.

- алайда жоғарыда көрсеткеніміздей, әлеуметтік-экономикалық факторлар белгілі бір жағдайларда сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қолданылған құралдар болуы әбден мүмкін.

Саяси себептер. Тәжірибе көрсеткендей, сыйбайлас жемқорлық мемлекеттің экономикалық және саяси дамуына кері әсер етеді. Сыйбайлас жемқорлықтың дамуына ықпалын тигізетін саяси факторларға мемлекеттік құрылымның ерекшеліктерін жатқызуға болады. Қоғамның демократиялануына байланысты сыйбайлас жемқорлық «жаңа» салаларды игерді, бұл – саяси партияларды, әлектораттықлау азырмандық қылмыстарды қаржыландыру, сайлауда сайлаушылар дауысының басым көпшілігін алуды қамтамасыз ету үшін саяси демеушілер жүйесін дамыту. Демократияландыру үдерісі саяси қызметті жүзеге асыру үшін орталық биліктің біршама өкілдіктерін аймақтық және жергілікті билікке беруді көздейді, ал бұндай жағдай кейбір басшыларға жаңа конституциялық өкілдіктерін асыра пайдалануға мүмкіндік береді. Осы пікірге Швейцария мемлекеті дәлел бола алды, ондағы демократияның тарихи тамыры тереңде жатыр. Тарихи дерек көздер көрсеткендей, мемлекетте басқару нысанының құрт өзгеруі де мемлекеттің құқық бұзушылықпен қатар жүреді, ал халық ондаған жылдар бойы саяси тұрақсыздықтан зардап шегеді. Мемлекетте қоғамдық-саяси бостандықтың орнығы азаматтардың өзін мемлекеттің толық құқылы мүшесі ретінде сезінуге, билікті жүзеге асыруға, қоғамның істеріне араласуға бейімдейді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құралы ретінде әлеуметтік-құқықтық бақылау Жапония мен АҚШ-та кең өріс алды.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шыгаруға болады:

- бостандыққа ие азаматтық қоғам - мемлекетте жемқорлық денгейі өте төмен болуының кепілі.
- саяси тұрлаулылық, үкіметтің, басшылардың жиі ауысуы, сыйбайлас жемқорлықтың өрістеуінің басты шарты.
- мемлекеттің жалпы саяси бағытының жиі өзгеруі елдегі әлеуметтік - экономикалық ахуалдың тұрақсыздығына әкеп соғады.

Ұйымдық-институционалды себептер. Соңғы кездері жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, сыйбайлас жемқорлық мемлекеттілікten институционалды негіздеріне сіңіп, олардың қызметтінің тиімсіздігі, дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан, есеп беру және бақылау жүйесінде нақтылық болмағандықтан кең

өріс алуда. Мемлекеттің ұлттық экономикаға араласу факторына нақтырақ тоқталайық. Экономика саласында мемлекеттің өкілеттігі кең тараған жағдайда сыйбайлас жемқорлықтың дамуына алғышарттар қалыптасады, ал бұл – «мемлекет қоятын шектеулерден қашудың бірден бір тәсілі». Шектеулер неғұрлым көп болса, соғұрлым сыйбайлас жемқорлық өрістеп, тамыры терендей түседі. Осы пікірді дәлелдеу үшін АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі жасаған Инвесторларға арналған Нұсқаулықтарды талқылайық. Осы Нұсқаулықта әлемнің 40 мемлекеттінде инвестиция салуға және іскерлік операциялар жүргізуге келтірілетін процессыалдық және әкімшілік кедергілер туралы баяндалады және осы кедергілерді еңсеру тәсілдері ұсынылады. Осы Нұсқаулықта көрсетілген бағдар барлық жағдайда бірдей емес: егер инвестордың жүргізетін жұмысы көп уақыт алатын, қымбат бағаланатын және құрделі болса, ол жоғары деңгейдегі сыйбайлас жемқорлыққа ұрынуы мүмкін. Мемлекетке инвестиция тарту ісінде жоғары лауазымдағы тұлғалар елеулі рөл атқарады. Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде үміткердің кәсіби біліктілігіне, мінездүлкіннен, моральдық-этикалық ұстанымдарына баса назар аудару қажет. Нұсқаулықтарды талдау барысында барлық 40 Нұсқаулыққа тән заңдылық байқалды: инвесторларға келтірілетін бюрократиялық кедергілер мемлекеттің құқықтың жүйесімен тығыз байланысты. Құқықтық жүйесі жалпы құқыққа негізделген мемлекеттерде (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия) бюрократиялық кедергілер жоқтың қасы, іс жүргізуде ашықтық басым, сол себептен сыйбайлас жемқорлық деңгейі төмен. Билік және сыйбайлас жемқорлықты бақылау бір-бірімен тығыз байланысты еkenі баршамызға мәлім. Сыйбайлас жемқорлық – биліктің қауқарсыздығының көрсеткіші. Накты институционалды ұйымның болмауы, қызметтің егжай-тегжейлі регламенттенбеуі, құқық бұзушылықтың бақыланбауы және жасалған қылмыс үшін жауапқа тартылмауы - басқару аппаратының қауқарсыздығына және сыйбайлас жемқорлықтың дамуына әкеп соғады.

Құқықтық сипаттағы факторлар. Сыйбайлас жемқорлық – бұл әлеуметтік жауыздық, біріншіден мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік түрде құлатады. Мемлекеттік аппараттың тиімсіз

ұйымдастырылуының салдарынан қоғамда құқықтық реттеудің кемшіліктері де орын алуы ықтимал. Құқықтық реттеудің кемшіліктеріне кейбір елдердің заңнамасында сыйбайлас жемқорлық сипатындағы мәмілелер жасасқаны үшін қылмыстық жауапқа тарту және жазалау жүйесінің болмауы, мемлекеттік қызметті өтеу жөніндегі нақты ережелер мен регламенттің жоқтығы жатады. Ал бұндай жағдай ұйымдастан қылмыспен астасып жатқан кәсіпкерліктиң және биліктің тығыз байланыста жұмыс істеуіне өте тиімді. Осыған орай фаворитизм, протекционизм, лоббизм өркендеуде. Сонымен қатар непотизм мен саяси демеушілік те кең тараған. Сыйбайлас жемқорлық қалыпты нормага айналады. Ал бұл – құқық қорғау органдарының, көп жағдайда осы органдардың өзі де сыйбайлас жемқорлыққа малынған, біріншіден, институционалды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге күші жетпейді, екіншіден құқық қорғау органдарын сыйбайлас жемқорлық субъектілері өз зандарына бағындырады. Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі жазаға тартылмагандықтан, қылмыстық істерін одан әрі жалғастыра береді. Көп жағдайда сот жүйесі сыйбайлас жемқорлық субъектісіне қатысты өз бетінше және тәуелсіз шешім шығара алмайды. Тәуелсіз құрылымдар енгізілген бірқатар елдер (АҚШ-та тәуелсіз прокурор, Гонгконгта, Сингапурде, Малайзияда, Тайванда тәуелсіз комиссия) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Бұндай мекемені құру кезінде билік пен мүлік, саясат пен ақша мәселесі жүйелі шешімін табуы керек.

Мәдени-этикалық сипаттағы факторлар. Сыйбайлас жемқорлыққа мәдени-этикалық факторлардың ықпал етуіне баға беру жеңіл емес, себебі бұл сала «материалды емес». Алайда қоғамның мәдениеттілігін сыйбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ретінде қарастыруымыз тиіс. Дін, мәдениеттің ажырамас бөлігі бола тұрып, қоғамда сыйбайлас жемқорлықтың дамуының алғышарттары болуы мүмкін. Сондықтан қоғамда бір әрекет норма деп танылса, оны қылмыс деп жариялау қызындық келтіреді. Осы жағдайға орай мынадай мысал келтірейік. Қытайда басты идеология конфуциандық болғанын білеміз, оның қағидаттары бойынша халық жогары қызметтегі адамдарды «әкеміз» деп қарастырган. Сондықтан қабылдауға келмегенмен гөрі, қабылдауға сыйлықсыз келгені наразылық туғызған. Байқағанымыздай, бір елде кейбір құбылыс сыйбайлас жемқорлық деп танылса, екінші елде оны

сыпайылық танытушылық деп біледі. Мәселен, «керек» адамды мейрамханаға шақыру, «ерекше» бір көмегі үшін біреуге құнды сыйлық беру, жоғары оку орнына тұсуге көмектесу тағы сол сияқты этикаға жатпайтын қылыш деп танылмайды.

Сөйтіп, сыйбайлар жемқорлық – бұл, біріншіден, мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден, мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, ушіншіден, қоғам мен мемлекет билігінің өкілдептіктерін моральдік тұрғысынан құлдыратады.

Көптеген қылмыстық топтар сыйбайласқан лауазымды тұлғалар мен біріге өз қалталарына мемлекеттік қайырылмайтын және салықсыз несиелер мен әлеуметтік көмек ақшаларын салып алды.

Осындай жағдайларда сот жемқорлығы әділ шешім қабылдаудың, қылмысты тергеуге шиеленістіру арқылы кедергі жасау, сот сенімін орындауға кедергі жасау, сот шеңберіне, сот мәртебесіне жеткісі келген тұлғаларды арандату сияқты әсер етуі мүмкін.

Жемқорлық тауарлық қарым-қатынасты кеңейтуде және шетелдік инвестицияларды тартуда ең үлкен кедергі болып табылады, өйткені ол дұрыс қызыметтік қарым-қатынас жасауға кедергі келтірді. Сонымен қатар көптеген шетелдік компаниялар белгілі бір иғіліктерге жету үшін парақорлықпен айналыспайды. Бұдан аса шетелдік мемлекеттердің салық заңнамасы бұндай іс-әрекеттерді көтермелейді. Ескертпе ретінде АҚШ заңнамасы басқа мемлекеттерде өз кәсіпкерлеріне пара беруді шектейді. Қорытындылай келе шетелдік кәсіп біздің еліміздің жемқорлықтың өсуіне ықпал жасайды ген түйінге келсек болады.

Жемқорлықтың ең негізгі зиян бұл мемлекетті беделіне кері әсер етуі. Ең соңғы мысал ретінде АҚШ-тың қазақстанға қатысты 1977 жылғы шетелдік жемқорлық қызыметі туралы актіні қолдануы туралы мәлімдеуін атуға болады. Бұл Заң америкалық компаниялардың шетелде жемқорлықпен айналысының алдын алу негізінде жасалған болатын. Осы Заң ойынша пара беру тілі шетелдерде қылмыс оқып саналатындығын көзіміз жеті. Осы құжаттың нормаларын біздің мемлекеттке қарсы қолдануды жариялағанының өзі Қазақстанның мемлекетаралық беделінің түсүіне алып келді.

Қазақстанда жемқорлыққа көп шалынатын бұл инвестициялау мен бюджет салалары, қазақстандағы жемқорлықпен айналыс процесі келесі феноменде анық көрінеді. Отандық компанияларға несие беру-65%, шетелдік басқармаға кәсіпкерлікті беру-55%,

жалпы жекешелендіру-50%, кіші жекешелендіру-50%, басқарушылық этиканы мемлекеттік және жергілікті деңгейде қалыптастру-34%, шағын қасіпкерлікке жол беру деңгейінде-17%. Алматыда жүргізілген сауалнама бойынша ҚР азаматтарының пікірінше жемқорлыққа келесі факторлар итермелейді: билікке қолжетімділік-37%, қаржыға қолжетімділік-34,8%, қызметтік өсу-13,6%, т.б-13,4%.

Көріп тұрғанымыздай жемқорлыққа себеп болатын факторлар көп, сол үшін онымен құрсу ең бастысы оны ескерту, ол жемқорлыққа қарсы құреспек бағытталған іс шаралар кешенін жасап шығуға жол ашады.

8.2 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмысқердің тұлғасы

Қылмысқер тұлғасына байланысты мәселелер криминологияғының дастырылған, сонымен қатар өте күрделі мәселелердің бірі. Себебі қылмысқер тұлғасы мәселесі кешенді түрде қарастыруды қажет етеді. Бұл адамның қоғам макулдайтын мінез-құлық үлгісінен ауытқуына ықпал етуші факторлардың көптігімен байланысты деп пайымдаймыз. Сондықтан қылмысқер тұлғасы мәселесі көптеген әлеуметтік ғылым салаларының назарында десек артық емес.

Қылмыс жасаушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ашу үшін біз ең алдымен тұлға, қылмысқер тұлғасы және рецидив қылмыс жасаушы деген ұғымдарға түсінік беруіміз қажет.

Жеке тұлға немесе адам болмысина қатысты анықтамалар есіреле психологияғының жиі кездеседі. Сәбет Бап-Бабаның берген анықтамасы бойынша «Адам – өмірдің ең жоғары даму сатысын, қоғамдық енбек үдерісінің өнімін, табиғилық пен әлеуметтікің ажырамас бірлігін танытушы тіршілік иесі». Ал мына автор жеке тұлғага тәмендегідей анықтама береді: «Жеке тұлға – көп қырлы түсінік. Ол қоғамдық қатынастардың әлеуметтік мәні бар қасиеттерін, тұрмыстық жеке нысандарын және адамның әлеуметтілігінің шегін көрсетеді». Ал В.Д. Филимоновтың пікірі бойынша жеке тұлға әлеуметтік, психологиялық және адамның биологиялық қасиеттері сияқты үш ұғымға негізделген түсінік. Берілген бұл анықтамалар мазмұны жағынан бірін-бірі

толықтыратын, адамның тұлғалық болмысын әртүрлі қырынан ашуға ықпал ететін ұғымдар деп санаймыз.

Жеке тұлға мен қылмыскер тұлғасының арасында үлкен айырмашылықтың бар екендігі анық. Дегенмен, «Қылмыскер кез келген басқа адам сияқты ең алдымен жеке тұлға. ...Қылмыскерді өзге адамдардан жасаған қылмысы ғана бөледі. Ол адамның белгілі бір жағымсыз қасиеттерінің көрсеткіші болып табылады». Сондықтан қылмыскер тұлғасы дегеніміз сыртқы мән-жайлар және жағдайлармен бірлесе отырып қылмыстық мінез-құлыққа әсер етуші жағымсыз әлеуметтік мәні бар қасиеттері көрініс тапқан, қоғамға қарсы бағытта қылмыс жасаған адам. В.Н. Кудрявцевтің пікірі бойынша «Қылмыскер тұлғасы кез келген адам сияқты оның психофизикалық қасиеттері мен әлеуметтік органдың өзара курделі байланысының өнімі». Қылмыс жасаушы тұлғаларды да жалпы қылмыскерге тән қасиеттер сипаттайтыны. Қылмыс жасаушы тұлғалардың өзге қылмыскерлерден айырмашылығы мен қоғамдық қауіптілігі оның мемлекет тарапынан белгіленген жазадан сабак алмауы, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалғандығына және жойылмаган сottalғандығының болуына қарамастан адамның қылмыстық ниетін жалғастыра беруі. С.П. Бузинованаң пікірі бойынша «Рецидивистер қылмыстық әрекеттерінің көп мәрте жасалуы және олардың жүйелілігімен ғана емес, сонымен қатар моральдық тұрғыдан тұрақсыз тұлғаларға, әсіреле жастарға көрі әсер етіп, оларды қылмыс жасауға тартатындығымен қауіпті», – деп белгілейді. Сондықтан қоғамға тигізер жағымсыз әсері мол рецидив қылмыс жасағандардың тұлғалық әрекшелігіне байланысты мәселе күрделі, әрі даулы және жан-жақты зерттеуді қажет ететін түсінік деп санаймыз.

Кез келген адам сияқты қылмыс жасаушы тұлғалардың да әрқайсының қайталанбайтын өз ішкі болмысы, ішкі әлемі бар. Сондықтан, қылмыстардың алуан түрлері мен оны жасаушы субъектілердің жеке әрекшеліктерін зерттеу мәселесі өте күрделі құбылыс. Фалымдар бұл мәселені карастыруда әлеуметтік ғылымдар мен психологияның түрлі әдістерін пайдаланады.

Психологтар ғылыми зерттеулер жүргізу барысында қылмыскер тұлғасы типологиясын пайдалана отырып, оған жан-жақты зерттеулер жасайды. Осы жерде типология дегеніміз не деген занды сұрақ туындауы мүмкін.

Типология – бұл негізінде объектілер жүйесін мушелеу және оларды ұлғі түріндегі модель немесе типті жалпылау көмегімен топтарға бөлуден тұратын ғылыми таным әдісі. Типология зерттеп отырған объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуга сүйеніп, олардың құрылымын көрсетіп, заңдылықтарын белгілеуге тырысады. Теориялық жағынан типология топтастырумен салыстырганда жоғары танымдылыққа ие.

Сонымен, қылмыскер жеке тұлғасы, оның ішінде рецидив қылмыс жасаушы тұлға типін білу рецидив қылмыс жасаушылардың нақты тобын, олар жасаған қылмыстардың өзара байланысын, олардың мінез-құлықтарына болжам жасауды белгілеуге және зерделеуге мүмкіндік береді. Адам қылмыскер болып тумай, түрлі өмір жағдайларына байланысты қылмыскер болып қалыптасады.

А.Б. Сахаров қылмыскер тұлғасын зерттеу барысында оларды төмендегідей топтастырады:

1. Бірінші рет жалпы әлеуметтік-оң бағытқа қарсы ауыр емес қылмыс жасағандар («кездейсок»);
2. Жағымды сипатталатын тұлғаның сыртқы жағдайлардың теріс әсерімен бірінші рет ауыр емес қылмыс жасауы («ситуативті»);
3. Бұрын құқық бұзушылықтар мен теріс қылық жағдайларға жол берген, бірақ бірінші рет қылмыс жасаған тұлға («тұрақсыз»);
4. Қылмысты бірнеше мәрте жасағаны үшін бұрын сотталған («қаскей»);
5. Аса қауіпті қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің санатына жататындар («аса қауіпті»).

Автор бұл топтастыруға бірінші рет қылмыс жасағандар мен рецидив қылмыс жасаушыларды енгізіп, қандай да бір қылмыстың қайталанып жасалғандығына тоқталып, оларды қаскей қылмыскерге жатқызу арқылы автор рецидив қылмыс жасаушылардың қоғамға қайшы бағытының тұрақтылығын ашады.

Ал мына авторлар рецидив қылмыс жасаушылардың 3 негізгі типін қарастырады:

А. Антиәлеуметтік типтегі рецидивистер – бұлар ең қауіпті, белсенді және қаскей қылмыскерлер. Оларға жоғары криминалды белсендерлік пен неғұрлым тұрақты мінез-құлық (бірізділік) тән. Осы типте аса қауіпті рецидивистер, «кәсіпкөйлар», рецидивист–гастролерлер басым, шамамен жалпы санының 40% құрайды.

Б. Ситуативті типтегі рецидивистер әлеуметтік құндылықтарға деген тұрақсыз қарым-қатынасымен, тұрақты имандылық қасиеттерінің жоқтығымен, он қасиеттерге қарағанда теріс әлеуметтік қасиеттерінің басымдылығымен ерекшеленеді. Олардың қылмыстарының сипаты өздері тап болған криминогенді өмір жағдайына байланысты болады. Жалпы рецидивистер ішіндегі олардың үлесі шамамен 30-35%.

В. Асоциалды типтегі рецидивистер іс жүзінде тұлғалық қасиеттерінің «жоғалуымен» сипатталады. Оларға бірнеше мәрте соттаған аға үрпақ өкілі жатады. Бұл типтегі рецидивистерге тән қасиеттер: интеллектілерінің шектеулі болуы, қылмыс жасау мотиві мен тәсілдерінің жұпнылығы, маскүнемділік, нашакорлық, психопаттық ауытқулар. Позитивті әлеуметтік бағыттарының, байланыстарының толықтай жоғалғандығы байқалады және араласатын ортасы өзі сияқты бейморальданған тұлғалармен шектелген.

З.С. Зарипов ұсынған топтастыруда да рецидив қылмыс жасаушылардың үш типі: 1) белсенді криминогенді; 2) тұрақсыз; 3) бейморальды деп белгіленіп, мазмұны жоғарыда көрсетілген авторлардың нұсқасымен үқсас. Яғни, бұл авторлар рецидив қылмыс жасаушы тұлғаларды дәл топтастырып, олардың ішкі болмысын ашуға ықпал етуші негізгі белгілерін нақты бере білген деп санаймыз.

Ал, А.И. Долгова ұсынған төмендегідей топтастыру қылмыскер жеке тұлғасын дәлірек ашуға ықпал ететін, көптеген криминологтар тарапынан мойындалған дәстүрлі белгілерге жатады:

1. Әлеуметтік-демографиялық белгілер.
2. Қылмыстық-құқықтық белгілер.
3. Өмірдің түрлі салаларындағы әлеуметтік көріністер немесе әлеуметтік байланыстар.
4. Өнегелік қасиеттер.
5. Психологиялық белгілер.
6. Физикалық (биологиялық) сипаттама.

Дегенмен, бізге А.Б. Сахаров ұсынған қылмыскер жеке тұлғасына қатысты топтастыру түрі онтайлы болып көрінеді:

1) әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық белгілер;

2) қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы әлеуметтік рөлдер мен қатынастар;

3) имандылық-психологиялық қасиеттері мен құндылықтары.

Б. Нақыповтың пайымдауы бойынша: «... криминологиялық, сонымен қатар, әлеуметтік әдебиеттерде «әлеуметтік-рөлдік тұжырымдама» көптеген зерттеушілер тараапынан қолдау таппайды».

Біз Б. Нақыповтың бұл пікірін негізге ала отыра, рецидив қылмыс жасаушы қылмыскердің тұлғалық қасиеттерін ашуда топтастырудың А.Б. Сахаров ұсынған нұсқасын ұстанамыз.

Сөйтіп, қылмыскердің жеке басы көптеген әртүрлі жағдайларға байланысты сипатталады. Оның әлеуметтік (саяси, еңбек, тұрмыстық, отбасылық және т.б.) байланыстары; оның моральдық-саяси қасиеттері (дүниетанымы, бағыты, сенімі, мұдделері); оның психологиялық көрсеткіші (интеллектісі, еркі, эмоционалдық ерекшеліктері, темпераменті); оның демографиялық және физикалық көрсеткіштері (жынысы, жасы, денсаулық жағдайы), өмірбаяны, өмірлік тәжірибесі, білімі, қоғам алдындағы жетістіктері мен кінәсі.

Жоғарыда көрсетілген топтастырудың әлеуметтік-демографиялық белгілеріне жеке тұлғаның жасы, білімі, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі, отбасылық жағдайы, жынысы, материалдық жағдайы мен тұрғын үй жағдайы жатады.

Адамның жасы мәселесіне келер болсақ А.С. Михлин: «Адамның жасы оның мінез-құлқының, мұдделерінің, қажеттіліктерінің, өмірлік жоспарлары мен денсаулық жағдайы, отбасын құруға қатысты мүмкіндіктері мен болашағы, мамандық, білім алуы туралы көрсеткіштерін барлығынан артық белгілейді», – деп адам жасына қатты мән беру қажеттігін айтады.

Біздің пікіріміз бойынша, адамның жасы көп жағдайда оның қажеттіліктері мен өмірлік мақсаттарын, қызығушылықтары мен өмір сүру салтын белгілең, ол жасаған құқыққа қайшы әрекеттерде көрініс табады. Ең алдымен біз рецидив қылмыс жасаушылардың бірінші қылмыс жасау кезінде жастарының нешеде болғанын білгіміз келді. Себебі, «қылмыстық әрекет неғұрлым ерте басталса, ол соғұрлым тұрақты, әрі ұзақ болады».

Б. Нақыпов та осыған ұқсас пікірді ұстанып, рецидив қылмыстылық себептері кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себебімен тығыз байланысты дегенді айтады. Оның пайымдауы бойынша, көптеген криминологиялық зерттеулер

рецидивистердің бірінші қылмыстарын 18 жасқа дейін жасағандарын көрсетеді.

Қылмыскер жеке басының әлеуметтік-демографиялық аспекттерін қарастыра отырып, көптеген авторлар отбасы – кез келген қылмыскердің мінез-құлқына әсер етуші фактор екендігін атап көрсетеді. Дегенмен, қылмыскерлердің басым бөлігі қылмыс жасау кезінде бойдақ болған.

Бірінші қылмыс жасағанға дейін отбасын құрған тұлғалар (отбасының сақталу немесе сақталмауына қарамастан) қылмыстың қайталануына сирек баруының өзі отбасы институтының жағымды әлеуметтік рөлінің барлығын белгілейді. Дегенмен, неке әр уақытта рецидив қылмыстылықтың қайталануын төмendetуге көмектеседі деп айта алмаймыз. Жаза орындау мекемесі қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша, әсіресе, сottalғанның жазасын өтеп жүріп отбасын құру жағдайы оның қылмыстық әрекеттен бас тартуына ықпал ете қоймайды. Себебі мұндай некелердің пайдакүнемдік мақсатта жасалу жағдайы жиі кездеседі еken. Сондай-ақ, сottalғандар арасында ажырасу фактілері де көнінен тарапған. Біз қарастырган істер бойынша жаза мерзіміне қарамастан сottalғандардың төрттен бір бөлігі ғана отбасын сақтап қалған. Қылмыс жасаушы қылмыскерлердің 52% тұрақты мекен-жайы жоқ болып шықты, 19% ғана өз баспаналары болып, қалғандары босап шықкан соң ата-ана, тұған-туыстарымен тұратындықтары анықталды.

Сottalғанның тұратын мекен-жайына байланысты мәліметтерді қарастыrap болсақ соңғы бес жыл ішінде ауыл тұрғындарымен салыстырганда қалалық адамдардың қайталап қылмыс жасауға жиі баратындығы анықталды. Сottalғандардың 54% қалалықтар және қалған 46% аудан орталығы, поселок сияқты елді мекен тұрғындары болып шықты. Бұл жағдайды біз қалалық жердегі тұратын жер, азық – тұлік сияқты адамның күнделікті қажеттіліктерін қанагаттандыру үшін қажет иғіліктердің ауылдық жермен салыстырганда қолжетімділігінің жогарылығымен байланыстырамыз.

Қылмыскердің қогамға қайшы мінез-құлқы туралы мәліметтер, қылмыстық әрекеттерінің жалғыз немесе топтық сипаттылығы, бұрынғы сottalғандығы немесе қылмысының нақты қайталану фактілері қылмыстық-құқықтық белгілерге жатады. Біз осыған дейін бірінші рет сottalған тұлғалардың басым бөлігінің

пайдакұнемдік қылмыстар үшін сottалғандығын айтып кеткен болатынбыз. Сондай-ақ, бірінші қылмысты жасау кезіндегі рөлдік қатынасына келер болсақ, жалғыз өзі жасағандар – 40%, ұйымдастыруши – 17%, орындаушы – 42% және 1% айдан салушы.

Кез келген адамның ішкі жан дүниесі оның имандылық-психологиялық қасиеттері мен құндылықтары арқылы көрініс тауып, индивид болмысының мазмұнын ашады деп ойлаймыз. Бұл жағынан адамның көзқарасы, сенімі, ұстанымы сияқты моральдық-психологиялық, дүниетанымдық және өнегелік қасиеттері маңызды болып табылады. Сондай-ақ, «қылмыскерлерге профилактикалық және қылмыстық-құқықтық әсер ету шараларының тиімділігі көбіне олардың ішкі әлемін нақты білуге байланысты».

Қылмыскер жеке тұлғасының болмысын зерттеген мына авторлардың пікірлері бойынша жеке тұлғаның психологиялық құрылымына ең алдымен адамның жеке психологиялық ерекшеліктері үдерісінде анықталатын және тәжірибемен келетін әлеуметтік қасиеттері жатады. Мұндай қасиеттер тұлғаның бағыттылығынан, оның моральдық қасиеттерінен, білімінен, дағдылары мен әдеттерінен, мәдени деңгейінен тұрады. Сондай-ақ, жеке тұлғаның психологиялық құрылымына психикалық үдерістердің дара ерекшеліктері (адамның есте сақтау қабілеті, ойлауы, көңіл-күйі мен еркі), темпераменті және психикасындағы патологиялық өзгерістер жатады. Н.С. Лейкинаның пікірі бойынша қылмыскер тұлғасының құрылымын төмендегідей болуғе болады:

1) қылмыстық мінез-құлқытың төмендегідей ішкі себептерін құраушы жағымсыз қасиеттер кешені (сенім, қажеттілік, мұdde, себептер мен жеке тұлғаның жағымсыз құндылық бағыттары);

2) жеке тұлғаның қылмыстық мінез-құлқының қалыптасуына ықпал етуші жақтары (маскүнемдікке бейімділік, өмірлік құндылықтарға деген асоциалды көзқарас, арамтамақтық, қаңғыбастық, психикалық ерекшеліктер мен жағдайлар және т.б. жағдайлар, мысалы күйзеліс пен психопатия);

3) жеке тұлғаның қылмыстық мінез-құлқын болдырмауда рөлі жоқ, алайда құқық бұзушыны оң жағынан сипаттаушы басқа да қасиеттері (еңбекке деген адаптациясы, тәртіптілігі және т.б.). Біздін ойымызша, қылмыскердің жеке басының әлеуметтік жағымсыз мінез-құлқын ашу үшін ол адамның өзге адамдармен, қоғамдық ортамен қарым-қатынас жасауына көңіл бөлген жөн. Сонда ғана оның бойындағы тұлғалық ақаулар мен ауытқулар

механизмін анықтай аламыз. Бұл жерде біз В.Д. Филимоновтың қылмыскерлерді топтастыру жеке тұлғаның қоғамға қайшы қатынасының сипаты бойынша жасалуы керек, себебі қандай да бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған адам әрекеттері мен әдістерінде оның объективті болмысқа деген қарым-қатынасы көрініс табатыны жайлы пікірі қөңілге қонымды болып көрінеді.

Сыбайлас жемқорлықта дендеген тұлғаның психологиялық портреті: өмірді материалдық игіліктер алу арқылы бағалау, молшылық өмірге ұмтылуды бақыт көрсеткіші деп санау, рухани әрекет ұстанымдарын ой елеғінен өткізбей уәждеу және құрылымдау, өмірге қанағаттанушылықтың төмен деңгейі, өзін-өзін барабар бағаламау, сыртқы бақылау фокусы (адамның өз өміріндегі оқиғалар үшін жауапкершілікті сыртқы факторларға: басқа адамдарға, тағдырга, кездейсоқтыққа, коршаган ортага жабу бейімділігі), әрекет етудің серпінді типі (сыртқы әсерлерге аяқ асты эмоциональдық әрекет жасайтын мінезі бар адам).

Сыбайлас жемқорлық әрекеті құрылымындағы психологиялық тетікті талдау. «Психологиялық тетік» деп кейбір функциональдық тұғастықты сипаттау түсініледі және қандай себептерге орай қандай да бір феноменнің пайда болатыны сипатталады. «Сыбайлас жемқорлық әрекетінің психологиялық тетігін» сипаттау үшін бұл процес қалай, қандай түрде жүзеге асырылатын, адамның бұл әлеуметтік әрекетін қоғам мен өзі қалай реттейтінін, бұл әлеуметтік құбылыс негізінде қандай психологиялық процестер, функциялар, феномендер жатқанын ұғыну қажет.

Сыбайлас жемқорлық әрекетінің психологиялық тетігін талдау ауытқытын әрекеттің психологиялық тұжырымдарына негізделген. Оларға фрустрация теориясын (Дж. Доллард, 1939; Э. Фромм, 1994), «үйретудің» бихевиористік теориясын (В. И. Полтавец, 1998) жатқызуға болады. Бірінші теорияның мәні ауытқымалы әрекеттің өмірлік маңызды жеке қажеттіліктердің фрустрация (қол жеткізудің мүмкін еместігі) нәтижесі ретінде сипатталатының білдіреді.

9 - тақырып. Сыбайлас жемқорлық үшін құқықтық жауаптылық

9.1 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауаптылық

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366-бабының ескертуі – «Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алды бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылымыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен кудаланады» - деп берілген. Атаған құқықтық жауаптылықтардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық:

Жалпы тәртіптік жауапкершілік – еңбек тәртібін бұзушыға құқықтық ықпал ету нысаны. Тәртіптік жаза қолданудан көрініс табады. Тәртіптік жауапкершілікке еңбек тәртібін бұзған жағдайда (себепсіз жұмысқа келмеу, енбектік міндеттерді орындау немесе тиісінше орындау) еңбек шартымен жұмыс істеп жүрген еңбеккер тартылады. Мемлекет қызметкерлер үшін лауазымдық өкілеттілік шегінен шығу мен мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамау да тәртіптік жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Тәртіптік жазаның ескерту, сөгіс, катаң сөгіс, қызметінен босату сияқты түрлері бар. Мемлекет қызметшіге бұларға қоса тәртіптік жаза ретінде қызметіне сәйкесіздігі туралы ескерту берілуі мүмкін. Тәртіптік жаза қолданылmas бұрын еңбеккерден жазбаша түсініктеме алынады және тәртіп бұзушылықтың деңгейі, оны жасау кезіндегі мән-жайлар және еңбеккердің біліктілігі мен мінезд-құлқы ескерілуге тиісті. Бір тәртіп бұзушылыққа бір тәртіптік жаза қолданылады. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық немесе қаулы еңбеккерге жарияланады. Мұндай бұйрық немесе қаулыны шағымдау тәртібі еңбек заңнамасында белгіленген. Кейбір қызметкерлер санатына қызмет ерекшелігіне орай тәртіп жарғысына сәйкес арнайы тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жаза қолдану үшін сыбайлас жемқорлық субъектісінің тәртіптік теріс қылық жасағаны негіз болады.

Үәкілетті адамның тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін сыйбайлас жемқорлықтың субъектісіне Занда көзделген тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жаза жасалған тәртіптік құқық бұзушылықтың ауырлығына, оны жасаған адамның кінәсінің дәрежесіне сәйкес келуі тиіс.

Тәртіптік жазаның түрін анықтау кезінде мыналар жиынтықта ескеріледі:

- 1) құқық бұзушылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) құқық бұзушылық жасалған жағдайлар (оны жасау уақыты, орны, тәсілі және басқа жағдайлары), әкімшілік мемлекеттік қызметшінің кінәсі;
- 3) жасалған теріс қылық салдарынан болған немесе болуы мүмкін теріс салдар;
- 4) оны жасаған адамның бұрынғы тәртібі;
- 5) тиісті қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі;
- 6) сыйбайлас жемқорлық субъектісінің жеке басын сипаттайтын басқа жағдайлар.

Тәртіптік жазаның келесі түрлері бар:

ескерту;

сөгіс;

қатаң сөгіс;

тольқы емес ресми сәйкестік туралы ескерту;

төмендету;

атқарған қызметінен босату.

Тәртіптік жазалар қолдану тәртібі

Үәкілетті тұлға келесі шешімдерді қабылдайды:

- 1) тиісті тәртіптік жаза қолданады;
- 2) жаза қолдану мерзімдері ішінде материалдарды қосымша қызметтік тергеуге жібереді;
- 3) тәртіптік жаза қолданбайды.

Қосымша қызметтік тергеу материалдарын Комиссия басқа құрамда қарайды.

Тәртіптік жаза қолданылған адамға тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қол қоюға қарсы жаза қолдану туралы акті шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлайды. Жазага тартылған адам бас тартқан жағдайда, оның қолымен танысады растау үшін бұл туралы жаза қолдану актісіне тиісті жазба енгізіледі немесе акт жасалады.

Егер адамды жаза қолдану актісімен таныстыру мүмкін болмаса, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оған актінің көшірмесін хабарлама жібере отырып хатпен жібереді.

Берілген тәртіптік жаза сыйбайлас жемқорлық субъектісіне тиісті мемлекеттік органның, оның алқасының отырысында немесе осы санкцияны қолданған уәкілетті адам анықтаған қызметкерлердің қатысуымен жариялануы мүмкін.

Егер қызметтік тергеу нәтижесінде сыйбайлас жемқорлықтың субъектісі қылмыстық құқық бұзушылықтың немесе әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері бар іс-әрекеттерді жасады деген қорытынды жасалса, уәкілетті тұлға алынған материалдарды дереу құқық қорғау органдарына немесе басқа органдарға береді.

Құқық қорғау органды мемлекеттік қызметшіге қатысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуінде тоқтатқан, бірақ егер оның әрекетінде тәртіптік теріс қылық белгілері болса, іс бойынша материалдар уәкілетті органға жіберіледі.

Тәртіптік жазалар уәкілетті тұлғаның бүйрықтарымен, әкімдермен тағайындалады.

Тәртіптік жаза қолдану туралы актіде жаза тағайындалған адам, жаза қолданылатын қылмыс және жазаның түрі көрсетіледі.

Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тәртіптік жаза қолданғаны туралы акт танысу үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылатын әкімшілік қызметкердің құрылымдық бөлімшесінің тікелей басшысына және мемлекеттік органның басшылығына жіберіледі.

Алынбаған тәртіптік жазалар туралы мәліметтер мен актілер мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) қызметкердің іс-тәжірибесін енгізу арқылы тіркеуге жатады.

Мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылық жасаған қызметкерлерге уәкілетті адам қолданған тәртіптік жазалар туралы ақпаратты персоналды басқару қызметі (кадр жұмысы бөлімі) міндепті түрде ұсынуға жатады құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органга.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілікке тартылған кездегі құқықтарының кепілдіктері.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылатын әкімшілік мемлекеттік қызметшінің өкілі болуы мүмкін.

Шағымдарды іс-әрекеттеріне шағым жасалып жатқан уәкілетті тұлғага жіберуге тыйым салынады.

Тәртіптік жаза қолдану туралы шешімге шағым оның орындалуын тоқтатпайды.

Тәртіптік жазалау шаралары Кодекстің 65-бабына сәйкес қолданылуы тиіс.

Тәртіптік теріс қылық анықталған кезде тікелей, бірақ ол анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады. Тәртіптік теріс қылық анықталған күн деп, жұмыскер бағынышты болған адамға (тікелей басшыға) немесе өзге адамға тәртіптік теріс қылық жасалғаны туралы мәлім болған күн есептеледі.

Тәртіптік теріс қылық жасаған жұмыскер енбекке уақытша қабілетсіз болса, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару уақытына жұмыстан босатылса, демалыста немесе вахта-аралық демалыста жүрсе; іссапарда болған жағдайда; жаза теріс қылық жасаған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады. Бұл ретте, жогарыда көрсетілген жағдайлар бойынша жұмыста болмаған жұмыскерге тәртіптік жазага тартудың мерзімінің ұзактығы тоқтатылады.

Тәртіптік жаза қолдану туралы акт ол шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тәртіптік жазаға тартылған жұмыскерге қолын қойғызып хабарланады. Жұмыскер жұмыс берушінің актісімен танысқанын қол қойып растаудан бас тартқан жағдайда, тәртіптік жаза қолдану туралы актіде ол туралы тиісті жазба жасалады. Жұмыскерді жұмыс берушінің тәртіптік жаза қолдану туралы актісімен жеке таныстыруға мүмкіндік болмаған жағдайда, жұмыс берушінің актісі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыскерге хабарламасы бар хатпен тәртіптік жаза қолдану туралы актінің көшірмесін жіберуге міндетті. Егер жұмыскер тәртіптік жаза заңсыз қолданылды деп есептесе немесе басқа да себептерге байланысты өзіне тәртіптік жаза қолданумен келіс-песе, ол ҚР заңнамасымен анықталған тәртіппен шағымдануға құқылы.

Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау ҚР Енбек Кодексінің 66-бабының 5-тармағымен қарастырылған. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауга қызметкердің жүрістүрьесі, оған берілген міндеттерді уақытылы және адал ниетпен орындауы негіз болады.

Тәртіптік жаза қолдану мерзімі ол қолданылған күннен бастап алты айдан аспайды.

9.2 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауаптылық

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

Соңғы онжылдық мемлекетіміздің «ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін» негізгі көздердің бірін білдіретін сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеуге және жемқорлыққа қарсы құрестің құқықтық шараларын жетілдіруге деген жоғары қызығушылықпен сипатталады.

Мемлекеттік билік органдарында сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен мұдделеріне нұқсан келтіреді, демократиялық ұстанымдары мен құқықтық тәртіпі бұзады, мемлекеттік аппараттың қызметін төмендетеді, мемлекеттік реформаларды өткізуге кедергі келтіреді, сайнап келгенде, азаматтардың билікке сенімін жояды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы курс туралы» Занның 2-бабының 1-бөлігінде сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік иғліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған иғліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы ұғынылады.

Бұл ретте, ең алдымен, сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық арасындағы салдардың ауырлық дәрежесі бойынша нақты бағытты жүргізу кажет.

Сыбайлас жемқорлықпен құрестің халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлық сипаттағы әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін ұлттық заңнамадағы нормаларды белсенді дамытуды, қылмыстық жауапкершілік шараларының алдында алдын алу шараларының басымдығын дәлелдеп отыр.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық мінез-құлыштық стандарттарын тәртіптік, қылмыстық және әкімшілік ықпал ету шараларының көмегімен тұрақты қолдау керек. Мұндай шаралар қылмыстық жауапкершілікке қарағанда тиімдірек, өйткені оларды қолдану жедел рәсімге байланысты; мемлекет тарапынан елеулі материалдық шығынды және құқық қорғау органдарының күш-жігерін талап етпейді; мемлекет ұстануы тиіс жазалау- тәрбие саясатының негізгі қағидаттарының біріне толық сәйкес келеді, жаза неғұрлым тиімдірек болса, соғұрлым ол тезірек қолданылады. Сонымен қатар, жасалған құқық бұзушылық үшін жаза қолдану процесі ұзағырақ болса, ол жазасыз қалады деген ықтималдық көп болады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында әкімшілік құқығының маңызды құрамдас болігі ретінде әкімшілік-деликт құқығы қаралады, оның дамуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жақартумен байланысты. Мұндай заңдардың негізіне, Тұжырымдамада атап көрсетілгендей, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы, тікелей қолданыстағы заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын анықтайтын конституциялық нормаларды тану жатуға тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың маңызды міндеттерінің бірі бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, әкімшілік- құқықтық шаралармен коғамдағы қақтығыстардың алдын алу болып табылады. Әкімшілік-құқықтық санкцияларды қалыптастыру кезінде, Тұжырымдамада қоғамдық қауіпшілік деңгейінің мөлшерін, құқық бұзушылық сипатын бұлжытпай сақтау, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық санкцияларды айқын шектеу ұсынылады. Бұл ұсынымдар ерекше өзекті, өйткені көбінесе жасалған құқық бұзушылық үшін мөлшерлестік қағидатын бұзу, әкімшілік репрессивтік санкциялардың қылмыстық санкцияларға айналуы байқалады. Әкімшілік құқық бұзушылық мемлекеттік-біліктік қатынастар саласында, мемлекеттік басқару жүйесінде жиі көрініс табады.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексінің, (бұдан әрі – ӘҚБТК) «Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық» 2-бөлімінің 3-тaraуы 25-бабына сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық

көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе занды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (1-тармақ). Егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заннамага сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындарды (2-тармақ).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде бірқатар сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін бірнеше нормалар бар.

Бірақ айта өту керек, жауапкершіліктің басталмауы осы нормаларды бұзу белгіленген қағидалар мен тыйым салуларды толықтай елемеуге әкеледі. Бұл сыйбайлас жемқорлық әрекеттерге жатады: белгілі бір мемлекеттік қызметші үшін моральдық-этикалық түсінік бойынша мүмкін емес нәрсе, егер ол өзінің әріптері үнемі солай әрекет етсе, мүмкін болып табылады.

Осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе занды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (8, 1-б. 25-бап).

Өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтардан айырмашылығы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрқашан қасақана әрекет түрінде жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар құрамын ескере отырып, әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деп мемлекеттік функцияларды орындауға үекілетті тұлғаның немесе оған теңестірілген тұлғаның қоғамға әдейі қауіпті әрекеті, өзінің әкілдегіне кіретін іс-әрекет (әрекетсіздік) үшін сол тұлғаның пайдасына материалдық игіліктерді жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз алудан көрінуі, сондай-ақ егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, сыйақы ұсыну бойынша жеке тұлғаның қасақана іс-әрекеттері түсіндіріледі.

Бұл ұғым сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың материалдық мазмұнын, зандық табиғаты мен әлеуметтік мәнін ашады және сол арқылы қоғамдық қауіптілік, құқыққа қайшылық,

жазалану, кінәлілік пен қол сұғушылық объектісі ретіндегі оның белгілерін айқындауды.

Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық құрамы Кодекстің 34-тарауында баяндалған және алты бапта тіркелген:

- жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (676-бап);
- мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуды (677-бап);
- заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (678-бап);
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуды (679-бап);
- мемлекеттік органдар басшыларының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша шара қолданбауды 680-бап);
- бүрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғалардың жұмысқа қабылдануы (681-бап).

Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар құрамы.

Осындағы құқық бұзушылықтардың құрамы өзара негізделген және өзара байланысты төрт элементтен тұрады: субъект, объект, объективті жағы және субъективті жағы.

Субъект – бұл құқық бұзушылық жасаған және заңда белгіленген белгілері бар құқықтық жауапкершілікті атқаруға қабілетті адам (8, 26, 28, 30-34 баптар).

Барлық сыйбайлас жемқорлық әрекеттер оларды арнағы субъектінің – мемлекет функцияларын орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның және оған теңестірілген тұлғаның жасаудың болжайды.

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

- 1) мәслихаттардың депутаттары;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.
3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:
 - 1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;
 - 2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, соңдай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік үйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын үйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес үйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес үйымдарға тиесілі занды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері тенестірледі.

Осы Занда мемлекеттік үйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын үйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес үйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес үйымдарға тиесілі занды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар болып көрсетілген үйымдарда тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша үйымдастырушылық-әкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адамдар танылады.

Үйымдастырушылық-әкімшілік міндеттер деп адамдардың заннамада және үйымның атқаруши органдарының құрылтай құжаттарында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру жөніндегі қызметі түсініледі. Бұл міндеттерге ұжымға жалпы басшылық жасау, кадрларды орналастыру және іріктеу, бағынышты адамдардың жұмысын үйимдастыру және бақылау, көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану шараларын қолдану арқылы енбек тәртібін сақтау жатады.

Әкімшілік-шаруашылық міндеттер деп толық материалдық жауаптылық жүктелген тұлғалардың берілген өкілеттіктердің шегінде мүлікті, соның ішінде үйымның балансындағы және банк

шоттарындағы ақшаны басқару және оларға билік ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруы түсініледі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға үәкілдепті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асыруши, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік иғліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады (2, 3-баптың 4-тармағы).

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 12) тармақшасында мемлекеттік қызметші үғымына анықтама берілген, «мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттік міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілдептіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы».

ҚР ӘҚБтК 28-бабына сәйкес, әкімшілік жауаптылыққа: әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға, сондай-ақ заңды тұлға жатады. Бұл ереже негізінен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне де қолданылады. Сыйақы берушінің мүддесі үшін құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін лауазымды адамға сыйақы беретін субъект 16 жасқа толған жеке тұлға, сондай-ақ заңды тұлға болуы мүмкін. Заңды тұлғаның әкімшілік жауапкершілігінің ерекшелігі заңды тұлғаның атынан құқыққа қарсы сыйақыны заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы не заңды тұлғаның атқарушы органы атынан өзге жеке тұлғаның ұсынуын білдіреді.

ҚР ӘҚБтК 29-бабына сәйкес, осы Кодексте көзделген құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған кезде ақыл-есі дұрыс емес жағдайда болған, яғни өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіпшілігін сезіне алмаған немесе оларды созылмалы психикалық ауруының, психикасының уақытша бұзылуының, ақыл-есі кемдігінің немесе психикасының өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан басқара алмаған жеке тұлға әкімшілік жауаптылыққа жатпайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны әкімшілік және өзге де заңмен көзделген жауапкершіліктен оның есі

дұрыс емес болуына байланысты босату үшін негіз ретінде тек сопт-психиатриялық сараптаманың қорытындысы болуы мүмкін. Егер әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаган оның адамның есі дұрыс емес екендігі белгілі болған жағдайда іс бойынша іс жүргізуі бастауга болмайды, ал басталған іс құқық бұзушылық құрамы болмауына байланысты қысқартылуға жатады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңынң 1-бабы 12) тармақшасы бойынша шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар мемлекеттік қызметшілер болуы мүмкін емес.

Барлық сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың объектілері мемлекет функцияларын орындауға уәкілетті тұлғалардың қызметтік өкілеттігін жүзеге асыруының белгіленген тәртібі болып табылады.

Сонымен қатар, әрбір нақты сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа уәкілетті тұлғалардың мемлекет функцияларын орындауына байланысты оның тікелей объектісі болады. Мысалы, мемлекет функцияларын орындауға уәкілетті тұлғалардың заңды және жеке тұлғаларға ақпаратты ұсынуының белгіленген тәртібі; осы адамдардың өзге де тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде жәрдемдесуінің белгіленген тәртібі және т. б.

Барлық сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың объективті жағы әрекет етуімен (мысалы, заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару заңсыз кірістер алуы) немесе әрекетсіздігімен (сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша мемлекеттік органдар басшыларының шара қолданбауы) сипатталады.

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады: кінәлі адам өзінің қогамға қауіптілігін және өзі жасаган әрекеті немесе әрекетсіздігінің және оны жасағысы келетін істің заңға қайшы екенін сезінеді. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың кейбір құрамдарына мақсат және мотив тән. Бірде-бір сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық абайсызда жасалмайды.

Мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының аса қауіпті нысандары болып табылатын, ен көп таралған құқық бұзушылық қатарына мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруын, мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке немесе

занды тұлғалардан заңсыз материалдық сыйақы алуын жатқызуға болады.

Әкімшілік жауапкершілік және оның түрлері әкімшілік құқық бұзушылық құрамының элементтеріне жатпайды, заңды жауапкершілік түрі ретінде әкімшілік құқық бұзушылықтың белгісі болып табылады.

Жекелеген мемлекеттік міндеттерді атқару тәртібі туралы заңдарға сәйкес, (мәслихат депутаттарының, судьялардың мәртебесі, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының қызмет өткериуі туралы, сыйайлас жемқорлыққа байланысты өзге де ықтимал құқық бұзушылық субъектілері туралы) сыйайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулер мен тыым салу көзделетін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

«Сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының З-бабында көрсетілген субъектілер сыйайлас жемқорлыққа байланысты сыйайлас жемқорлық іс-әрекеттерді және өзге де әрекеттерді жасаганы үшін КР ӘҚБТК негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Судьялар, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және өзге де көрсетілген саяси мемлекеттік қызметшілер әкімшілік құқық бұзушылық жасаганы үшін Кодекс негізінде әкімшілік жауаптылыққа тартылады, бірақ олардың мәртебесі туралы тиісті заң актілерінде белгіленген арнайы рәсімдер алдын ала сақталады.

Әкімшілік сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаганы үшін КР ӘҚБТК-де әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күнгі айлық есептік көрсеткіштің қатаң бесіншілген көлемінде әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жазағана белгіленген.

Бірінші сатыдағы сottың судьясы немесе апелляциялық сатыдағы сottың судьясы жеке тұлға жасаған (мүліктік игіліктер түрінде сыйақы алған немесе берген) әкімшілік сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде, егер осы тұлғага қатысты оның жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар болса және мұндай жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар жоқ болса, әкімшілік айыппұл сомасын қысқартуға, бірақ айыппұлдың жалпы сомасының отыз пайзызынан аспайтындей етіп қысқартуға құқылы қысқартуға құқылы екенін ескеру қажет (8, 819-баптың 2-бөлігі). Заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік айыппұлдың мөлшерін қысқарту көзделмеген.

Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Кодексте жеке және занды тұлғаларға қатысты әкімшілік жазаның өзге де негізгі немесе қосымша түрін қолдану мүмкіндігі көзделмеген.

Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза тағайындау қағидасы ҚР ӘҚБтК-нің 7-тарауымен реттеледі. Оларға сәйкес әкімшілік жаза:

- ҚР ӘҚБтК-нің 676–681-баптарында белгіленген санкциялар шегінде сот қолданады;
- әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке тұлғасына сәйкес, әділ болуы тиіс;
- жеке тұлғага әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамның сипатын, айыпталушының жеке басын, ескере отырып, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және кейінгі мінез- құлқын, мүліктік жағдайын, мән-жайларын ескере отырып, женелдететін және ауырлататын жауапкершілік жүктеледі;
- занды тұлғага әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық сипатын ескере отырып, үйымдық-құқықтық нысанындағы жаза қолданылады;
- бір тұлға екі немесе одан да көп әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда әрбір құқық бұзушылық үшін жеке- жеке қолданылады;
- егер адам бір мезгілде бір судья қарастыратын бірнеше әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған болса, Кодекстің 44-бабы 2-бөлігінде көзделген әкімшілік айыппұлдың үш мәрте мөлшерінен аспауы тиіс;
- әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға, егер оны жасау күнінен бастап бір жыл өтсе, ал занды тұлға – егер оны жасау күнінен бастап үш жыл өтсе, жауаптылықта тартылмайды (8, 62-баптың 2-бөлігі). Қылмыстық істі тоқтатқан жағдайда, егер тұлға әрекеттерінде әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болса, бұл тұлға қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шыққан күннен бастап үш айдан кешіктірмей, әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа қатысты ұзаққа созылған немесе жалғасқан әкімшілік құқық бұзушылық

үшін есептелеңін әкімшілік жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімі қолданылмайды.

Егер бұрын жасалған әрекет үшін әкімшілік жаза қолданылған күннен бастап бір жыл ішінде жаңа іс-әрекет жасалса, тұлға әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты қайтадан жасаған болып саналады. Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулыны судья шығарған күн құқықтық мәннің қайталану белгісін білдіреді.

Осы адамды әкімшілік айыппул түрінде әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы судьяның қаулысы толық орындалған күннен бастап бір жыл ішінде тұлға әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасаған болып саналады. Қаулы әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның ерікті түрде немесе мәжбүрлеу тәртібімен орындалуы мүмкін, ол жалақысынан әкімшілік айыппул сомасын ұстап қалу жолымен немесе жеке, үлестік немесе бірлескен менишік құқығындағы құқық бұзушыға тиесілі мүлікті өндіріп алу арқылы жүзеге асырылады.

ҚР ӘҚБтК-де қосымша әкімшілік жаза ретінде әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу қарастырылған, бірақ әкімшілік жазаның сол түрі үшін Кодекстің тиісті балтарымен санкция көзделген жағдайда жүзеге асырылады (8, 41-баптың 1-бөлігі 3) тармағы, 45-бап).

Алайда, әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін сыйакы мәні (негіzsіз баю) болып табылатын мүлікті тәркілеу көзделмеген.

9.3 Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауаптылық

Қылмыстық сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

Қазіргі заман жағдайында сыйбайлас жемқорлық қылмыс жаһандық жалпы адамзаттық проблемага айналды, осыған байланысты, оған қарсы іс-қимылдың жаңа ережелерін әзірлеудің өткір қажеттілігі туындалған отыр.

Интернеттің дамуы жаһандық әлемдік нарықтың туындауына алып келді, коммуникациялардың көмегімен сыйбайлас жемқорлық қызметінен, оларды шетелде жасырудан түсken кірістерді қолма-

қол ақшага айналдыру және зандастыру мүмкіндіктері артты. Көптеген елдерде осы үрдісті белең алғып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннама базасын жаңғырту басталды.

2003 жылы қабылданған БҰҰ Конвенциясы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі нормативтік күкүктық актіні білдіреді, онда әлем елдерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заннамасын әзірлеу бағдарлары мен бағыттары көрсетілген. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қантардағы ҚР Заңының 6-бабында сыйбайлас жемқорлық еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қауіп құрамында көрсетіледі.

Осы жағдайда көптеген елдердің қылмыстық заннамасы қөлемін ұлғайту үрдісіне ие болды. 1997 жылы қабылданған және 2014 жылдың соына дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 393 баптан, 2015 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодекс 467 баптан тұрады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заннамасы бойынша сыйбайлас жемқорлық қылмыстар жүйесі

Сыйбайлас жемқорлық билікті және онымен байланысты мүмкіндіктерді мемлекет, бүкіл қоғамның мүддесі үшін емес, жекелеген адамдардың немесе адамдар тобының мүддесі үшін пайда мен артықшылық көру мақсатында пайдалануды көздейді. Сыйбайлас жемқорлықтың ең қауіпті нысандары қылмыс ретінде сараланады.

Қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексінде сыйбайлас жемқорлық қылмысқа 21 қылмыс құрамы жатқызылған, Қылмыстық кодекстің 1997 жылғы редакциясында 17 құрамы болды. 15-тaraуда «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар» 11 қылмыс құрамының 9-ы сыйбайлас жемқорлыққа жатқызылған. Бұл тарауда сыйбайлас жемқорлық қылмысқа ҚР ҚК-нің 363-бабында «Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу» және 371-бабында «Салғырттық» көздел-ген қылмыстар жатқызылмайды.

6-тaraуда «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» сыйбайлас жемқорлыққа екі қылмыс жатқызылған: 1) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе талан-таражға салу (ҚР ҚК 189-бабының 1-бөлігі 2-тармағы); 2) алаяқтық (ҚР ҚК 190-бабының 3-бөлігі 2-тармағы). Екі жағдайда да сыйбайлас жемқорлық

қылмыс құрамы үшін: «мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деген міндетті саралау белгісі бар.

8-тарау «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» алты сыйбайлас жемқорлық қылмыс құрамын қамтиды: 1) жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 215-бабының 2-бөлігі 3-тармағы); 2) іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (ҚР ҚК 216-бабы 2-бөлігі 4-тармағы); 3) қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (ҚР ҚК 217-бабы 3-бөлігі 1-тармағы); 4) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті зандастыру (жылыстату) (ҚР ҚК 218-бабы 3-бөлігі 1-тармағы); 5) экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 209-бабы 3-бөлігі 1-тармағы); 6) рейдерлік (ҚР ҚК 249-бабы 3-бөлігі 2-тармағы). Барлық жағдайларда да сыйбайлас жемқорлық қылмыс құрамы үшін: «мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деген міндетті саралау белгісі бар.

11-тарауда «Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» сыйбайлас жемқорлыққа бір қылмыс жатқызылған: «мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның зансыз ойын бизнесін ұйымдастыруы, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен, жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен ұштасса» (ҚР ҚК 307-бабы 3-бөлігі 3-тармағы).

16-тарауда «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар» сыйбайлас жемқорлыққа үш қылмыс жатқызылған: 1) билікті теріс пайдалану; 2) билікті асыра пайдалану; 3) биліктің әрекетсіздігі (ҚР ҚК 450, 451-баптары, 452-баптың 2-бөлігі 2-тармағы).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабы 3-тармағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстардың толық тізбесін айқындайды.

Парақорлықтың жалпы сипаттамасы

Сыйбайлас жемқорлық – бұл жеке мақсаттарда пайда көру үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану. Сыйбайлас жемқорлықтың

мұндай анықтамасы БҮҮ Бас ассамблеясы 1979 жылы 17 желтоқсанда қабылдаған құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалардың міnez-құлық Кодексінде қамтылған.

Парақорлық сыйбайлас жемқорлықтың қауіпті және көп тараған көріністерінің бірі болып табылады. ҚР ҚК 366-бабының 1-бөлігіне сәйкес, пара алудың объективтік жағы мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілдегі берілген адамның не оған тенестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттік немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілдегілеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы болып табылады.

Қаразтырылатын қылмыстың объектиі қалыпты, заңмен регламенттелген мемлекеттік билік қызметі және онымен байланысты мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделері болып табылады. Қосымша объект – азаматтар мен ұйымдардың занды мүдделері.

Пара алу түрлері: ашық (шамамен 75 % қолдан қолға немесе делдал арқылы) және жасырылған (25%-ға жуығы занды іс-әрекеттер сияқты, карызын қайтару, құмар ойындар және т. б.).

Қорқытып алу тәсілдері: 1) пара берушінің занды мүдделеріне зиян келтіре алатын іс-әрекеттерді жасау қаупін төндіріп, пара талап ету; 2) оның құқықпен коргалатын мүдделері үшін зиянды салдарын болдырмау мақсатында ол пара беруге мәжбүр болатын жағдайда соңғының әдейі жеткізуі (рұқсат құжаттарын, виза және т.б. беруді әдейі созу, қалыс қалу).

Пара беруші өзінің занды мүдделерін қорғап, пара беруге мәжбүр болған жағдайда, яғни пара беруге мәжбүрлеу белгісі болған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

Айыппұл мөлшері бас бостандығынан айыруға балама ретінде

Параның айтарлықтай мөлшері ҚР ҚК 366-бабының 2-бөлігіне сәйкес, елуден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша

сомасын құрайды, бұл параның алпыс еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуды не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. (ҚР ҚК 1997 жылғы редакциясында айтарлықтай мөлшер қарастырылмаған).

Аталған баптың 3-бөлігінде параның ірі мөлшері үш мындан он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасын құрайды, бұл параның жетпіс еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуды не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді.

ҚР ҚК 366-бабының 4-бөлігіне сәйкес, аса ірі пара он мың айлық есептік көрсеткіштен жоғары ақша сомасын құрайды, бұл параның сексен еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуды не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді.

Айыппұл мөлшері тек сыйбайлас жемқорлық қылмыстар бойыншаға емес, жалпы бүкіл Кодекс бойынша ұлғайды, соған қарай жаза түрлері де өзгерді.

ҚР ҚК 366-бабының 1-бөлігінде орташа ауырлықтағы қылмысқа жататын пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Дәл осы іс-әрекет бойынша ҚР ҚК 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болған 1997 жылғы редакциясында, жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Қолданыстағы кодексте бас бостандығын шектеу жазалау шарасы ретінде көрсетілмеген, мүлкіті тәркілеу және белгілі бір лауазымдарға орналасуға өмір бойы тыйым салу міндепті сипатқа ие.

Сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды және оларға ұқсас қылмыстарды шектеу

Белгілі бір қылмыстың басқа да қылмыстармен ортақ белгілері әрқашан болады. Сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды дұрыс ажырату, оларды өзге де ұқсас қылмыстардан ажыратада білу, іс-

әрекетті саралау, тиісінше, жазалау шаrasы мен оның мөлшерін таңдау үшін маңызды болып табылады.

Пара алу (ҚР ҚК 366-бабы) және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы), көбіне сәйкес келеді: 1) сол бір объектіге байланысты; 2) тек тікелей ниетпен жасалады; 3) оларда бірыңғай субъект – мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілетті тұлға, оған теңестірілген, немесе лауазымды адам. Бірақ, сонымен қатар осы құрамдарының елеулі айырмашылықтары да бар: 1) теріс пайдалану құрамы материалдық (салдары қажет), ал пара алу құрамы формальды (алған сәттен бастап, пара берушінің пайдасына қатысты оның іс-әрекетіне немесе салдарына қарамастан); 2) лауазымды теріс пайдалану тек өз құзыреті шегінде (өз құқықтары мен міндеттері шенберінде), парада заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік) немесе ықпал ету болуы мүмкін.

Пара алу (ҚР ҚК 366-бабы) парага коммерциялық сатып алушдан (ҚР ҚК 253-бабы) ерекшеленеді. Субъекті – ҚР ҚК-нің 253-бабында коммерциялық немесе өзге де ұйымның басқару функцияларын орындайтын адам, ал ҚР ҚК 366-бабында – мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілетті, оған теңестірілген немесе лауазымды адам.

Объекті – ҚР ҚК-нің 253-бабында мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органды болып табылмайтын коммерциялық немесе өзге де ұйымның қызметі. Олардың пәндері сәйкес келеді – бұлар ақша, материалдық құндылықтар. Объективті жағынан айырмашылығы бар, атап айтқанда коммерциялық сатып алу кезінде сатып алу процесі іс-әрекетті жасағанға дейін жүргізіледі, ал пара алу кезінде жасағанға дейін (парага сатып алу) және одан кейін (сыйақы) болуы мүмкін.

Коммерциялық сатып алуша делдалдық жок.

Сондай-ақ, пара алушды (ҚР ҚК-нің 366-бабы) заңсыз сыйақы алушдан (247-бабы) ажырату қажет. Заңсыз сыйақы алу кезіндегі субъект – бұл мемлекеттік функцияларды атқаруға үәкілетті, оған теңестірілген немесе лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік ұйымның қызметшісі.

Пара алушды (ҚР ҚК 366-бабы) және алаяқтықтан (ҚР ҚК 190-бабы) ажырату ерекшеліктері, пара алу кезінде құрамының объекті – мемлекеттік қызмет және басқару мүдделерінен, ал алаяқтық кезінде – меншіктен тұрады, және алаяқтықтың объективті жағы алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен

мүлікке ие болу болып табылады. Алаяқтық бойынша құрамның субъектісі – 16 жастан бастап кез келген тұлға, ал пара алу кезінде – мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілетті, оған теңестірілген, немесе лауазымды тұлға.

Пара алу немесе беру кезінде делдал мен сыйбайластың айырмашылығы мынада, делдал екі тараппен, ал сыйбайласы тек қана біреуімен жұмыс істейді.

Маңыздылығы аз болғаны үшін жауапкершіліктен босату шарттары

Маңызы аз болуына байланысты пара деп саналмауы үшін бір мезгілде мынадай шарттар болуы тиіс: 1) сыйлықтың, қызметтің құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс; 2) сыйлықты, қызметті және және т.б. бірінші рет алуы; 3) сыйлық, қызмет, және және т.б. ретіндегі пайданы тараптар арасындағы алдын ала уағдаластық болмаған кездे алу; 4) мұдделі тұлғаның пайдасына бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сыйлық, қызмет және және т.б. алу. Осылардың ең болмағанда біреуі жок болса, тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылуға тиіс.

Параның қауіптілігі оның сомасында емес (шағын немесе ұлкен), оны алу фактісінде. ГФР, Швейцария, Испания және басқа да көптеген Еуропа елдерінде оның маңыздылығының аздығы бойынша белінбейді, онда пара-параға сатып алу (алдын ала келісілген) және алдын ала уағдаласпай заңды әрекеті (әрекетсіздігі) үшін пара-алғыс (сыйлық) болып бөлінеді. Тиісінше, пара – алғыс үшін жаза пара – парага сатып алуға қарағанда төмен болады.

Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шаралары бойынша шетелдік тәжірибе, бағыт-бағдары және перспективалары

Қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы кез келген өзгерістер мен толықтырулар әлеуметтік-экономикалық, криминологиялық факторларға, қолданыстағы заңнаманы қолдану тәжірибесіне байланысты болады. Мысалы, Корея Республикасының ҚК 129-бабында пара алғаны және пара алуға уәде еткені үшін, ал 130-бапта – пара бергені және пара беруге уәде еткені үшін жауапкершілік қарастырылған. Француз Республикасы ҚК-нің 433-1 және 433-2-баптарында пара алуға уәде еткені және пара бергені үшін жауапкершілік көзделген, ал қылмыс мәні ретінде мемлекеттік наградаларды, лауазымдарды, мердігерлікті алу немесе табыстау

қарастырылған. Швецияның ҚҚ 20-тарауының 2-бабында қызметшінің пара қабылдауға уәде еткені үшін жауапкершілік көзделген. АҚШ-та жария қызметшілерге арналған сыйбайлас жемқорлық субъектілері және коммерциялық парапорталық субъектілері деп бөлу қарастырылған, соғысына адвокаттар, дәрігерлер, бухгалтерлер, коммерциялық бірлестіктер директорлары жатады. Америкалық заңнамага сәйкес, партиялық лауазымды тұлғалар сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілермен қатар жауап береді, ойткени қоғамдық қызығушылықтың бұл саласы мемлекеттік мүдделермен тығыз байланысты.

Қазақстанның сыйбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік туралы халықаралық конвенцияларды ратификациялауы қылмыстық заңнамага елеулі толықтырулар енгізуіді және жеке өзі немесе делдал арқылы парага уәде еткені және ұсынғаны үшін жауапкершілікті белгілеуді, сыйбайлас жемқорлық үшін аса ұзақ есікіру мерзімін белгілеуді, сыйбайлас жемқорлық презумпциясы институтын енгізуіді талап етеді, бұл ретте, кінәсіздігін дәлелдеу ауыртпалығы құдіктінің өзіне жүктеледі, жеке сектордағы және басқа да сыйбайлас жемқорлықты реттейтін нормалар көрінісін білдіреді.

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарды көтермелеу

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 3-тarmaғына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 1131 қаулысымен, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленеді, оның мөлшерлері: 1) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); 2) онша ауыр емес сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК; 3) ауырлығы орташа сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50

АЕК; 4) ауыр сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК; 5) аса ауыр сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау түріндегі көтермелеулер белгіленуі мүмкін. Көтермелеуді қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

1) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін кейіннен маңызы болған өзге де жәрдем беруді қамтиды.

Көтермелеу адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса және айыпты адамға қатысты: 1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген; 2) айыптау үкімі заңды күшіне енген; 3) актальмайтын негіздер бойынша істі қысқарту туралы қаулы шығарылған жағдайдаған жүзеге асырылады.

Адамды көтермелеу туралы материалдар көтермелеуге құқығы пайда болған күннен бастап 10 жұмыс күн ішінде қалыптастырылады және уәкілетті органдарға жіберіледі, көтермелеу туралы бұйрық шыққан күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде төлем жүргізіледі.

Уәкілетті орган адам ақшалай сыйақыдан бас тартқан жағдайда, грамотамен марапаттау немесе оған алғыс жариялау туралы мәселені қарастыруы мүмкін.

Жалған ақпаратты хабарлаған адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен жауап береді.

Інтимақтастық туралы процестік келісім сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құралы ретінде

Қазақстанның қылмыстық процеске 2015 жылғы 1 қантардан бастап жаңа норма енгізілді – ол тергеу органымен белсенді ынтымақтастықта болған жағдайда жасалған іс-әрекет үшін жазаны төмендету туралы келісімге қол жеткізуге бағытталған ынтымақтастық туралы келісім немесе кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісім деп аталады.

Інтимақтастық туралы келісім кезінде тұлға кінәсін мойындауға құқылы, бірақ ынтымақтастыққа келісімді, яғни

қылмыстың аса ауыр және сараланған түрлерін ашу және тергеуге ықпал етуді, сондай-ақ жазаны жеңілдетуге «алмастыруды» білдіреді.

Інтымақтастық туралы процестік келісім қылмыстық топ жасаған қылмыстардың барлық санаттары бойынша, өзге де тұлғалар жасаған аса ауыр қылмыстар, оның ішінде ҚР ҚПК 618–621-баптарының, 612-бабының «Процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп- тексеру» талаптарын сақтай отырып, сыйбайлас жемқорлық, экстремистік және террористік қылмыстар бойынша жасалады.

Келісімнің мәні жоғарыда аталған қылмыстарды ашуда қылмыстық қудалау органдарына адамның жәрдемдесуі болып табылады.

Інтымақтастың туралы процестік келісімге қол қойған прокурор жасалған келісімнің мәні болып табылатын қылмысты ашуды ұйымдастыруға және кінәлі тұлғаларды әшкерелеуге қатысты шаралар қабылдайды, ҚР ҚПК 153-бабында «Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту» белгіленген тәртіппен жәрдемдескен тұлғаны бұлтартпау шарасының күшін жою не өзгерту мәселесін қарайды.

Егер осындай келісімнің нәтижесінде қылмыстық топ құрамында аса ауыр қылмыстар, қылмыстар, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстар жасаған кінәлі адамдар әшкереңсесе, және кінәлі адамдарға қатысты айыптау үкім шығарылса, онда прокурор ынтымақтастық туралы процестік келісімнің шарттарын орындау бойынша шаралар қабылдайды. Інтымақтастық туралы келісім жасасқан және оның шарттарын орындаған, сottалған тұлғаға қатысты прокурор сотқа жүгінеді

Кінәні мойындау туралы келісім адам кінәсін мойындалап, жиналған дәлелдемелерді жәбірленушінің келісімімен жазаны жеңілдетуге «алмастыруды» дауламаса қолданылады. Онда адамның процестік келісім жасасқаннан кейін жасауға міндеттенетін іс-эрекеттері көрсетіледі (зиянның орнын толтыру және т. б.).

ҚР ҚПК 615-бабының 1-бөлігіне сәйкес, кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуіндегі кез келген сатысында жасалады. Процестік келісім прокурордың бастамасы бойынша да жасалуы мүмкін. Егер бастама құдіктіден болса, ол процестік келісім жасасу

туралы өтінішхатпен жүгінеді, егер бұл мәселені прокурор көтеретін болса, онда құдікті өзінің келісетінін немесе келіспейтінін білдіруге құқылы.

Соттың үкіміне дейін мүлікті тәркілеу

Заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау ҚР ҚПК 71-тaraуында белгіленген тәртіппен, сотқа дейінгі сатыда, сот үкімі шығарылғанға дейін, болжамды кінәлі тұлғага халықаралық іздестіру жарияланған жағдайларда немесе оған қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған жағдайда жүргізіледі, ол үшін 35-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасы – рақымшылық, 4) тармақшасы – ескіру мерзімі, 11) тармақшасы – қайтыс болған адамға қатысты зансыз жолмен табылған мүлікті белгілеу кезінде – негізге алынады.

Мүлікті тәркілеудің мұндай нысаны кезінде ҚР ҚПК 113-бабының 1 және 3-бөлігінде көзделген мән-жайлардан басқа, дәлелдеуге мыналар жатады: 1) мүліктің құдіктіге, айыпталушыға немесе үшінші тұлғага тиесілігі; 2) мүліктің тәркілеуді қолдану үшін негіз болып табылатын қылмыспен байланысты болуы; 3) мүлікті үшінші тұлғаның иемдену мән- жайлары немесе мүлік құқық бұзушылықтар нәтижесінде сатып алынды деуге негіз болатын мән-жайлар.

Тәркілеу туралы қорытындыны сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасайды және прокурорға жібереді, ол оны 10 тәулік ішінде қарайды. Одан әрі прокурор тәркілеу туралы өтінішхатпен сотқа жүгінеді, мұндай негіздер болмаған кезде қорытынды мен материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші адамға қайтарады және қосымша дәлелдемелер жинау немесе тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтату қажеттігін көрсетеді. Кез келген жағдайда тәркілеуді қолдану туралы мәселені үкім шығарылғанға дейін ҚР ҚПК 669–671 баптарына сәйкес сот шешеді.

10-тақырып. Ішкі істер органдарымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл

10.1 ПО қызметкерлерінің кәсіби тәртібінің құрауышы ретінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп

Казіргі уақытта мемлекеттік билік органдар қызметінің түрлі салаларында және басқару жүйесінде, сыйбайлас жемқорлық мәселесі жаһанды болып табылады. Сыйбайлас жемқорлық мәселесі тікелей ұлттық қауіпсіздік пен еліміздің демократиялық институттардың дамуына кедергі туғызып, азаматтық қоғам мұдделері мен денсаулық, әлеуметтік қамсыздандыру және азаматтардың конституциялық құқықтары мен мұдделеріне кедергі келтіреді. Сонымен қатар, сыйбайлас жемқорлық мәселесі экономика, қаржы жүйесімен бірге, тұастай алғанда мемлекеттің бүкіл инфрақұрлымының дамуына әсер етеді.

Ішкі істер қызметінде сыйбайлас жемқорлық мәселесі ұйымдасқан қылмыс, экстремизм мен терроризмнің орталықтарын дамыту үшін құнарлы негіз жасау ықпалын туғызып отыр, біздің елімізде қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан мемлекеттік-құқықтық реформаларды іс жүзіне асыруға бөгет келтіріп тұр. Жоғарыда атап айтЫЛГАН, және басқа да көптеген мәселелермен қатар, бұғынгі танда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұра алатын құқық қорғау органдарымен қатар мықты әкімшілік қызметпен бірге, құқықтық тетігін қалыптастыратын жүйе құрылған.

Соңғы онжылдықта ПО-да, сонымен қатар полицияда кең тарапан немікұрайлылық пен паразорлық, қорқытып алу және басқа да қылмыстар орын тапқан. Полиция қызметкерлер тарарапынан қолдау алған қылмыстық топтар мен коммерциялық тұлғалар қылмыстық ниеттерді іске асыру нәтижесінде, заңсыз ынтымақтастық үшін полиция қызметкерлері жауапқа тартылмағандықтан, қызметке сатқындық жасады.

Атап өтсек, соңғы жылдары тәжірибеде қандай да ұйымдасқан қылмысық топтар туралы ақпарат минималдық болып келеді. Сонымен қатар, сыйбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысық топтар өзара тығыз байланысты болып табылады. Криминогенді құбылыстар жүзінде ұйымдасқан қылмысық топтар мен сыйбайлас жемқорлық, органикалық өзара байланыс туғызады.

Сондай-ақ, әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстар мен шекаралас барлық полиция қызметімен тығыз байланыс орнатуда. Мысалы, тылдық полиция бөлімшелері сапасыз тауарлар шығыстарының негізсіз тоқтатуына байланысты, бюджеттік қаражат шығынына, жеткізу түгендеу және коммерциялық келісім-шарт бойынша құрылыш жұмыстарына жеткізілетін тауарлар сапасыздығына әкеп соқтырады. Полиция қызметінде, қоғамдық қауіпсіздігіне, заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетумен байланысты қызметін теріс пайдалану, сондай-ақ қорқытып алғып және олардың қызметін бақылау, сондай-ақ лицензия-рұқсат беру, тіркеу, сертификаттау мен құжаттандыру салаларында сыйбайлас жемқорлық орын табуда.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша шетелдік тәжірибелі талдау полицияда бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

Полиция қызметкерлеріне негізгі профилактикалық назар әлеуметтік тәлемдерін қамтамасыз етуге аударылады, қызмет атқарып жүрген кезден бастап (жоғары жалақы), сондай-ақ қызметін аяқтағаннан кейін (жоғары зейнетақы және басқа да әлеуметтік тәлемдер);

Полиция қызметінің беделін тұрақты қолдайды және өсіреді;

Полиция қызметіне кандидаттарды іріктеу жоғары дәрежеде жүргізіледі. Сонымен қатар, мұндай іріктеу қызмет атқару барысында тұрақты жүргізледі, қызметте жоғарлау кезінде (қызметтік іріктеуден өтпегендер – жұмыстан шығарылады);

Полицияда қызмет өткериу қатаң реттеледі және ұсақ тәртіп бұзушылықтар үшін тәртіптік жаза қолданып жұмыстан шыгаруға дейін қолданылады;

Полиция қызметі тұрақты мемлекеттік бақылау астында болады, ал полицияның өзі бұл назардан алшак жүргүре тырыспайды, керісінше оны нығайтуға ұмтылады.

Шет елдерде полиция қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы прафилактиканы жүргізу қызметке келмestен бұрын алдын ала сол адамға қатысты жүргізіледі. Бұл жағдайда негізгі шектеу - жоғары жалақысы бар жұмыстан айырылып қалу деген қорқыныш және қоғамның көзінше үятқа қалып қоюдан корку.

Қазақстанда сыйбайлас жемқорлықпен құресуғе бағытталған шетелдік ережелердің бірқатарын полиция қызметінде колдану керек, мысалы:

Полиция қызметінің беделін тұрақты көтеру;

Қызмет сапасын тұрақты жоғарлату (жаңа технологияларды енгізу, жаңа үлгідегі ғылыми туындыларды қолдану);

Тұрақты жоғары көлемдегі жалақы төлемі;

Әлеуметтік көмек көрсету тек қана полиция қызметкеріне ғана емес, сонымен қатар оның отбасы мүшелеріне;

Белгілі бір іс әрекеті арқылы дәстүрлі шенберден шыққан кезде көзге түскен полиция қызметкерлеріне әлеуметтік шаралардың әсер етуі;

- 6) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауга;
- 7) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауга, сынаганы үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

8) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

9) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

10) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;

11) қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауга, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

12) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдауға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы ретінде толығымен халықтың сұранысына бағдар ұстануға;

13) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

14) іскерлік әдепті және реєми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мұдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насиҳаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар, ұжымда өз діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге;

2) қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс.

Қызметтік қатынастардағы мінез-құлық стандарттары

Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде:

1) ұжымда іскерлік және тілекtestіk өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге;

2) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзге шаралар қабылдауға;

3) ұжымда әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға;

4) әріптестерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті.

Басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде:

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болуға;

2) меритократия қағидаттарын сактауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеге және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен обьективтілік танытуға;

4) еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын

қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға;

5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбауға;

6) құқыққа қарсы қылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына жат қылықтарды жасауға мәжбүрлемеуге;

7) оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс.

Төмен тұрған лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер:

1) басшылардың тапсырмаларын орындау кезінде тек объективті және шынайы мәліметтерді ұсынуға;

2) өздеріне мәлім болған қызметтік әдеп нормаларының бұзы жағдайлары және мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы басшылыққа және әдеп жөніндегі уәкілге дереу хабарлауға;

3) басшының занды тапсырмаларын орындауга кедергі келтіретін әрекеттерді (әрекетсіздікті) болдырмауға;

4) басшылыққа қатысты жеке берілгендей, олардың қызметтік мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеуге тиіс.

Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты сыпайы нысанда жүргізуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметі мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

3) мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке жат сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

Мемлекеттік саясатты жүргізумен, мемлекеттік органның және мемлекеттік қызметшілердің қызметімен байланысты емес мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органның атынан жарияланымдарына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдар жариялауды мемлекеттік қызметші жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асыра алады.

Мемлекеттік қызметшіге сыйбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негіzsіз айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шарапалар қолдануға тиіс.

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарын, Әдеп кодексін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

Әдеп жөніндегі уәкілдің дербес лауазымы аумақтық бөлімшелері немесе ведомстволарының аумақтық бөлімшелері, шет елдегі мекемелері бар орталық мемлекеттік органдарда (құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда), сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана әкімдерінің аппараттарында енгізіледі.

Аумақтық бөлімшелері немесе ведомстволарының аумақтық бөлімшелері жоқ мемлекеттік органдарда (құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда), орталық мемлекеттік органдардың ведомстволарында және аумақтық бөлімшелерінде, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде, шет елдегі мекемелерде, тексеру

комиссияларында, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар, қалалардағы аудандар әкімдерінің аппараттарында әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары осы мемлекеттік органдардың қызметшілеріне жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары басшылық қызметті атқаратын, сондай-ақ ұжымда қадірлі және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкілдің дербес лауазымын атқаратын адам осы мемлекеттік органдардың құрылымына кіретін ведомстволардың және аумақтық бөлімшелердің, шет елдегі мекемелердің, аудан деңгейіндегі жергілікті атқарушы органдардың әдеп жөніндегі уәкілдеріне әдіснамалық басшылық жасауды үйлестіреді және жүзеге асырады әрі орталық атқарушы органның жауапты хатшысына бағынады, ал жауапты хатшы немесе көрсетілген лауазымды адамдар болмаған жағдайда – мемлекеттік органның аппарат басшысына не қызметке тағайындауға және қызметтен босатуга құқығы бар адамға бағынады.

Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

2) мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді;

3) өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

4) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

5) мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

6) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу деректері бойынша тиісті шараларды қабылдамау жағдайлары туралы мемлекеттік органның басшылығына хабарлайды;

8) мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзған жағдайларда, құқық бұзушылықтарды жасауга ықпал ететін себептер мен шарттарды талдайды және мемлекеттік органның басшылығына оларды жою туралы ұсынымдар енгізеді;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзу профилактикасы және оған жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілермен түсіндіру жұмыстарын түрақты негізде жүргізеді;

11) заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдарға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарau туралы ұсыныммен жүгінеді;

12) қызметтік әдеп нормаларын бұзудың профилактикасы мақсатында өзге де қызметті ұйымдастырады.

Әдеп жөніндегі үекіл өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдауға қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратады және алады;

2) өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның атынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының, сондай-ақ Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі үекілдегі органға заңнамада белгіленген тәртіппен жүгінеді;

3) мемлекеттік органның басшысына мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан адамдарды көтермелеу туралы ұсыным енгізеді;

4) қажет болған жағдайда өзінің құзыретіне қатысты мәселелерді қарau кезінде кадр қызметінен мемлекеттік қызмет өткеру мәселелеріне қатысты мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін, өзге де материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға құқылы.

Негіzsіз бас тартылғанда, мемлекеттік органның басшысы тиісті шаралар қолданбаганда не ол әдеп жөніндегі уәкілге жүктелген функцияларды орындауга кедергі келтіретін әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағанда, әдеп жөніндегі уәкіл бұл туралы уәкілетті органға не оның аумақтық бөлімшесіне хабарлайды.

Уәкілетті орган не оның аумақтық бөлімшесі мұндай хабарлама келіп түсken кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заннамасында белгіленген тиісті шараларды қолданады.

Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін ұйымдастыру

Мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығы негізді күмән тудыратын, лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауға әкеп согатын мән-жайлар (мұдделер қақтығысы) болған кезде әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негізде жүзеге асырады.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінің нәтижесі бойынша уәкілетті органға есеп береді. Есеп беру нысанын және мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.

Әдеп жөніндегі уәкіл өзінің функцияларына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды олардың өтініші бойынша немесе баршага көрінетіндей жерде орналастырылған кестеге сәйкес айна кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда, азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әнгімелесу телефон арқылы не тиісті ақпарат беруді қамтамасыз ететін басқа да коммуникациялар құралдарын пайдаланумен жүргізілуі мүмкін.

Әдеп жөніндегі уәкіл туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты-жөні, фотосуреті, кабинет және телефон нөмірлері заннамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның интернет-ресурсында және мемлекеттік органның ғимаратында баршага көрінетіндей жерде орналастырылады.

Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл кемінде жарты жылда бір рет уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша анонимді сауалнама жүргізіледі.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы

12.1 Ағымдағы ахуалды талдау

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды.

Тұжырымдама бірнеше бөлімдерден тұрады.

Қазақстанның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибелі ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады.

Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсіл Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске аснуру арқылы қамтамасыз етілді.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды тенгерімі бар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыйбайлас жемқорлықпен құреске белсенді түрде тартылууда.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды.

Агенттік мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін үштастырады.

Жобалық басқару шеңберінде әрбір мемлекеттік орган үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлгілік базалық

бағытты енгізу сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші әлеуетін күшетті.

Мемлекеттік қызметтегі алдын алу шаралары

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметті туралы» жаңа Занмен мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық ауысулар үшін жасалатын жағдайлар азайтылып, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбекейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін сынап көру жүргізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі қолданылуда, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды. Әдеп жөніндегі кенестер жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары мен судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иеленуге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделген.

Атаптап мемлекеттік лауазымды атқаратын, жұбайларымен және жекжаттарымен бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу туралы нормалар күшеттілді. Мемлекеттік лауазымға кандидаттар мемлекеттік ұйымда жұмыс істейтін туыстары туралы хабардар етуге міндетті.

Қаржылық бақылау шаралары жетілдірілді. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шенберінде өздерінің барлық активтерін тіркең, «кіріс» декларацияларын ұсынды. 2022 жылдан бастап кірістер мен шығыстарды салыстыру жүзеге асрылатын болады.

Әкімдердің қызметін бағалау «сыйбайлас жемқорлық деңгейі» нысаналы индикаторымен толықтырылды және сыйбайлас жемқорлық индексін өнірлік өлшеу әдістемесі бекітілді.

Соттар мен құқық корғау органдарында сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын барынша азайту

Судьяларды іріктеу және бағалау жүйесі жақсартылды. Облыстық және оларға теңестірілген соттарда судьяның әдебі жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді, Жоғарғы Соттың жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және соттарда сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі құрылды.

«Татуластыруыш судья» лауазымы енгізілді, бұл соттарға жүктемені шұш есе азайтыды: істердің жартысына жуығы татуласумен аяқталуда, тараптар сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтып, дауды өздері шешуде.

Сот процестері онлайн-режимге ауыстырылды. Істерді автоматтады бөлу алгоритмінде айла-шарғы жасау мүмкіндігі жойылды.

Зан үстемдігі қағидатын сөзсіз қолдану мақсатында, халықаралық бизнестің азаматтық және коммерциялық дауларын жедел шешу үшін ерекше құқықтық режим шенберінде жұмыс істейтін «Астана» халықаралық қаржы орталығының Тәуелсіз соты құрылды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сактау кепілдіктерін қүшейтуге, жазалаудың бұлтартпастығына және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қылмыстық процестің шұбынды моделі енгізілуде.

Пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жеделтерге бөлімшелерінде жаппай бейне-байқау енгізілуде.

Құнделікті практикада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, әкімшілік іс жүргізуіндің, тексеру субъектілері мен объектілерін есепке алудың электрондық жүйелері, сондай-ақ «Qamqor» ақпараттық сервисі қолданылады.

Құқық бұзушылардың лауазымды адамдармен тікелей байланысын болдырмайтын «Сергек» жол жүрісін бейне-бақылау практикасын кеңейту құқық қорғау органдарының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін цифрандыруды пайдаланудың жарқын мысалы болып табылады.

Құқық қорғау жүйесіне мемлекеттік қызметте қолданылатын рекрутинг стандарттарын енгізу іріктеудің айқындылығын және тиісінше, кадрлардың сапасы мен «тазалығын» қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілігін күшейтумен қатар, олардың жалақысын арттыру бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ жекелеген санаттарға тұрғын үйді жалға алу және сатып алу шығындарын етеу көзделген.

Қоғамдық бақылауды кеңейту, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұтас қатары әрекет ететін қоғамдық бақылау күштілді.

Ұлттық алдын алу тетігі, қоғамдық байқаушы комиссиялар белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі күрылды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шенберінде азаматтық қоғамды шешімдер қабылдау процестеріне тарту үшін тиімді институционалдық-құқықтық негіз қалыптастырылды.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға өзгерістер енгізу арқылы қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі кеңейтілді.

Қоғамдық бақылауды енгізу процесінде саяси партиялар маңызды рөл атқарады. «Аманат» партиясы 2025 жылға дейінгі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын қабылдады, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар бастамалар «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарлама шенберінде іске асырылуда.

Жұртшылық өкілдерінен құрылған арнаулы мониторингтік топ Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын бағалауды қамтамасыз етті.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңда қоғам алдында есеп беретін және транспарентті мемлекетті қалыптастыру үшін негіздер қаланды.

«Ашық үкімет» электрондық платформасында ашық деректердің бес порталы құрылды: «Ашық бюджеттер», «Ашық НҚА», «Ашық деректер», «Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау», «Ашық диалог».

Бұл ресурстар азаматтардың бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуына, статистикалық ақпарат алуына және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің

басшыларына проблемалық мәселелермен жүргініне мүмкіндік береді.

«Е-Өтініш» арнаулы сервисін енгізу арқылы азаматтардың жолданымдарымен жұмысты қайта іске қосу жүзеге асырылды, ол шағымдарды ынғайлыш және жылдам беруге, олардың қаралуын онлайн-режимде қадағалауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік ресімдік-процестік кодекстің қабылдануына орай жария-құқықтық дауларды қарау кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері енгізілді, сондай-ақ билік органдарының шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысу көпілдіктері күштейтілді.

Жұртшылық қатарынан 150 тәуелсіз сарапшыны тарта отырып, 11,2 мың нормативтік құқықтық актінің жобасына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді, бұл 30 мыңнан астам сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Өнірлік мәні бар маңызды мәселелерді шешуге азаматтардың қатысуына негізделген жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді моделі дамытылуда.

Астананың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындарына аумақтарды абағтандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жобаларға бастамашылық етуге мүмкіндік беретін «халық қатысатын бюджет» енгізілді.

Бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру арқылы ауыл халқының бюджет қаражатының не үшін жұмсалатынын дербес анықтау мүмкіндігі бар.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау енгізілді.

«Адалдық аланы» жобасының ауқымы ел бойынша кеңейтілді, ол сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл арналарын құруға мүмкіндік берді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыйбайлас жемқорлыққа «мұлдем төзбеушілікті» ілгерілету

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мұдделі топтар: оқушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылған.

Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» элективті пәнімен толықтырылды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары стандарттары бар қазақстандық бірқатар жоғары оқу орындары Академиялық адалдық лигасына бірікті.

Сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдемдесетін азаматтарды көтермеледің сарапанған жүйесі енгізілді. Енді сыйақылар бұрынғыдан белгіленген мөлшерде емес, параның немесе келтірілген залалдың мөлшеріне қарай төленеді. Ең жоғары төлем төрт мың айлық есептік көрсеткішті құрауы мүмкін.

Қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша кешенді шаралар қабылданды. «Транспаренси Қазақстан» қоғамдық қорының «2020 жылы Қазақстандағы сыйбайлас жемқорлық жай-куйінің мониторингі» атты зерттеуінің деректері бойынша қазақстандықтардың 60%-ы сыйбайлас жемқорлықпен күресте көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

Сыйбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету

Сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойына тыйым салу қолданылады.

Күкүй қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, пара берушілер мен парапорлықтағы делдалдарға сыйбайлас жемқорлық қылмыстар үшін санкциялар қатаандатылды.

Ауыр және аса ауыр сыйбайлас жемқорлық қылмыстар үшін сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі алып тасталды. Парапорлық үшін жазаны бірден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтеуге тыйым салынды.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қарамағындағы қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілігі институты енгізілді. Ол енгізілген сәттен бастап 8 саяси қызметшінің отставкасы қабылданып, 13 саяси қызметші, басшылық деңгейдегі 98 мемлекеттік әкімшілік қызметші, күштік блоктың 109 басшысы және квазимемлекеттік сектордың 21 топ-менеджері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы, 2018-2020 жылдары сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін 3 мыңдан астам адам сottалды, олардың ішінде 1 министр, 3 вице-министр, 8 облыс әкімі және олардың орынбасарлары, 31 қала, аудан әкімі және олардың орынбасарлары, ұлттық компаниялардың 8 басшысы бар.

Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа және кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі халықаралық конвенцияларға, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстамбұл іс-қимыл жоспарына (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭҮДҰ) желісі шенберінде) қосылды және Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына (ГРЕКО) кірді.

Халықаралық ұйымдармен және шетелдік сыйбайлас жемқорлыққа қарсы органдармен сыйндарлы өзара іс-қимыл жолға қойылды.

2019 жылы ЭҮДҰ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің пленарлық отырысында мониторингтік топ Ыстамбұл жоспарының 4-раунды ұсынымдарының орындалуы туралы Қазақстанның аралық есебіне оң баға берді (29 ұсынымның 20-сы бойынша ілгерілеушілік байқалды).

Қабылданған шаралар қоғамдағы сыйбайлас жемқорлық көріністерін одан әрі жоюдың берік іргетасын қалады, бұл 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Transparency International Сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде алғаш рет 38 балл (екі жылда +7 балл) жинап, 180 елдің арасында 94-орынға (екі жылда +30 позиция) ауысуына мүмкіндік берді.

2.2. Орта мерзімді перспективада шешуді талап ететін түйінді проблемалар

«Тұрмыстық» сыйбайлас жемқорлық

Азаматтар мен кәсіпкерлердің құнделікті өмірде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауына байланысты «турмыстық» сыйбайлас жемқорлық іс жүзінде көптеген салаларда сақталып отыр.

«Транспаренси Қазақстан» қоғамдық қоры жүргізген «2020 жылғы сыйбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі» әлеуметтанушылық зерттеуінің нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық тұрғысынан сезімтал органдар мен мекемелердің тізбесі жылдан-жылға іс жүзінде өзгермейді: мемлекеттік емханалар мен

ауруханалар, полиция, жер қатынастары басқармалары, ХҚКО-лар, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оку орындары.

Соңғы үш жылда сыйбайлас жемқорлық қылмыскерлік құрылымының едәүір бөлігін – 50%-дан астамын парақорлық фактілері алыш отыр.

Негізгі себептер қатарында: сақталып отырган әкімшілік кедергілер, екіудай мағыналы және дискрециялық нормалар, мемлекеттік органдардың жеткіліксіз ашықтығы, баламалы (қағаз) негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесінің жоғары болуы бар.

Нақты жағдайларға, өнірлік, салалық және өзге де ерекшеліктерге сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік топтарға олардың құқықтарын, міндеттері мен рәсімдерін қолжетімді және түсінікті етіп түсіндіру стандарттары болмай отыр.

Мұның өзі мемлекеттік басқарудың бизнес-процестерін автоматтандырудың кемшіліктер мен олқылықтарға да байланысты.

Цифрлық шешімдердің бір бөлігінің сапасыз және жартылай іске асырылуына байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауда. Көбінесе лауазымды адамдар «жалған» цифрландыруды пайдалана отырып, сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауды жалғастыруда, ал азаматтар мен кәсіпкерлер «цифрландырылған» мемлекеттік функциялардағы техникалық іркілістер, артық процестер және ақпараттық жүйелердің жұмысындағы басқа да кемшіліктер себебінен, өз мәселелерін шешудің зансыз жолдарын іздеуге мәжбүр болуда.

Сонымен қатар, дереккорлардың әлсіз интеграциясы мемлекеттің проактивті сервистік моделін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Дегенмен Қазақстанда қоғамдық бақылау институты құқықтық тұрғыдан жеткілікті түрде регламенттелмеген.

Деректердің жабықтығы азаматтардың шешім қабылдауға тікелей қатысу мүмкіндігін шектейді, ал қолжетімді ақпараттың мәні түсінуге қыын және формальды сипатта болады.

Мұндай тәсіл пікірлердің плюрализмін тежейді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда бұкаралық ақпарат құралдарының әлеуеті толық көлемде пайдаланылмайды.

Сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаудың бюрократияландырылған тәсілдері азаматтардың сыйбайлас

жемқорларды анықтау мен әшкерелеудегі белсенділігін төмендетеді.

Қолданыстағы заңнамада сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын адамдарды қорғаудың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шаралар жүйесі көзделмеген.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тиімділігі мониторингінің жетілмелеген жүйесі

Барлық субъектілер, салалар мен аумақтар бөлінісінде сыйбайлас жемқорлық деңгейін бағалаудың бірыңғай ұлттық жария жүйесі жоқ.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мониторингі әлеуметтанушылық өлшемдердің тұрақты және ашық әдіснамасына негізделмейді.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары үшін сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлігінде өлшенетін нысаналы көрсеткіштердің түпкілікті, негізделген, түсінікті және тұрақты тізбесі жоқ.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ағымдағы ахуалды талдау жалпы алғанда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қоғамның әділдікті, баршаның заң алдындағы теңдігін және жауапкершіліктің бұлтартпастырын қамтамасыз етуге деген сұранысының сақталып отырғанын көрсетеді.

12.2 Халықаралық тәжірибелі шолу

Шетелдік озық практикалардың халықаралық тәжірибесі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін көптеген факторлар мен элементтерді кешенді түрде ұштастыруды көздейтін жүйелі тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл ретте институционалдық тетіктер мен құқықтық құралдарды дамыту, қоғамдық хабардарлықты және азаматтық қоғамның тартылуын арттыру мәселелеріне ерекше көніл болу қажет.

Кең қоғамдық қолдау болмаса, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі күш-жігер сәтсіздікке ұшырайды. Бұл түрғыда тиісті мәдениетті қалыптастыру елеулі рөл атқарады. Сондықтан Доха декларациясында қылмыскерлік пен сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуда, заңды құрметтеу мәдениетін құруда білім берудің рөлі баса айтылған.

Негұрлым дамыған елдердің практикасы ақпаратқа кеңінен қол жеткізудің, шешімдер қабылдау процестерінің айқындығы мен қоғамдық қатысу тетіктерін құрудың сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтуға елеулі дәрежеде ықпал ететінін көрсетеді.

Мысалы, мемлекеттік шығыстар туралы ақпараттың қолжетімді болуы мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Бразилия, АҚШ, Украина, Оңтүстік Корея порталдарында бюджеттер туралы барынша кең ақпарат қамтылған.

Тағы бір мысал – Грузияның электрондық сатып алу жүйесі, онда стандартты функционалмен қатар конкурстық бетте онлайн сұрақтар кою және жария түрде жауаптар ұсыну, тендерлік процестердің кез келген кезеңінде талап қоюды беру, сондай-ақ Сатып алу және конкурстар жөніндегі мемлекеттік агенттіктің мониторингі шенберінде цифрлық форматта тендер бойынша тәуекелдерді анықтау мүмкіндігі көзделген.

Ашық ақпараттың болуы журналистік тергеп-тексерулерді жүргізуге де жағдай жасайды. Мұндай практика Ұлыбританияда, Францияда, Швецияда және еуропаның басқа да елдерінде кең таралған.

Дүниежүзілік банкті тарту құралы қызығушылық тудырады. Электрондық «Интегрити Эпп» (Integrity App) қосымшасы азаматтардың алаяқтық пен сыйбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар туралы хабарлауына мүмкіндік береді. Оның пайдаланушылары, мысалы, құрылышы аяқталмаған мектептің фотосуреттерін, пара сұраудың аудио жазбасын не кез келген басқа файлды немесе құжатты жібере алады.

Цифрландыру әкімшілік кедергілерді азайтудың, дискрецияны қыскартудың және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Эстонияның мемлекеттік дереккорында экономикалық статистика мен сот архивтерінен бастап азаматтардың медициналық карталары мен шағымдарына дейін барлығы бар. Осы орайда, кез келген әрекет жүйенің тарихында өз ізін қалдырады, бұл қысқа мерзімде бұзушыны табуға мүмкіндік беріп, деректердің қоргалуын қамтамасыз етеді және сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтады. Оның үстіне шенеуніктер мен азаматтардың өзара іс-қимылды мұлдем жоқ немесе барынша төмен деңгейде.

Оңтүстік Кореяда ЮНИ-ПАСС (UNI-PASS) кедендік ресімдеудің электрондық жүйесі енгізілген, ол кеден қызметкерлері мен көрсетілетін қызметті алушылардың арасында жеке байланыстарды қысқарту есебінен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмendetті.

Австралияда, Мажарстанда, Молдовада, Румынияда және АҚШ-та сыйбайлас жемқорлық фактілерін болғызыбау және анықтау үшін парасаттылыққа тексеру табысты түрде пайдаланылуда. Ол тестіленетін адам білмейтін сыйбайлас жемқорлық мінез-құлықты анықтау мақсатында модельденген жағдайды білдіреді.

Жеке мұдделерді декларациялау, дең қою және жауапкершілік шараларын қамтитын мұдделер қактығысын реттеу маңызды алдын алу тетігі болып табылады.

Сонымен қатар, «айналмалы есік» практикасына қарсы іс-қимыл сыйбайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл термин жұмыскерлердің мемлекеттік сектордан жекеше секторға ауысуы деп түсініледі.

Мәселен, Норвегияда мемлекеттік қызметшілердің – жекеше кәсіпкерлік құрылымдарға және бизнесмендердің билік құрылымдарына ауысуы үшін жарты жылға дейінгі мерзімге «корантин» қағидалары қолданылады. Осындай шаралар Германияда, Испанияда, Латвияда, АҚШ-та, Франция мен басқа елдерде қолданылады.

Шектеу шараларын кеңейтумен қатар мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері де белгіленеді. Әлемде әртүрлі тәсілдер: арнаулы зейнетақы жүйелері, тегін медициналық сақтандыру, көлік шығыстары, балаларға арналған жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және басқалар қолданылады.

Мысалы, Франция мен Жапонияда тұрғын үй және көлік өтемақылары көзделген. Ұлыбританияда мемлекеттік қызметшілердің зейнетақы аударымдары жекеше сектордағыға қараганда 15%-га жоғары.

Сонымен бір мезгілде шет елдерде мемлекеттік қызметшілердің қосымша табыс көздеріне қойылатын шектеулер аз.

Мәселен, Грекияда мемлекеттік қызметшілер өзге ақылы жұмысты рұқсатпен және ол қызметтік міндеттерін сапалы орындауға кедергі келтірмеген жағдайда орындаі алады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың тімділігі қажетті деректерге қол жеткізуге тікелей байланысты. Мысалы, Гонконгта,

Сербияда, Сингапурда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарға өз функцияларын орындау мақсатында электрондық дереккорларға кеңінен қолжетімділік және банктер мен өзге де қаржы мекемелерінен лауазымды адамдардың келісімінсіз, олардың шоттары мен қаржы қаражаты туралы ақпарат сұрату құқығы берілген.

Ақшаны жылыстатуга қарсы қүрестің қаржылық шараларын езірлеу тобы (ФАТФ) құзыретті органдарды занды тұлғалардың бенефициарлық меншігі туралы жеткілікті, дәл және уақтылы ақпаратты алу немесе оған дер кезінде қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етудің маңызды екенін атап өтеді.

Осыны ескере отырып, 2016 жылдан бастап Ұлыбританияда компанияға «елеулі бақылауы бар» тұлғалардың тізілімі (Register of people with Significant Control) енгізілді. Оған компания капиталының 25%-дан астамын иеленетін немесе оған бақылау жасау не оны басқаруға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар енгізілген.

Бизнестің парасатты мінез-құлқын көтермелегеу сыйбайлас жемқорлыққа қарсы өзекті тренд болып табылады. Шығыс Еуропа елдерінде өнімдерді, көрсетілетін қызметтер мен маркетингтік материалдарды ашық бизнес-таңбалалаудың «Мөлдір толқын» («Clear Wave») бастамасы іске асрылды. Бұл белгі іскерлік әдептің, айқындықтың, жауапкершілік пен орнықтылықтың символы болып табылады.

Бизнестің мінез-құлқы стандарттары белгіленетін парасаттылық туралы пактілер жасасу практикасы да қолданылады. Көп жағдайда олар ірі жобаларға арналған нақты ашық мемлекеттік конкурсқа немесе тендерге байланысты болады.

Халықаралық денгейде өндіруші салалардың айқындығы (EITI) және құрылым секторының айқындығы (CoST) бастамалары парасаттылық туралы белгілі пактілер болып табылады.

Жалпы алғанда, озық практикаларды талдау сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың мынадай үрдістері мен перспективаларын айқындауға мүмкіндік береді:

- 1) қоғамда парасаттылық мәдениетін нығайтуға бағытталған агарту іс-шараларын жүйелеу;
- 2) бизнестің парасаттылығын ынталандыру;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асрыруға азamatтық қоғамды тарту;

- 4) мемлекеттік аппараттың қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділікті көнектіру және шешімдер қабылдаудың айқындығын қамтамасыз ету;
- 5) цифрландыру сыйбайлас жемқорлықты барынша азайту құралы ретінде;
- 6) мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік кепілдіктерді көнектіру;
- 7) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу;
- 8) азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық аспектілерде құқықтық мәжбүрлеу шараларының тиімділігін арттыру.

12.3 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қогамдық сананы түбебейлі өзгертуге, халықтың сыйбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздейді.

Кол жеткізілген нәтижелерді, халықаралық стандарттарды және алдағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарды ескеретін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы біртұтас саясатты дамыту жалғастырылатын болады.

Тиісті шаралар мен нысаналы көрсеткіштер елдің стратегиялық құжаттарында – «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында және басқаларда көзделген.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы стратегиялық мақсат 2026 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International Сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде 47 баллға, 2030 жылға қарай 55 баллға кол жеткізу болып табылады.

Аталған көрсеткіш сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың ғана емес, саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың да бағасын қамтитынын ескере отырып, оған қол жеткізу жөніндегі жұмысқа сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілері тартылатын болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әзірленген шаралар сыйбайлас жемқорлықтың, әсіресе, «тұрмыстық» сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын кешенді түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға кеңінен тартуға бағытталатын болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбиелеу және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру арқылы сыйбайлас жемқорлықты мүлдем қабылдамауға қол жеткізілетін болады.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, оның ішінде олардың нақты үлесін бағалаудың жария жүйесін енгізу арқылы барынша мүдделі және белсенді болады.

Жалпы алғанда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыйбайлас жемқорлықты экономикалық және бедел жағынан тиімсіз ететін жағдайлар жасауға бағытталған.

12.4 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

- 1) баршаның заң алдындағы тенденцияларын және әділдік;
- 2) жариялыштық, айқындық және қоғамға есеп беру;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;
- 4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуудың басымдығы;
- 5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 6) тиімділік пен нәтижелілік;
- 7) сыйбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;
- 8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;

9) сыйбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;

10) сапалы цифрлық трансформация қагидаттарына негізделеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;

3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

1-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру

Құндылықтарды өзгерту және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру

Адалдық, зандылық пен pragmatism әркімнің ішкі құндылық нанымына айналуға тиіс.

Қоғам сыйбайлас жемқорлықты проблемаларды оңай шешудің кепілі ретінде қабылдамауға, достық қарым-қатынас пен протекционизмді жұмыспен ұштастырмауға тиіс. Жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауға тиіс.

Адамның сыйбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауды немесе жасамауды таңдауы жазаның ауырлығымен және қылмыс жасаудан күтілетін пайдамен салыстырылмауға тиіс.

Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған коммуникациялық шаралар кешенін қабылдау қоғамдық санының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы эволюциясында негізгі рөл атқарады.

Құқықтық актілерді түсінікті тілде, қысқаша түрде түсіндіре отырып, сондай-ақ цифрлық шешімдерді, оның ішінде белгілі бір өмірлік жағдайлар мен зандық фактілер бойынша автоматтандырылған хабарларды қолдана отырып, азаматтарға олардың құқықтары туралы нақты хабарлауды дамыту қажет.

Ауқымды түсіндіру жұмысы азаматтарды мәселелерді шешудің заңсыз тәсілдерін іздеу қажеттілігінен қоргауға мүмкіндік береді.

Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастары мен

өмірлік қағидаттары бар жас ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды рөл атқарады.

Тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дарыту табыстың іргелі факторы болып табылады.

Осы орайда, отбасы институты арқылы, оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетін пайдалана отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлышты дамыту қажет.

Білім берудің рөлін арттыру жөніндегі халықаралық практикалар мен бастамаларды имплементтеу, сондай-ақ жастардың сыйбайлас жемқорлықтың алдын алудағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту олардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін нығайтуға ықпал ететін болады.

Парасаттылық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптары білім беру жүйесіне қосылатын болады. Баланы мектепке дейінгіден бастап, әртүрлі жас кезеңдерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен сүйемелдеп отыру қажет.

Бұл жұмыста әлемнің дамыған елдерінде кең таралған академиялық адалдық пәрменді құралға айналуға тиіс.

Сол арқылы сыйбайлас жемқорлыққа әлеуметтік иммунитеті мықты азаматтардың жаңа ұрпағы қалыптасатын болады.

Мемлекеттік аппараттың парасаттылығын арттыру

ЭҮДҰ стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары айқындық, әдептілік және сатылмаушылық болып табылады.

Азаматтардың билік органдарына деген сенімін арттыру үшін мемлекеттік қызметтің оң имиджін, оның ішінде адал, лайықты мемлекеттік қызметшілердің өнегелерін кеңінен жазып-көрсету арқылы нығайту мәселелері баса назар аударуды талап етеді.

Мемлекеттік қызметшілерді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті оқытуды оның үздіксіздігін, дәйектілігі мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, дамыту қажет.

Мемлекеттік аппараттың «тазалығын» қамтамасыз ету үшін лауазымдық міндеттері сыйбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдерімен ұштасатын қызметшілермен жұмыс жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Сатылмаушылықтың тағы бір маңызды элементі – мұddeлелер қақтығысын реттеу. Бұл үшін мұddeлелер қақтығысын анықтау мен реттеуді жауапкершіліктің пәрменді шараларын, сондай-ақ

жұмысқа орналасу алдында және мемлекеттік қызметтен босатылғаннан кейін «аптығын басу» қағидатын қолдана отырып, егжей-тегжейлі түрде регламенттеу қажет.

Бұл ретте қызметшілердің өздерін ынталандыру қажет. Бұл тұрғыда әркімнің үлесін дербестендіру қағидаты бойынша еңбекке бәсекелі ақы төлеу мен әлеуметтік пакетті қамтамасыз етудің маңызы зор.

Мемлекеттік аппаратта сыйбайлас жемқорлық материалдық жағынан тиімсіз болатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мықты мәдениет қалыптасуға тиіс.

2-міндет. Сыйбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау

Жалпы алғанда, мемлекеттік құжаттар мен жобаларды іске асыру кезінде жобалық менеджментті енгізу мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралына айналады.

Жобаларды қаржыландыру нысаналы көрсеткіштер мен мемлекеттік инвестициялаудың өлшенетін нәтижелері болған кездеғана жүзеге асырылатын болады, бұл индикаторлардың тұтас елдің немесе нақты өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін болжай отырып, оларды есептеу әдістемесін қалыптастыруды талап етеді.

Багалау халықтың өмір сұру сапасын арттыру және сыйбайлас жемқорлық факторларының болуы призмасы арқылы жүргізіледі. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар салаларды жан басына шаққанда қаржыландыруды көздейтін және шығындарды жабуға бюджет қаражатының бөлінуін болдырмайтын «ақша адамның соңынан ереді» қағидаты негізгі қағидат болуы тиіс.

Сонымен қатар шынайы мақсаттар мен индикаторларды алға қою үшін, сондай-ақ тиімділік көрсеткіштеріне кол жеткізуі мониторингтеу үшін анық статистикалық ақпараттың болуы қажет. Осыған байланысты көрсеткіштерді есептеудің қолданыстағы әдістемелері қайта қаралатын болады.

Мұндай шаралар мемлекеттік сектордың болжау қызметінің, «сценарийлік» жоспарлауды ұйымдастырудың және бюджет қаражатын нысаналы пайдаланудың деңгейін арттырады.

Бюджет саясатының ашықтығына қол жеткізу үшін мемлекеттік сатып алу, бюджетті жоспарлау және мемлекеттік қаржыны басқару процестерін бірыңғай платформаға біріктіру талап етіледі.

Бюджет қаражатының қанша бөлігі түпкілікті алушыларға жететіні туралы мәліметтердің ашықтығы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтартықтай азайтады.

Сапалы цифрландыру сыйбайлас жемқорлықты төмендету факторы ретінде

Цифрландыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, азаматтың шенеуініпен тікелей байланысын және тиісінше, «тұрмыстық» сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын болдырмай, барлық рәсімдердің бюрократиядан арылтуға және ашықтығына кепілдік береді.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын цифрлық трансформация талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді әзірлеу мен пайдалану кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал ететін болады.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесін жедел төлемдер инфрақұрылымын кеңейту арқылы, оның ішінде азаматтың цифрлық «әлеуметтік әмиянын» пайдалана отырып ұлғайту манызды шара болып табылады, бұл ақша ағындарын оңайлатады және олардың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын анықтау және жою құралдарын жетілдіру

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жариялышығы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйбайлас жемқорлық алғышарттарын өз бетінше жою белсенділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау және ұсынымдарды іске асыру мониторингі процесіне қоғамдық кеңестерді тарту арқылы сапа мен объективтілік қамтамасыз етілетін болады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы және ішкі талдаулардың ұсынымдары құқықтық мониторинг жүргізу көздерінің тізбесіне енгізілетін болады, оның нәтижелері қоғамдық кеңес отырыстарында қараша нысанасына айналады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама институтын, оның ішінде сарапшылық әлеуетті жетілдіру арқылы одан әрі дамыту қажет.

Фылыми тәсіл және жасанды интеллект элементтерін енгізу ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ете отырып, осы жұмыстың сапасы мен қамту аясын арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда алдын алудың анағұрлым әсеріне кол жеткізу үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың фылыми құрамдас бөлігін дамыту бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

3-міндет. Жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру

Жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидаты жазалау практикасында ғана емес, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, келтірілген залалды өтеуде және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруде де болуға тиіс.

Бұл жерде құқық үстемдігін қамтамасыз ету және сот төрелігінің мінсіз жүйесі шешуші болуға тиіс, мұнда атқаратын лауазымдары мен байланыстарына қарамастан, барлық құқық бұзушылар сыйбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылатын болады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шенберінде сот билігі мен судьялардың тәуелсіздігі күштейтіледі, олардың қызметінің ашықтығы мен олар қабылдайтын шешімдердің әділдігі қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізу дің үш буынды моделін енгізу де елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде пәрменді шара болады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте заңсыз жұмыс әдістері мен арандатушылық әрекеттерге жол берілмейді. Кінәсіздік презумпциясы конституциялық қағидатын қатаң басшылыққа алу қажет.

Ікітимал сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінен қоғамға келтірілетін залалды болғызбай, жосықсыз қызметшілерді уақтылы анықтауға және жұмыстан босатуға мүмкіндік беретін парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізу дің тетіктерін әзірлеу қажет.

Бұл ретте тексерушілер тарапынан теріс пайдаланудан қорғау кепілдіктері көзделетін болады.

Игіліктерді заңсыз алу сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін басты себеп болып табылады. Сондықтан сыйбайлас

жемқорлықты «тиімсіз» ететін, яғни заңсыз жиналған қаражатты пайдалану мүмкіндігін жоютын тетіктерді енгізу талап етіледі.

Шығыстар кірістерден айтарлықтай асып кеткен кезде негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу осындай құралдардың бірі болады.

Аталған институттың пәрменділігін қамтамасыз ету үшін кірістер мен шығыстарды жалпыга бірдей декларациялау шенберінде декларацияларды, оның ішінде электрондық жүйелер арқылы тәуекелге бағдарланған тиімді тексеру қолданылатын болады.

Жария лауазымдардың тізілімін енгізу қаржылық мониторинг шенберінде осы тізімге кіретін адамдардың ғана емес, олардың жақын туыстарының да ірі сатып алуы мен операцияларын қадағалауға мүмкіндік береді.

БҮҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының негіз қалаушы қағидатын іске асыру – қылмыстық құқық бұзушылықтарды, әсіресе қылмыстық кіріс алу және оны зандастыру тәуекелдерімен ұштасқан қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде қылмыстық активтерді іздестіру мен қайтаруды қамтамасыз ету келесі қадам болады.

Осы мақсатта «ақшаны қадағалау» («follow the money») қағидаты бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тиісті мамандануын және олардың уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтасуын қамтамасыз ете отырып, міндетті қаржылық тергеп-тексеруді көздеу қажет.

Сыбайлас жемқорлықта жосықсыз шенеуніктермен қатар бизнес-орта да мүдделі тараپ болып табылады. Сараптамалық бағалауларға сәйкес, занды тұлғалардың парадан алатын пайдасы параның өзінен он есе көп.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін занды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту сыбайлас жемқорлықты төмөндөту үшін міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Үлкен айыппұл санкцияларын және басқа да шектеу шараларын қолдану компаниялар үшін лауазымды адамдарды парага сатып алуды экономикалық тұрғыдан тиімсіз етеді.

Сонымен бір мезгілде кәсіпкерлік субъектілерін лауазымды адамдардың құқыққа сыйымсыз әрекеттерінен, оның ішінде рейдерлікten қорғау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

«Тұрмыстық» сыйбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жүйелі шаралар тұрғысынан мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар жұмыскерлерінің заңсыз материалдық сыйақыны қорқытып алу фактілерінің жолын кесу тәсілдері қайта қаралатын болады.

Негұрлым тиімді алдын алу тетігі мақсатында пара ұсынуды/параны уәде етуді криминалдандыру қажет, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда елеулі прогрессе кол жеткізу және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның жаңа халықаралық құқықтық құралдарға – Еуропа Кеңесінің Сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы конвенциясына және ЭҮДҰ-ның Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды адамдарды парага сатып алумен күрес жөніндегі конвенциясына қосылу керек.

4-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту

Қоғамдық бақылау институтын дамыту

Азаматтық қоғамның пікірі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың «лакмус қағазы» болуға тиіс.

Қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктері қоғамдық кеңестердің қызметімен шектелмейді.

Осы бағытта «Қоғамдық бақылау туралы» Заңның қабылдануы маңызды болып табылады, ол мемлекеттік бақылауға балама ретінде осы институтты айқындал береді.

Мемлекеттік органдардың шешімдері туралы ақпараттың жариялышы азаматтық қоғаммен сындарлы диалогқа жәрдемдесетін болады және халықтың шенеуніктермен артық байланыс жасау қажеттілігін жоюға мүмкіндік береді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға журналистер мен өзге бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін кеңінен тарту қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал ететін болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде журналисттердің өкілеттіктері мен құқықтарының әлеуетін барынша толық пайдалануға ықпал ету қажет.

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау тетіктерін жақсарту

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға қатысуын ынталандыру үшін олар туралы хабарлаудың қолданыстағы тетіктері дамытылатын болады.

Қоғамдық санада дұрыс көзқарас қалыптастырған маңызды. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениеті сөз жеткізушілікпен астаспауга тиіс.

Азаматтарға сыбайлас жемқорлық фактілері туралы цифрлық коммуникацияның оңайлатылған тәсілдері арқылы хабарлау мүмкіндігі берілуге тиіс.

ӘҮДҰ-ның және ГРЕКО-ның ұсынымдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаган адамдарды қоргаудың кешенді жүйесін заңнамалық деңгейде енгізу талап етіледі.

Ақпарат берушілерді жұмыс орнында қудалау мен қысым жасаудан қорғай отырып, олардың еңбек ету құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды бекіту қажет.

Арыз иесі туралы және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көрсеткен жәрдем туралы ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық енгізе отырып, оның құпиялылығына кепілдік берілуге тиіс.

5-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда үздік нәтижелерге қол жеткізу және қабылданатын шаралардың тиімділігін объективті бағалау мониторингтің тұтас жүйесі арқылы қамтамасыз етіletін болады.

Мұндай күрал азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының жұмысын рейтингтік бағалау көзі болып, оларды азаматтардың өмір сүру сапасын нақты жақсартуға ынталандырады.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін әлеуметтанушылық өлшеулерді дамыту мәселесі жүргіштіктың мұндай зерттеулердің нәтижелеріне, оларды жүргізу тәсілдері мен әдістеріне кеңінен қолын жеткізе отырып, жеке қарауды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлықты түсінудің ұлттық индексін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл сыбайлас жемқорлықпен курес шараларының қаншалықты тиімді екенін түсінуге, өзгерістерді бағалауға және іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

6-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға баса мән беріліп жатқан кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мемлекеттік органдар мен үйымдардың дереккорларына және ақпараттық жүйелеріне, қол жеткізудің нақты негіздерін, алынған ақпаратты теріс пайдалану мен жария ету және оларды қызметтеп тыс мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктерін болдырмайтын бақылау тетіктерін белгілей отырып, қол жеткізу мәселесін одан әрі пысықтай отырып, үлкен деректерді талдау негізінде интеграцияланған талдау құралдарын қолдану өзекті болып отыр.

Мұндай тетік жасырын заңдылықтар мен тәуекелдерінің арақатынасын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың үрдістері мен басқа да инсайдтарды анықтауға ықпал ететін болады.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық алғышарттарының бар екендігі туралы сигналдары кейіннен ден кою шараларын қабылдау үшін үлкен деректерді талдау шенберінде пайдаланылуға тиіс.

«1424» call-орталығы кадрлық және техникалық түрғыдан озық стандарттарға сәйкес келетін болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің жұмысы мәселелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруші рөлі күшейтіледі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтырын қамтамасыз ету үшін Әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтықты қамтамасыз ету үшін әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы сыбайлас жемқорлыққа қызмет

қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз сапалы арттыру процесін талап етеді.

Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде одан арғы байыпты халықаралық ынтымақтастық шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы озық стандарттарды имплементтеу жөніндегі жұмыс, оның ішінде ГРЕКО-ның және ЭҮДҰ-ның ұсынымдарын іске асyру арқылы жалғасатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының ТІЗБЕСІ

1. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы.

2. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 4 тамыздағы № 723 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тартмағы.

3. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы», «Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 341 Жарлығы.

Тақырыптар бойынша тапсырмалар

7-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстырының криминологиялық сипаттамасы

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Сыбайлас жемқорлық ұғымы және оның белгілері
2. «Сыбайлас жемқорлық», «парақорлық», «қызмет бабын теріс пайдалану» ұғымдары, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің күйі, деңгейі және динамикасы.

Реферат тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлық түрлері, себептері, түсінігі.
2. Сыбайлас жемқорлық есуін ынталандыратын себептер, шарттар және факторлар.
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің құрлымы мен сипаты.
4. «Сыбайлас жемқорлық», «парақорлық», «қызмет бабын теріс пайдалану» ұғымдары, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары

8-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстырының пайда болу себептері мен шарттары

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің себептері мен шарттары
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмыскердің тұлғасы.
3. Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін қылмыскер тұлғасының қалыптасу кезеңдерін ашыңыз.

Реферат тақырыптары:

1. Қылмыскерлік – тарихи ауыспалы немесе мәңгілік құбылыс па?
2. Сыбайлас жемқорлық қыдымыскерліктің себептері мен шарттары.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмыскердің тұлғасы.
4. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың өсу мен даму себептері.

5. Сыбайлас жемқорлық салдары.

9-тақырып. Сыбайлас жемқорлық үшін құқықтық жауаптылық

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауаптылық.
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауаптылық.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауаптылық.

Реферат тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауаптылық.
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауаптылық.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауаптылық.

10-тақырып. Ішкі істер органдарымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл

Өзіндік бақылау материалдары:

1. ПБ қызметкерлерінің кәсіби тәртібінің құраушысы ретінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп.
2. ПБ қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібін қалыптастыру бойынша тәрбиелеу жұмысының ерекшеліктері.
3. ПБ қызметшілері мен қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіптің дығдылары мен шеберлігін қалыптастыру әдістері және психологиялық жолдары.

Реферат тақырыптары:

1. Пара арандатушылығын қалай бейтараптандыру қажет?
2. Сыйбайлас жемқорлық және заңнама.
3. Сыйбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздік қауіпі ретінде.

11-тақырып. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды заңнамалық қамтамасыз ету

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі сыйбайлас жемқорлық.
2. Сыйбайлас жемқорлық танытулардың жоғары тәуекелімен қызметтік міндеттер.
3. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі.
4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету облысында іс-әрекеттерді үйлестіру бойынша органдар.

Реферат тақырыптары:

1. Сыйбайлас жемқорлық қылмыскерліктін алдын алуудың арнайы шарапалары.
2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында мемлекеттік саясат қағидалары.
3. Ішкі істер органдары жүйесінде сыйбайлас жемқорлық қылмыскерліктің беймәлімдігі.

12-тақырып. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Өзіндік бақылау материалдары:

1. Ағымдағы ахуалды талдау
2. Халықаралық тәжірибелі шолу
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы
4. Нысаналы индикаторлар және күтілеттің нәтижелер

Реферат тақырыптары:

1. Сыйбайлас жемқорлық қылмыскерліктін алдын алуудың арнайы шарапалары.
2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында мемлекеттік саясат қағидалары.
3. Ішкі істер органдары жүйесінде сыйбайлас жемқорлық қылмыскерліктің беймәлімдігі.

Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлық түсінігі және оның белгілері
2. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің күйі, деңгейі және динамикасы.
3. Сыбайлас жемқорлық қылмысының құрлымы мен сипаты.
4. Сыбайлас жемқорлық өсүін ынталандыратын себептер, шарттар және факторлар.
5. «Сыбайлас жемқорлық», «парақорлық», «қызмет бабын теріс пайдалану» ұғымдары, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары
6. Сыбайлас жемқорлық қылмыскерліктің себептері мен шарттары.
7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмыскердің тұлғасы.
8. Қылмыстырық – тарихи ауыспалы немесе мәнгілік құбылыс па?
9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмыскердің тұлғасы.
10. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың өсу мен даму себептері.
11. Сыбайлас жемқорлық салдары.
12. ПБ қызметкерлерінің кәсіби тәртібінің құраушысы ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп.
13. ПБ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібін қалыптастыру бойынша тәрбиелеу жұмысының ерекшеліктері.
14. ПБ қызметшілері мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіптің дығдылары мен шеберлігін қалыптастыру әдістері және психологиялық жолдары.
15. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық.
16. Сыбайлас жемқорлық танытулардың жоғары тәуекелімен қызметтік міндеттер.
17. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі.
18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету облысында іс-әрекеттерді үйлестіру бойынша органдар.
19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында оңтайлы үрдістер.

20. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын алудың арнайы шаралары.
21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында мемлекеттік саясат қағидалары.
22. Ішкі істер органдары жүйесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының беймәлімдігі.
23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында мемлекет қызметінің тиімділігін жоғарлатуда шетел тәжірибесін зерттеу мен халықаралық-құқықтық актілерінің маңызы және рөлі.
24. Ішкі істер органдары жүйесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының бөлек түрлерін жасау шарттары.
25. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жалпы профилактика әдістері.
26. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалардың ерекшеліктері.
27. Сыбайлас жемқорлықпен күресте халықаралық ұйымдардың тәжірибесі.
28. Сыбайлас жемқорлықпен күресте шетел мемлекеттердің тәжірибесі.
29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл субъектісі.
30. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымы: пайда болуы және теориялық негіздері.
31. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымы дамуының тарихи-құқықтық аспектілері.
32. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің халықаралық стандарттары мен нормалары.
33. Шетелдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру практикасы.
34. Полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуының құқықтық негіздері.
35. Полиция қызметінің этикалық нормалары және сыбайлас жемқорлық мәдениеті.
36. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам: ұғымы және белгілері.
37. Қоғамдық институттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері.
38. Сыбайлас жемқорлық қылмысына әсер ететін жағдайлар.

39. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңсаты мен міндеттері.

40. Сыбайлас жемқорлықпен қатысты құқық бұзушылықтың түрлері.

41. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің халықаралық стандарттары мен нормалары.

42. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықка қолданыстағы заңнама бойынша салыстырмалы талдау.

43. Қазақстан Республикасының заңнамасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық шарттарды енгізу.

44. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің заңнамамен қамтамасыз етілуі.

45. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.

46. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы куресті жүзеге асыратын халықаралық құрылымдар.

47. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг.

48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер.

49. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет.

50. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субектілері және олардың өкілеттіктері.

51. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жою.

52. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелердің, шарттардың, актілердің және әрекеттердің жаралысыздығы.

53. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.

54. Жұршылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысуы.

55. Қоғамдық институттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері.

56. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудагы азamatтық қоғамның рөлі.

57. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесі.

58. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңда қамтылған ұғымдарға түсінік беру: «жауапты мемлекеттік

лауазымды атқаратын адам», «лауазымды адам», «мұдделер қақтығысы».

59. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша полицияның мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық және ұйымдастыруышлық негіздері.

60. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы занда қамтылған ұғымдарға түсінік беру: «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам», «сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган».

Тақырыптар бойынша тест тапсырмалары

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың субъектісі болып табылмайтын адамдар:

- Қазақстанның аумағынан тыс жерде тұратын шет ел азаматтар;
- Құқық корғау органдары мен арнайы қызметтердің лауазымды адамдар;
- Барлық лауазымды адамдар;
- Парламент пен мәслихаттардың депутаттары, судьялар;
- мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдегі өзге де адамдар мен соларға теңестірілгендер.

2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заны қашан қабылданды?

- 2015 жылғы 18 қарашада;
- 2015 жылғы 17 ақпанда;
- 1999 жылғы 20 шілде;
- 1998 жылғы 20 шілде;
- 2003 жылғы 20 наурыз.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық:

- бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - бұл үшін занда азаматтық немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - бұл үшін занда әкімшілік немесе азаматтық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - бұл үшін занда экологиялық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - дұрыс жауабы жоқ.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге қайсы жатады?

- мүліктік және мүліктік емес иғліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

- педагогикалық жұмыспен айналысу;
- шығармашылық жұмыспен айналысу;
- ғылыми еңбектер жазу;
- дұрыс жауабы жоқ.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелерді, шарттарды кіммен жарамсыз деп танылады?

- Сотпен;
- Адвокатпен;
- Прокурор тарапынан;
- Полиция тарапынан;
- Салық органдарымен.

6. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жақын туыстарға кімдер жатады?

- ата-аналар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынғандар;
- апа-қарындас-сінлілері, атасы, әжесі, немере ағасы,
- нағашысы, жұбайының (зайбының) аға-інілері, апа-қарындастары;
- немере ағасы, немере інісі мен сінлілері;
- әйелінің ағасының баласы, ата-аналары.

7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам

- мемлекет қорғауында болады;
- полиция қорғауында болады;
- қаржы департаменті қорғауында болады;
- ҰҚҚ қорғауында болады;
- салық комитеті қорғауында болады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат

- мемлекеттік құпия болып табылады;
- қызметтік құпия болып табылады;

- лауазымдық құпия болып табылады;
- жұмыс бабы бойынша болып табылады;
- қупия емес.

9. Мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың өз атынан емес бөгде адамдар атынан, жасырын, бүркеншік атпен және басқаша да азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды:

- сотпен жарамсыз деп танылады;
- полициямен жарамсыз деп танылады;
- салық комитетімен жарамсыз деп танылады;
- жер комитетімен жарамсыз деп танылады;
- жарамды деп танылады.

10. Сыбайлас жемқорлық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдардың жауаптылығы?

- мемлекет қорғамайды және жауап беруге тиіс;
- мемлекет қорғайды және жауапқа тартылмайды;
- құқық қорғау органдары қорғайды;
- ұлттық қауіпсіздік комитеті қорғайды;
- дұрыс жауабы жоқ.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- Жариялышық пен ашықтық
- Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін қорғау басымдығы
- Зандылық
- Тенсіздік
- Әділетсіздік

12. Пара беру қылмысы үшін ҚР Қылмыстық Кодексінде қарастырылған жаза:

- Мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру
- Параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппул салу
- Үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру

- Қолын шабу
- Өлім жазасына кесу

13. Пара алудың аса ірі мөлшері (ҚР ҚК 366-бабы):

- 10000 айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы;
- 200 айлық есептік көрсеткішке тең;
- 500 айлық есептік көрсеткіштен асатын;
- 300 ең төменгі еңбекақы қолемінен асатын;
- 2000 айлық есептік көрсеткіштен асатын.

14. Пара беру болып танылмайды, егер:

- сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- сыйлықтың құны екі жұз айлық есептік көрсеткіштен асса;
- сыйлықтың құны екі жұз айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен асса;
- азаматтардың заңсыз құқықтары мен мүдделері бұзылса.

15. «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға» (ҚК Ерекше бөлім 15-т.) жатады:

- кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
- қызмет өкілеттігін теріс пайдалану
- заңсыз банктік қызмет
- заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау
- жүктелген міндеттеріне адал қарамау

16. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бұл:

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

- Қылмыстық құқық бұзушылық субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және жоспарлау арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

- Азаматтық құқықтық катынас субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы азаматтық құқықтық

қатынас жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

- Әкімшілік құқықтық қатынас субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және жоспарлау арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін жоспарлау және ұйымдастыру арқылы жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты:

- қоғамда сыйбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
- адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін қорғау басымдығы.
- адам мен азаматтың құқықтарын қамтамасыз ету.
- адамдардың бостандықтары мен занды мұдделерін қорғау.
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

18. Каржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғалардың мынадай декларацияларын ұсынады:

- активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны.
- кірістері мен мүлкі туралы декларацияны.
- балалары жайлы мәліметтер бар декларацияны.
- туыстары жайлы мәліметтер бар декларацияны.
- занда белгіленбеген.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер:

- мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру.

- жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жеккеттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу.

- мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану.

- үйлену тойларына мұлдем бармау.

- занда белгіленбеген.

20. Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу мақсатында осындай бағыныстылықты ерікті түрде қандай мерзімде жою қажет:

- үш ай ішінде.
- екі ай ішінде.
- төрт ай ішінде.
- бір ай ішінде.
- алты ай ішінде.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жатады.

- Мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалар жатады.

- шет ел азаматтары жатады.
- азаматтығы жок адамдар жатады.
- пара беруші тұлғалар жатады.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң қашан қолданысқа енгізілді?

- 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
- 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
- 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
- 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.
- 2016 жылғы 3 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

23. Сыбайлас жемқорлықтың басты себептері:

- Әлеуметтік-экономикалық, саяси, құқықтық сипаттағы.
- Ұйымдық-институционалды, мәдени-этикалық сипаттағы.
- теориялық, қолданбалық сипаттағы.
- демографиялық, оқытушылық сипаттағы.
- әкімшілік сипаттағы.

24. Сыбайлас жемқордың тұлғалық ерекшеліктерінің топтастырылуы:

- әлеуметтік – демографиялық белгілері бойынша.

- қылмыстық – құқықтық белгілер.
- психологиялық белгілер.
- саяси белгілер.
- демократиялық белгілер.

25. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңы қашан қабылданды?

- 2015 жылғы 23 қарашада.
- 2015 жылғы 18 қарашада.
- 2014 жылғы 1 қаңтарда.
- 2016 жылғы 1 наурызда.
- 2016 жылғы 3 шілде.

26. Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығының 27-тартмағына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшінің теріс қызықтарының түрлері:

- елеусіз.
- елеулі.
- өрескел.
- аса үлкен.
- зиянсыз

27. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу түрлері:

- жалпы алдын алу
- арнайы алдын алу
- спецификалық алдын алу
- бастапқы алдын алу
- екінші алдын алу

28. Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органды құру құқығы тиесілі:

- Қазақстан Республикасы Предидентіне.
- Қазақстан Республикасы қауіпсіздік кеңесіне.
- Қазақстан Республикасы үкіметіне.
- Қазақстан Республикасы Парламентіне.
- Қазақстан Республикасы бас прокурорына.

29. Сыбайлас жемқорлық үшін қандай жауаптылық заң бойынша қарастырылмаған:

- азаматтық.
- әкімшілік.
- қылмыстық.
- тәртіптік.
- осының барлығы.

30. Пара алу қылмысының субъектілері:

- Мемлекеттік функцияларды орындаға уәкілдегі берілген адамның не оған теңестірілген адам.

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам, лауазымды адам.

- шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы.

- Мамандықтардың бір-екі тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны.

- Стандарттарды (регламенттерді) әзірлейтін және өздері әзірлеген стандарттар (регламенттер) негізінде білім беру ұйымдарын аккредиттеуден өткіzetін заңды тұлғалар.

31. Парақорлыққа делдал болу қылмысы үшін қандай жазалар қарастырылған?

-Мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру.

- Параның он немесе жиырма еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салу.

- Алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру.

- Азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

- Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік.

32. Құқықтық жауапкершіліктің мақсаты:

- Кінәлі адамның іс-әрекетінің қоғам үшін қауіпті екенін көрсету, қоғамға, жеке адамға істеген қиянат сұраусыз қалмайтынын, кінәлі адамның өз басына да құн туатынын дәлелдеу, заңды бұзушылықтан басқа адамдарды сактандыру болып табылады.

- Кінәлі адамды актау, оның әрекетінің қоғамға пайдалы екендігін көрсетеу, қоғам мен адамға істелген қияннаттың жауапсыз қалатындығын, қылмыскердің бақытты болатындығын дәлелдеу, басқа адамдарды құқық бұзуга шақыру болып табылады.

- Адамдардың құқыктары мен бостандықтарын аяқ асты ету, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау, ел алдында масқаралау.

- Кінәлі адамның мүлкін тартып алу арқылы мемлекет қазынасын толтыру, жұмыс істемейтін адамдарды мәжбүрлеп еңбек еткізу.

- Адамдардың тең емес екендігін көрсетеу, қылмыстылыққа жол беру, әділетсіздік.

33. Құқық бұзушылық объектісі:

- Құқық нормалары қорғайтын бұзылған мүліктік немесе мүліктік емес иғілік

- Құқық бұзушылықтың жасалуына әсер еткен сыртқы жағдайлар

- Құқық бұзушылыққа қатысты құқық бұзушының психикалық қатынасы

- Құқықтың іс-әрекет пен құқыққа қайшы іс-әрекет

- Адамның құқық бұзушылықты жасауға жол берген әлеуметтік-психологиялық механизмін сипаттайтын элементтер

34. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы неше баптан құралған?

- 27 баптан құралған

- 57 баптан құралған

- 29 баптан құралған

- 117 баптан құралған

- 17 баптан құралған

35. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы неше тараудан тұрады?

- 5 тараудан тұрады

- 6 тараудан тұрады

- 7 тараудан тұрады

- 8 тараудан тұрады

- 9 тараудан тұрады

36. Басшылардың қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезіндегі кезіндегі мінез-құлық стандарттары:

- Өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен караудың үлгісі болуы; меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуі; олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелесу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуы керек.

- Еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемесітушіліктің және қол сұғышылықтың кез келген нысандарын болдырмаңтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауы, қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбауы керек.

- Құқыққа қарсы қылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына жат қылықтарды жасауға мәжбүрлемеуге, оларға қатысты негіzsіз айыптауларға, дерекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс.

- Қарамағындағылармен әзілдесуге болмайды.

- Қарамағындағылар қандай да бір көмек сұраса, қолқабыс етпей керек.

37. Төмен тұрған лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары:

- Басшылардың тапсырмаларын орындау кезінде тек объективті және шынайы мәліметтерді ұсынуға, өздеріне мәлім болған қызметтік әдеп нормаларының бұзу жағдайлары және мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы басшылыққа және әдеп жөніндегі уәкілге дереу хабарлауға міндетті.

-Басшының занды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерді (әрекетсіздікті) болдырмауы тиіс.

- Басшылыққа қатысты жеке берілгендікке, олардың қызметтік мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеуге тиіс.

- Басшыларының кемшіліктерін жасыруға міндетті.
- Басшылармен алған парасын бөлісіп тұруы тиіс.

38. Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші:

- Әдеп жөніндегі уәкіл
- Сот
- Прокурор
- Омбудсмен
- Кесіподақ төрағасы

39. Трансактивті сыйбайлас жемқорлыққа тән белгі:

- Негұрылым жиі кездеседі және пара алушы мен пара беруші арасында екі жақты пайда табу мақсатында жасалатын келісімге негізделген.

- Өте жиі жасалады және сыйбайластардың өзара пайда табуы туралы келісіммен болады.

- Мәжбүрлеу арқылы күштеп алушмен сипатталады.
- Күштеп алудан қорғану үшін амалдар іздеуге негізделген.
- Пәле салу немесе күш қолдану арқылы қолданыстағы сыйбайлас жемқорлықты қорғау әрекетіне негізделеген.

40. Құқықтық мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың түрлері қандай?

- Құқыққа сай.
- Құқыққа қайшы.
- Ғұрыптық және әдепсіздік.
- Тенсіздікке құрылған қатынастар.
- Тендікке құрылған қатынастар.

41. Құқықтық сана дегеніміз не?

- Бұл объективті өмір сүретін қоғамның, топтар мен индивидтердің әлеуметтік институтты, оның жүйесі мен құрылымын, құқықтық жүйенің жеке зандары мен сипатын құрайтын тұтас құқыққа қатынасатын көрсететін өзара байланысты идеялар мен сезімдердің жиынтығы.

- Адамды коршаған ортасындағы кең тараған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді білуі және қатаң түрде сақтауына әсер ететін сәйкес білімдерінің жиынтығы.

- Мемлекет алдындағы оны қорғау мен оған қызмет ету сезімдерінің жиынтығы.

- Құқықтық ережелерге қарсы шуғумен сипатталатын адамның мінез-құлқының жағымсыз қырлары.

- Әдеп пен адамгершілік, әділдік нормаларының жеке адам санасында түсінілуі.

42. Құқық бұзушылық деген не?

- Қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы іс-әрекет.

- Қоғамға пайдалы әрекеттер.

- Қоғамға қатысты бейтараптанған іс-қимылдар.

- Заң нормаларын белсенді әрі ішкі терең сенімділікпен сақтауды білдіретін іс-әрекеттер.

- Ешқандай зиян келтірмейтін іс-әрекеттер.

43. Құқықтық жауапкершілік қандай белгілерімен сипатталады?

-Мемлекеттік мәжбүрлеу.

-Құқық бұзушыны жауапқа тарту.

-Құқық бұзушының өзіне жағымсыз жағдайлар қалыптастыру.

- Құқық бұзушыны жоғары қызметтерге қою, наградалар мен марапаттаулар беру.

- Мемлекеттің бейтараптығы, құқық бұзушыны босату, өз еркіне қоя беру.

44 .Құқық бұзушыны кім жауапқа тартады?

- Сот.

- Нотариус.

- Қоғам.

- Қоғамдық бірлестіктер.

- Саяси партиялар.

45. Құқықтық жауапкершіліктің мақсаты:

- Кінәлі адамның әрекеттерінің құқыққа қайшылығын, оның іс-әрекетінің қоғам үшін қауіпті екенін көрсету.

- Қоғамға, жеке адамға істеген қиянат сұраусыз қалмайтынын, кінәлі адамның өз басына да күн туатынын дәлелдеу, заңды бұзушылықтан басқа адамдарды сактандыру болып табылады.

- Кінәлі адамды ақтау, оның әрекетінің қоғамға пайдалы екендігін көрсету, қоғам мен адамға істелген қияннаның жауапсыз қалатындығын, қылмыскердің бақытты болатындығын дәлелдеу.

- Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын аяқ асты ету.

- Кінәлі адамның мүлкін тартып алу арқылы мемлекет қазынасын толтыру, жұмыс істемейтін адамдарды мәжбүрлеп енбек еткізу.

46. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы:

- Объективтік жағы, объект, субъективтік жағы, субъект.

- Заң мен заңға бағынышты актілер.

- Жалпы және арнайы әдістер.

- Қылмыскер, қару, тұнгі уақыт, жәбірленуші.

- Пайдақорлық, зорлық және пайдақорлық-зорлық.

47. Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- Мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау.

-Мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.

- Делдал, соның ішінде туыстары арқылы параны беру.

- Қызметі бойынша, лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі үшін алдын -ала уәде етілген сыйақыны беру және алу.

- Сыйақыны айырбас, сату немесе басқа жалған заңсыз мәмілелер түрінде беру.

48. ҚР-ның электрондық үкімет қалыптасуы нешінші жылдарға арналған тұжырымдама?

- 2005-2007 жылдар.

- 2007-2008 жылдар.

- 2003-2006 жылдар.

- Мәңгілікке.
-2022-2026 жылдар.

49. ҚР-дағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаты:

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыйбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

- Азаматтық корғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде туындастын қоғамдық қатынастарды реттеу.

- Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды қамтамасыз ету

- Фылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу.

- Еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мұдделерін корғау.

50. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам:

- Мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

- Хабар-ошарсыз кеткен деп белгіленген тәртіппен танылған азамат қатысуға тиісті іс бойынша, оның өкілі.

- Қайтыс болған немесе қайтыс болды деп белгіленген тәртіппен жарияланған адамның мұрагері қатысуға тиісті іс бойынша, егер мұраны әлі ешкім қабылдамаса, мұрагердің өкілі.

- Тиісті мамандықтар бойынша докторантуралың кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және диссертация корғаған адамдарға берілетін ғылыми дәреже.

- Издешілдердің диссертациялар қорғауы негізінде берілген ғылыми дәрежелер.

Тақырыпқа қатысты ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.95 ж. соңғы өзгерістері бар.
2. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 06 қаңтардан ҚРЗ №527 «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заны.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» Заны.
4. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірінен ҚРЗ №271-IV «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заны//Казахстанская правда. 2010,12 мамыр.
5. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заны 23.04.2014 ж. өзгерістер мен қосымшалары бар.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы».
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі «Қылмыскерлік пен сыбайлас жемқорлықпен күресті күшету бойынша қосымша шараптар мен Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін келешекті жетілдіру туралы» Жарғысы,
8. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауы Астана.
9. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы «ҚР мемлекеттік құпиялар туралы» Заны (27.07.2007жылдан өзгерістер).
10. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауга, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қаулысы (21.04.2011 ж. өзг.).
11. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарau практикасы туралы» ҚР ЖСНҚ.

12. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 1997 жылғы 18 шілдедегі «Кантрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі зандарды қолдану тәжірибесі туралы» Нормативті қаулысы (21.04.2011ж. өзг.).
13. Н.М. Абдиров Казахстан в зеркале проблем организованной преступности и коррупции // Проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью: Сб. научн. тр. Караганда, 1998.
14. Н.Е. Егорова Уголовно-правовые формы борьбы с коррупцией в новых экономических условиях. - Автореф. дисс... канд. юрид. наук. Саратов, 1996.
15. Е.И. Каиржанов Проблемы кадрового обеспечения борьбы с коррупцией// Научные труды Карагандинской ВШ КНБ РК. Караганда: КВШ КНБ РК, 1998. Вып.2.
16. Г.С.Мауленов Понятие и предупреждение коррупции// Предупреждение преступности. Криминологический журнал. № 1-2001. б.18.
17. М.С. Нарикбаев Некоторые вопросы борьбы с коррупцией и организованной преступностью// Научные труды Карагандинской ВШ КНБ РК. Караганда: КВШ КНБ РК, 1998. Вып.2 Б.3-7
18. М.О. Нукенов Коррупционные преступления: криминологический и уголовно-правовой анализ. - Алматы: Международная академия права и рынка, 1999. Алматы.,1999 Б. 16-17.
19. М.О. Нукенов, С.З. Абдрахманов Коррупционные преступления: понятие и характеристика// Проблемы борьбы с организованной преступностью и коррупцией: Дәрістер курсы/А.М. Кустова, Б.М. Нургалиева басылымымен. Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК, 1999.
20. Б.М. Нургалиев О коррупционных связях в организованной преступности // Научные труды Карагандинской ВШ КНБ РК. Караганда: КВШ КНБ РК, 1998. Вып.2. - Б.64.
21. П.Г. Пономарев Понятие коррупции и уголовно-правовые средства ее сдерживания// Правовые и организационные проблемы борьбы с коррупцией. М.: Академия МВД РФ, 1993. Б. 52 – 56
22. С.З. Абдрахманов Признаки субъекта коррупционных преступлений. Учебное пособие. Караганда. 2004г.
23. С.З. Абдрахманов Коррупционные преступления Монография. Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2006г.

24. И.Ш. Борчашвили Коррупционные преступления. Закон, теория и практика. Алматы: ЖЕТІ ЖАРҒЫ, 2009г.
25. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. // И.Ш. Борчашвили басылымымен. Екі томда. Алматы: «Жеті Жарғы» баспасы, 2015 ж.
26. Проблемы борьбы с преступностью и коррупцией: Сборник научных трудов// Отв.ред. У.М.Стамкулов. - Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2000.
27. А.Б. Сахаров Учение о личности преступника и его значение в профилактической деятельности ОВД. М., 1984.
28. 2008-2010 жылдарға Қазақстан Республикасында қылмыстылықпен күрес және құқық бұзушылықтың алдын алу бағдарламасы.
29. Е.О.Алауханов, З.С. Зарипов Профилактика преступлений. Учебник. – Алматы: Заң әдебиті, 2008.
30. Ю.Д. Блувштейн, М.И. Зырин, В.В. Романов Профилактика преступлений Учебное пособие. - Минск, 1986.
31. А.Э. Жалинский Теоретические проблемы профилактики преступлений. М., 1980.

МАЗМҰНЫ

КІРПЕ	4
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	5
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРИ МЕН ШАРТТАРЫ.....	35
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ.....	49
ШІКІ ИСТЕР ОРГАНДАРЫМЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ИС ҚИМЫЛ.....	73
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ИС ҚИМЫЛДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	89
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ 2022–2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҮЖКҮРІМДАМАСЫ.....	108
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ КУШІ ЖОЙЫЛҒАН КЕЙБІР ЖАРЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.....	132
ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР.....	133
БАҚЫЛАУ СҮРАҚТАРЫ.....	136
ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	140
ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР.	154

**Совет Қапашұлы АЛТАЙБАЕВ
Серікқазы Күмісбекұлы КҮМІСБЕКОВ**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ПО-ДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ӘРЕКЕТ ЕТУ НЕГІЗДЕРІ**

Oқу құралы

Редакторы Қалиев Б.А.

Теруге 31. 01. 2023 ж. берілді. Басуға 25. 05. 2023 қол қойылды.
Шартты баспа табағы 9, 0. Қағазы оффсеттік. Басылымы 200 дана.
Бағасы келісімді.